

"Сауда мақсатында тенізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 ақпан N 175

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Сауда мақсатында тенізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Сауда мақсатында тенізде жүзу туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Заң Қазақстан Республикасының сауда мақсатында тенізде жүзу саласында туындаған қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі түсініктер

Осы заңда мынадай негізгі түсініктер қолданылады:

1) кеменің (жалпы) сыйымдылығы - кеменің тіркелімдік тоннада көрсетілген және порттарда алымның есеп айырысуы және флоттың статистикалық есебіне арналған тұтастай құрылыш ретіндегі үй-жайының көлемі;

2) коносамент - тасымалдаушының жөнелтушіге беретін және жүкті тасымалдауға қабылдауды қуәландыратын құжат;

3) теніз порты - саудамен тенізде жүзу мақсаты үшін пайдаланылатын кемелерге

қызмет көрсетуге арналған арнайы бөлінген аумақта (құрлықта және теңіз акваториясында) орналасқан үй-жайлар кешені;

4) жөнелтуші - теңіз тасымалының, жөнелтілетін жүктің шартын жасасуышы және тасымал құжаттарында көрсетіletіn тұлға;

5) теңіз терминалының операторы - теңіз портындағы теңіз терминалына меншік немесе өзге де заңды негіздерде құқығы бар және тиеу-тұсіру жұмыстары мен өзге де техникалық операцияларды жүзеге асыруши тұлға;

6) қауіпті жүктөр - өздеріне тән қасиетіне қарай тасымалдау, тиеу-тұсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде техникалық құралдардың, қондырығылардың, ғимараттар мен үй-жайлардың жарылуына, өртенуіне немесе закымдануына, сондай-ак адамдардың, жан-жануарлардың апатқа ұшырауына, жарақаттануына немесе ауруына себеп болуы айналадағы табиғи ортаға зиян тигізуі мүмкін жүктөр;

7) алушы - жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша жүкті алуға уәкілетті тұлға;

8) тасымалдаушы - кемеге меншік немесе өзге заңды негіздерде құқығы бар және жолаушыларды, теңдеме жүктөр мен жүктөрді тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді ұсынушы, сондай-ак тасымал құжаттарында осылай деп көрсетілген тұлға;

9) тасымалдау ережесі - жолаушыларды, теңдеме жүктөрді, жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде көліктегі уәкілетті орган бекіткен теңіз көлігінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер;

10) есеп айырысу бірлігі - Халықаралық валюта қоры айқындаған қарызға алушын арнайы құқығының бірлігі;

11) кеме - сауда мақсатында теңізде жүзуде пайдаланатын өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін жүзбелі құрылғы;

12) кемені - иеленуші - оның меншік иесі болып табылатынына немесе оны өзге заңды негізде пайдаланғанына қарамастан, кемені өз атынан пайдаланушы тұлға;

13) сауда мақсатында теңізде жүзу - жүктөрді, жолаушыларды, теңдеме жүктөрді кемемен тасымалдау жөніндегі, сондай-ак өзге де коммерциялық мақсаттарда кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;

14) көліктегі уәкілетті орган - заңдармен белгіленген құзырет шегінде теңіз көлігі саласында Қазақстан Республикасының теңіз көлігі қызметін үйлестіру мен реттеуде мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыруши басқару органды;

15) кірепүлшы - барлық кемені, оның бөлігін немесе жүктөрді, жолаушыларды немесе саудамен теңізде жүзудің өзге мақсаттары үшін бір немесе бірнеше реистерге арналған белгілі бір кеме үй-жайын жалдаушы кеме жалдау шартының тарабы;

16) кірепүл - жүкті тасымалдағаны үшін төлем, сондай-ак бербоут-чартер мен тайм-чартер шарттары бойынша сыйақы;

1. Сауда мақсатында теңізде жұзу туралы Қазақстан Республикасының заңдары Азаматтық кодекстің, осы Заңның, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың, тасымалдау ережелерінің және өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларына н
тұрақты .

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен шарттарда осы Заңда көзделгендеріден өзге ереже белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданыс аясы

1. Осы Заң :

1) теңіз кемелеріне - олардың Қазақстан Республикасының теңіз жолдарымен, өзендерімен, көлдерімен, су қоймаларымен және басқа су жолдарымен жұзуі кезінде;

2) ішкі жүзудегі кемелерге, сондай-ақ "өзен-теңіз" жүзуіндегі кемелерге олардың Қазақстан Республикасының теңіз жолдарымен, өзендерімен, көлдерімен, су қоймаларымен және басқа су жолдарымен теңіз айлағына кіруін қоса есептегендегі, жүктөрді, жолаушыларды және тенденце жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, құтқару операцияларын жүзеге асыру және кемелердің соғысуы кезінде қолданылады.

2. Осы Заңның нормалары Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз күштері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің теңіз бөлімдері жалауымен жүзуші кемелерге, сондай-ақ өздеріне жүктелген функцияларды атқару үшін пайдаланылатын мемлекеттік органдардың кемелеріне қолданылмайды.

4-бап. Қазақстан Республикасы теңіз порттары арасындағы қатынас жолында тасымалдау және жетекке алу

Қазақстан Республикасы теңіз порттары арасындағы қатынас жолында тасымалдауды және жетекке аруды (каботаж) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзуші кемелер жүзеге асырады.

5-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзуді мемлекеттік бақылау

1. Сауда мақсатында теңізде жүзуді мемлекеттік бақылау көліктегі уәкілетті мемлекеттік органға жүктеледі .

2. Көліктегі уәкілетті орган теңізде жузу қауіпсіздігін, қамтамасыз етілуге, кемелердің мемлекеттік тіркелуіне және олардың құқығына, лоцмандық қызмет пен өзге де теңіз қызметтеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Су көлігіндегі жекелеген қызмет түрлері лицензиялау туралы заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

7-бап. Сертификаттау

1. Сауда мақсатында теңізде жұзу саласындағы қызметке қатысты өнімді, жұмыстар мен қызмет көрсетуді міндепті сертификаттау сертификаттау туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шетел мемлекеті берген сертификат, ол соған сәйкес берілген немесе соған орай күш берілген талаптар Қазақстан Республикасы белгілеген стандарттарға жауап берген жағдайда, Қазақстан Республикасында күші жүреді деп танылады.

2-тaraу. Кеме

8-бап. Кемеге меншік құқығының субъектілері

Кемелер:

- 1) мемлекеттің;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен занды тұлғаларының;

3) шетел мемлекеттерінің, шетел азаматтары мен занды тұлғаларының, сондай-ақ, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, азаматтығы жоқ тұлғалардың меншігінде
б о л у ы

м у м к і н .

9-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығы. Кеменің ұлттығы

1. Кеме осы Заңның 15-бабының 1-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының кемелері тізілімдерінің бірінде тіркелген сэттен бастап, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауы қадап жүзу құқығына ие болады.

2. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде меншікке алынған кеме Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығын Қазақстан Республикасының консулдық қызметі мұндай құқықты куәландыратын және кеменің Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркелгенге, бірақ бір жылдан артық емес уақытқа, дейін күші бар уақытша

куәлік берген сәттен бастап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүзу
құқығын пайдаланады.

3. Шетел мемлекетінің кемелер тізілімінде тіркелген, көліктегі уәкілетті органының шешімі негізінде екипажсыз кемені кірепұлдау шарты бойынша (бербоут-чартер) заңда көзделген тәртіппен, қазақстандық кірепұлшыға пайдалануға берілген кемеге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығы уақытша берілуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығын пайдаланушы кеме Қазақстан Республикасының ұлттығына ие.

5. Қазақстан Республикасының ұлттығын иеленген кеме Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүргүре міндettі.

6. Кемеде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын көтергені үшін, осы жалау астында жүзу құқығын пайдаланбайтын кінәлі адамдарға Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жауаптылық жүктеледі.

10-бап. Кеменің шетел мемлекеті жалауының астына уақытша көшуі

Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген кемені бербоут-чартер бойынша шетел кірепұлшысының пайдалануға немесе иелігіне берген кезде мұндай кеме уәкілетті органының шешімі негізінде тиісті тізілімге тіркеле отырып, шетел мемлекетінің жалауы астына уақытша көшірілуі мүмкін.

11-бап. Кеме атауы. Кемені даралау тәртібі.

1. Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелуге жататын кеменің
өз атауы болуға тиіс.

Меншік иесі көліктегі уәкілеттік орган белгілеген тәртіппен кеме атауын қояды және өзгертеді.

2. Кеме атауының өзгергені туралы кеменің кепілдері тіркелген кепілзат ұстаушыларға шұғыл хабарландырылады.

3. Кемені даралау және белгі беру дабылын, сондай-ақ спутниктік байланыстың кеме станциясы сәйкестендірме нөмірін беру тәртібін көліктегі уәкілетті орган айқындауды.

12-бап. Кемелерді техникалық қадағалау

1. Кеме теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандыратыны белгілі болғаннан кейін ғана жүзуге жіберілуі мүмкін.

2. Теңіз кемелеріне техникалық қадағалауды және оларды жіктеуді заңдарда белгіленген тәртіппен көліктегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазақстан

Республикасының өзге мемлекеттік органдарының кеменің жекелеген элементтеріне техникалық қадағалау жүргізуіне тыйым салынады.

3. Кемеге сынып беру біліктілікті айқындайтын куәлікпен куәландырылады.

4. Шетелдік жалау астында жүзуши кеме Қазақстан Республикасының портына кірген кезде, жүзу қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көліктегі уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауын қадап жүзуши кемелермен бірдей негізде куәландыруы мүмкін.

13-бап. Кеме құжаттары

1. Кеменің тізбесі мен жүргізу тәртібі көліктегі уәкілетті орган бекітken ережелерге сәйкес айқындалатын кеме құжаттары болуға тиіс.

2. Шекарадан тысқары жүзуге шығатын кемелердің, Қазақстан Республикасының суларында жүзу үшін тиісті ережелермен айқындалған құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген құжаттары да болуға тиіс.

3-тaraу. Кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу

14-бап. Қазақстан Республикасының кеме тізілімдері

1. Кеме Қазақстан Республикасының кеме тізілімдерінің (бұдан әрі - кеме тізілімдері) бірінде:

- 1) мемлекеттік кеме тізілімінде;
- 2) кеме кітабында;
- 3) бербоут-чартерлік тізілімде мемлекеттік тіркелуге жатады.

Кемелерді, соның ішінде жасалып жатқан кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітken кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кемеге меншік құқығын және өзге заттық құқықтарды, сондай-ақ оның құқықтарын (кепілдерді, жалдауды, сенімгерлік басқаруды және басқаларды) шектеу (ауыртпалықтау) тәртібі тиісті тізілімде міндettі мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. Мемлекеттік кеме тізілімінде жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай тасуши, жетекке алушы кемелер, қалқымалы бүрғылау қондырғылары, сондай-ақ қуаттылығы 55 киловаттан кем емес бас двигателді өздігінен жүретін және сыйымдылығы 80 тоннадан кем емес өздігінен жүрмейтін кемелер тіркеледі.

4. Кеме кітаптарында бас двигателінің қуаттылығына және сыйымдылығына қарамастан, спорттық, серуендік кемелердің, сондай-ақ осы баптың З-тармағында көрсетілмеген кемелер тіркеледі.

5. Мемлекеттік кеме тізілімінде және кеме кітаптарында шлюпкалар мен кеменің керек-жарағы болып табылатын өзге жүзбелі құралдар тіркелмейді.

6. Бербоут-чартерлік тізілімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын қадап жүзуге уақытша құқық берілген кемелер тіркеледі.

7. Кемелерді тіркегені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп пен мөлшерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне енгізілуге тиіс алынады.

15-бап. Үкіметтік қызмет үшін ғана пайдаланылатын кемелерді тіркеу

Қазақстан Республикасы меншігіндегі немесе ол пайдаланатын әскери, әскери-қосалқы және шекара кемелерін қоспағанда, тек оларға жүктелген функцияларды орындау үшін ғана қолданылатын кемелерді тіркеу мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кемелерді тіркеу мен оларға құқық ережелеріне сәйкес кеме кітабында жүзеге асырылады.

Мұндай кемелерді коммерциялық мақсаттарда пайдаланған жағдайда олар қайта тіркеуге тиіс.

16-бап. Кеме тізілімдеріне енгізілген мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар ету міндеті

Мемлекеттік тізілімге, кеме кітабына немесе бербоут-чартерлік

тізілімге енгізілген мәліметтердің кез келген өзгерісі туралы кеменің меншік иесі немесе кеменің бербоут-чартер бойынша кірепүлшысы кеме тіркелген органға, осында өзгеріс туралы белгілі болған күннен бастап екі апта ішінде хабарлауға міндетті.

17-бап. Кемені тіркеу портының өзгеруі

Кеме тіркеу порты кеменің меншік иесінің өтініші бойынша өзгеруі мүмкін. Кеме тіркеу портын өзгертуді тіркеу кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

18-бап. Кемені және оның құқықтарын тіркеуден бас тартуы

Кемені және оның құқықтарын тіркеуден:

- 1) тіркеу туралы өтінішпен өзге тұлға келген;
- 2) кемелерді және оның құқықтарын тіркеу ережелерінде көзделген талаптар сақталмаған;
- 3) тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда бас тартылуы мүмкін.

19-бап. Кемелерді тіркеу ережесін бұзғандығы үшін жауаптылық

Кемені міндетті тіркеуден жалтарған тұлға, сондай-ақ кемені кеме тізілімдерінің бірінде белгіленген тәртіпті бұза отырып тіркеген немесе кеме тізілімдеріне енгізілген мәліметтердің өзгергені туралы хабардар ету міндеттін бұзған тұлға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа тартылады.

4-тарау. Кеме екипажы. Кеме капитаны

20-бап. Кеме екипажының құрамы

1. Кеме екипажының құрамына кеме капитаны, кеменің командалық құрамының басқа тұлғалары мен кеме командасы кіреді.
2. Кеменің командалық құрамына кеме капитанының көмекшілері, механиктер, электр механиктері радиомамандар және дәрігерлер жатады. Көліктегі уәкілетті мемлекеттік орган сонымен қатар басқа да мамандарды кеменің командалық құрамына жатқызуы мүмкін.
3. Кеме командасы кеменің командалық құрамына жатпайтын тұлғалардан тұрады.

21-бап. Кеме екипажының ең аз құрамы

1. Әрбір кеме бортында мүшелерінің тиісті біліктілігі бар және саны жағынан кеменің жүзу қауіпсіздігі мен теңіздің табиғи ортасын қорғауды қамтамасыз етуге жеткілікті екипаж болуға тиіс.
2. Кеменің тұрпаты мен міндеттіне, сондай-ақ оның жүзу ауданы мен тұрган жеріне қарай екипаждың ең аз құрамын көліктегі уәкілетті орган белгілейді.
3. Кеменің жүзу қауіпсіздігі мен теңіздің табиғи ортасын қорғауды қамтамасыз

етуші кеме экипажының құрамы туралы күелікті кемені тіркеу жүзеге асырылған теніз портының капитаны беді.

22-бап. Кеме экипажының мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Кеме экипажы мүшелерінің лауазымдарын иеленуге Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен кеме экипажының мүшелерін дипломдау туралы тәртіпке сәйкес тиісті білімі бар тұлғалар жіберіледі.

2. Кемеде қызмет етуге олардың осындай қызметке денсаулық жағдайы жөнінен жарамдылығын күэландыратын күеліктері бар тұлғалар жіберіледі.

23-бап. Кеме экипажы мүшелерінің азаматтығы

1. Шетелдік занды тұлғалардың меншігіндегі немесе бербоут-чартер шарты бойынша кірге алынып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзіп жүрген кемелерді қоспағанда, кеме экипажының құрамына Қазақстан Республикасының құрамына азаматтарынан басқа, кеме капитаны, кеме капитанының аға көмекшісі, аға механик пен радиомаман лауазымдарын иелене алмайтын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар да кіруі мүмкін.

2. Шетелдік занды тұлғаның меншігіндегі немесе бербоут-чартер шарты бойынша кірге алынып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзіп жүрген кеме экипажының құрамындағы шетелдік азаматтар, кеме капитаны лауазымын қоспағанда, командалық лауазымдарды иеленуі мүмкін.

24-бап. Кемедегі еңбек қатынасы

Кеме экипажы мүшелерін қызметке алу олардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек шарты мен ақы төлеу, сондай-ақ оларды қызметтөн босату тәртібі мен негіздері еңбек туралы зандармен, осы Заңмен өзге де нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ дербес еңбек шарттарымен айқындалады.

25-бап. Кеме экипажы мүшелерінің Отанына қайта оралуы

1. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде еңбек міндеттерін атқарушы кеме экипажының мүшелері Отанына қайта оралуға:

- 1) дербес еңбек шартының қолданыс мерзімі біткен;
- 2) еңбек туралы зандарға сәйкес кеме иесінің немесе кеме экипажы мүшесінің бастамасымен дербес еңбек шарты үзілген;
- 3) осы Заңның 34-бабына сәйкес кеме капитаны қызметтік міндеттерін атқарудан

ш е т т е т к е н ;

4) к е м е к ү й р е г е н ;

5) кемеден тысқары емдеуді талап ететін аурумен ауырған;
6) кеме иесінің банкроттықтың, кемені сақтаудың немесе мемлекеттің кемені тіркеуді өзгеруінің салдарынан; кеме экипажының мүшелеріне қатысты еңбек туралы зандар мен дербес еңбек шарттарында көрсетілген өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған ;

7) кеме экипажы мүшелерінің келісімінсіз кемені әскери іс-қимылдар аймағына немесе міндет қаупі бар аймаққа жіберген жағдайда құқығы бар.

2. Отанына қайта оралу кеме экипажы мүшелерінің қалауы бойынша:

1) өзі тұратын мемлекетке;

2) ол кемеге қызметке алынған аймаққа;

3) дербес еңбек шартын жасау кезінде көрсетілген кез келген басқа пунктке жүзеге асырылады .

3. Кеме иесі Отанына қайта оралуды лайықты деңгейде әрі тез ұйымдастыруға міндетті. Отанына қайта оралу әуе көлігімен, ал ол болмаған кезде немесе тараптардың келісімі бойынша, - көліктің өзге түрлерімен жүзеге асырылады.

4. Отанына қайта оралу шығындары кеме иесіне жүктеледі.

Кеме экипажы мүшелерінің Отанына қайта оралу шығындарын мыналар құрайды:

1) Отанына қайта оралу орнына дейінгі жолақы;

2) кеме экипажының мүшесі кемені тастап шыққан сәттен бастап, кеме экипажының мүшесі Отанына қайта оралу орнына жеткен сәтке дейінгі тамақтануы мен тұрағының ақысы ;

3) егер қажет болса, кеме экипажының мүшесі денсаулық жағдайына байланысты Отанына қайта оралу орнына баруға жарамды болғанға дейінгі кеме экипажы мүшесінің емделу ақысы ;

4) Отанына қайта оралу орнына дейін 30 килограмм теңдеме жүк алып жүру;

5) кеме экипажының мүшесі кемені тастап шыққан сәттен бастап, кеме экипажының мүшесі Отанына қайта оралу орнына жеткен сәтке дейінгі дербес еңбек шарты бойынша төлем .

5. Егер кеме экипажы мүшесінің Отанына қайта оралуына мәжбүр еткен себептер кеме экипажы мүшесінің кінәсінен, оның еңбек міндеттерін орындау кезінде не кеме экипажы мүшесінің бастамасы бойынша жеке еңбек шарты бұзылған жағдайда туындаса, кеме иесінің Отанына қайта оралуына кеткен

шығындарын өтеуге құқығы бар.

26-бап. Кеме экипажы мүшесі мүлкінің жойылуы немесе
бұлінгені үшін жауаптылық

Кемеде болған оқиға салдарынан кеме экипажы мүшесінің мүлкі жойылған немесе бұлған жағдайда кеме иесі кеме экипажының мүшесіне келтірілген залалдың орнын толтыруға міндettі. Кемеде болған оқиғаға кінәлі кеме экипажы мүшесінің мүлкіне келтірілген залалдың орны толтырылмайды.

27-бап. Кеме иесінің міндеттері

1. Кеме иесі олар кемеде болған уақытта кеме экипажының мүшелерін:

- 1) еңбек жағдайының қауіпсіздігімен;
- 2) денсаулығын қорғаумен және медициналық көмекпен;
- 3) құтқару құралдармен
- 4) азық-түлікпен және сумен іркіліссіз жабдықтаумен;

5) демалу, тамақтану, емделу, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету үшін тиісті үй-жайлармен қамтамасыз етуге міндettі.

2. Кеме иесі кеме экипажы мүшелерінің еңбек міндеттерін атқару кезінде олардың өмірі мен денсаулығына залал келтіргені үшін сақтандыру заңдарына сәйкес жауаптылықты қамсыздандыруға міндettі.

28-бап. Кеме капитанының кемені басқаруы мен басқа да міндеттері

Кеме капитанына кемені басқару, соның ішінде кеме жүргізу, кеме жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану, теңіздің табиғи арнасын қорғау, кемеде тәртіпті қолдау, кемеге, кемедегі адамдар мен жүктөрge, залал келтіретін себептердің алдын алу жүктеледі.

29-бап. Теңізде апатқа ұшыраған кез келген тұлғаға көмек көрсету міндettілігі

1. Кеме капитаны, егер ол мұны өз кемесі және ондағы адамдар үшін айтарлықтай қауіпсіз жасай алатын болса, теңізде апатқа ұшыраған кез келген тұлғаға көмек көрсетуге міндettі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген міндеттерді бұзғаны үшін кеме капитаны Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауаптылықта болады.

30-бап. Кемелер соқтығысқаннан кейін көмек көрсету міндettілігі

1. Эрбір соқтығысқан кеменің капитаны олар соқтығысқаннан кейін егер ол мұны өзінің жолаушылары, кеме экипажының мүшелері мен өзінің кемесіне айтарлықтай қауіпсіз, жасай алатын болса, басқа кемеге, оның жолаушылары мен оның экипаж мүшелеріне көмек көрсетуге міндettі.

2. Кеме капитандары, егер бұл мүмкін болса, өз кемелерінің атауын

олар тіркелген порттарды, сондай-ақ көзделген және баратын порттарын бір-біріне хабарлауға міндettі.

**31-бап. Кеме капитанының кезек күттірмейтін медициналық
көмек көрсету міндettілігі**

Кеме бортындағы тұлға кеме теңізде болған уақытта көрсету мүмкін болмайтын кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді қажет еткен жағдайда, кеме капитаны жақын маңайдағы портқа кіруге немесе мұндай тұлғаны, бұл туралы кеме иесін құлақтандыра отырып; ал, кеме шетелдік портқа кірген немесе мұндай тұлғаны шетелдік портқа жеткізген кезде, - Қазақстан Республикасының консулдық мекемесін хабардар ете отырып, жақын маңайдағы портқа жеткізу жөнінде шаралар қолдануға міндettі.

**32-бап. Кеме капитанының әскери іс-қимылдар
жағдайындағы немесе соғыс қаупінің өзге де
жағдайларындағы міндеті**

Кеменің аттану немесе баратын порты ауданындағы не кеме жүзіп өтуге тиіс аудандағы әскери іс-қимылдар, сондай-ақ өзге де соғыс қаупі жағдайларында кеме капитаны кемедегі адамдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде барлық шараларды қолдануға, залалдың және кемені, құжаттарды, жүктөрді және басқа мүліктерді басып алудың алдын алуға міндettі.

33-бап. Кемені оның экипажының тастап шығуы

Кеме капитанының пікірі бойынша, кемеге анық құйреу қаупі төнген жағдайда, кеме капитаны кемедегі жолаушыларды құтқару жөніндегі барлық шараларды қолданғаннан кейін экипаж мүшелерінің кемені тастап шығуна рұқсат етеді. Кеме капитаны кемеден ең соңғы болып, кеме журналын, машиналық журнал мен радио-журналды, аталған рейтстің картасын, навигациялық аспап таспасын, құжаттар мен

бағалы заттарды құтқару жөніндегі өзіне қатысты шараптарды қолданғаннан кейін
тастап шығады.

34-бап. Кемедегі тәртіпті қолдау

1. Кеме капитанының өз өкілеттігі шегіндегі өкімдерін кемедегі барлық тұлғалар орындалуға тиіс.

2. Кеме капитаны еңбек туралы зандарға сәйкес кеме экипажының мүшелеріне ынталандыруға және тәртіптік жаза қолдануға құқығы бар.

Кеме капитанының, кеме экипажының кез келген мүшесінің қызметтік міндеттерді атқаруын шеттеге құқығы бар.

3. Кеме капитаны іс-әрекетінде Қазақстан Республикасы зандарында көзделінген қылмыс белгілері жоқ, бірақ кеменің немесе ондағы адамдар мен мұліктердің қауіпсіздігіне қатер төндірген тұлғаларды оқшалауға хақылы.

35-бап. Кеме капитаны анықтау органды ретінде

1. Алыс жүзуде жүрген кемеде Қазақстан Республикасының қылмыстық зандарында қарастырылған кез келген қылмыс белгілері анықталған жағдайда кеме капитаны Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу зандарына сәйкес анықтау органды функциясын атқарады.

2. Кеме капитаны Қазақстан Республикасының қылмыстық зандарында көзделген қылмыс жасаған ретінде сезікті тұлғаны ұстауға және оны кеме кіретін Қазақстан Республикасының алғашқы портындағы құзыретті органдарға бергенге дейін арнайы жабдықталған үй-жайда қамауда ұстауға хақылы.

3. Кеме капитаны, Қазақстан Республикасының азаматынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардан басқа, теңіз су жолдары қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыс жасаушы ретінде сезікті адамды, егер бұл Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса, шетел мемлекетінің құзыретті органдына беруі мүмкін. Қажет болған жағдайда кеме капитаны, егер мұны кеме шетел мемлекетінің аумақтық суларына кіргенге дейін іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болса, оның құзыретті органдарына осындай адамды беру туралы ойын және оны берудің себептерін, алдын ала хабардар етуге, сондай-ақ көрсетілген органға қолда бар дәлелдерді беруге міндетті.

4. Кемеде Қазақстан Республикасының портына келген уақытта Қазақстан Республикасының қылмыстық зандарында көзделген қылмыс белгілері анықталған жағдайда, кеме капитаны бұл туралы құзыретті органдарға деру хабарлауға міндетті.

36-бап. Кеме капитанының аманат қалдыру, кемеде баланың

тууы және кемедегі өлім жағдайларындағы міндеттері

1. Кеме капитаны жүзу уақытында кемеде болған тұлғаның аманатын қуәландыруға хақылы. Кеме капитаны қуәландырған аманат нотариат қуәландырғанмен тәсестіріледі.

2. Кеме капитаны кеме журналына кемедегі әрбір баланың туу жағдайы туралы және кемедегі әрбір өлім жағдайы туралы жазба жасауға міндетті.

3. Кеме капитаны қайтыс болған адамның жақын туыстарының бірін немесе қайтыс болған адамның қосағын оның өлімі туралы хабардар етіп, қайтыс болған адамның мәйітін сақтауға және туған жеріне аттандыруға міндетті. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда кеме капитаны қайтыс болған адамның мәйітін жер қойнына беруге немесе оны отқа жағып, күлі салынған сауытты туған жеріне аттандыруға міндетті.

Ерекше жағдайда, егер кеме ашық теңізде ұзак уақыт қалуға тиіс болса және қайтыс болған адамның мәйітін сақтауға мүмкіндік болмаса, кеме капитаны теңіз дәстүріне сай, тиісті акті жасай отырып, өлген адамды теңізге батыруға құқығы бар.

4. Кеме капитаны кеме бірінші кіретін Қазақстан Республикасы портының

капитанына тізімдемеге сәйкес мұндай мүлікті бергенге дейін, қайтыс болған адамның кемеде қалған мүлкіне тізімдеме жасап, сақталуын қамтамасыз етеді.

37-бап. Кеме капитаны кеме иесінің және жүк иесінің өкілі ретінде

Кеме капитаны кеме иесі мен жүк иесінің немесе олардың занды өкілдерінің болмаған кезінде кеменің, жұктің немесе жүзудің қажеттілігіне, сондай-ақ кеме капитанына сеніп тапсырылған мүлікке қатысты талап-арызға байланысты қажетті мәмілелерге қатысты кеме иесінің және жүк иесінің өкілі ретінде танылады.

38-бап. Кеме капитанының міндеттерін кеме капитанының аға көмекшісіне жүктеу

Кеме капитаны қайтыс болған, ауырган немесе кеме капитанына өз қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін басқа жағдайда, кеме капитанының міндеттері кеме иесінің өкімін алғанға дейін кеме капитанының аға көмекшісіне жүктеледі.

5-тарау. Теңіз порты

39-бап. Теңіз порттарының құқықтық мәртебесі мен түрлері

1. Теніз портының құқықтық мәртебесі осы Заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

2. Теніз порттары жалпы пайдалану объектілері болып табылады, кез келген тұлғаның меншігінде болуы мүмкін және мақсатына қарай - сауда порты және мамандандырылған порт (балық, мұнай және басқалары) болып бөлінеді.

3. Теніз портының акваториясы мен жағалау сзығындағы жері мемлекеттік меншік болып табылады.

4. Теніз порты үшін жер және су участкерін бөлу, сондай-ақ бұл участкерді алып қою қолданыстағы зандарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Теніз порттарындағы мемлекеттік бақылауды өзінің өкілдігі - порттың теніз әкімшілігі арқылы көліктегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

40-бап. Кеменің теніз порты режимін сақтау жөніндегі міндеті

Теніз портында болған уақытта кез келген кеме портта жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының зандарын, сондай-ақ бақылау және арнайы атқару функцияларын (кедендік, шекаралық, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, ветеринарлық және басқа мемлекеттік органдардың) жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың занды талаптарын сақтауға міндетті.

41-бап. Теніз портында көрсетілетін қызметтер

1. Теніз айлағы жүк тиеуді, жүк тұсіруді және олардың келуіне байланысты кезектілік ретімен кемелерге қызмет көрсетуді, жүктөрмен көліктік-экспедиторлық және қойма операцияларын, теніз көлігіне көліктің басқа тұрлерінен жүктөрді тиесу және керісінше, теніз жолаушылар кемелеріне қызмет көрсетуді, сондай-ақ порт кемелерінде және көліктің басқа тұрлерінде жүктөрді, жолаушыларды және тенденме жүктөрді тасымалдауды жүзеге асырады.

2. Теніз портының міндетті қызмет көрсету тізілімін көліктегі уәкілеттік орган бекітеді. Мемлекет міндетті тізілімге енген қызмет көрсетулер үшін ең жоғарғы төлем көлемін зандарға сәйкес реттейді.

3. Міндетті тізілімге енбеген қызметтер үшін төлем көлемі шарттармен айқындалады.

42-бап. Теніз порты аумағын пайдалану

Теңіз портындағы үй-жайлар мен құрылғылар иелері өз функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органға шарттарда көрсетілген міндептеріне орай қажетті үй-жайлар мен қызмет көрсетулерді ұсынуға міндепті.

43-бап. Теңіз терминалы операторының жауапкершілігі

1. Теңіз терминалының операторы жүктің жоғалғаны, кем болғаны және зақымданғаны, сондай-ақ оны өз иелігіне қабылдаған сәттен бастап берген сәтке дейінгі өткізіп алған мерзімі үшін жауап береді.

2. Теңіз терминалының операторына жүкті жоғалтқаны, кем болғаны және зақымданғаны үшін оның нақты бағасы көлемінде жауапкершілік жүктеледі.

3. Теңіз терминалы операторының жүкті берудегі өткізіп алған мерзімі үшін жауапкершілік шартта айқындалады.

4. Теңіз терминалы операторының өзіне есептелген төлемдерді қамтамасыз ету үшін жүкті ұстап қалуға және оны зандарда көзделген тәртіппен сатуға хақылы.

Теңіз терминалы операторының контейнерлерді, поллеттерді немесе

жөндеуге не осы құралдарды жақсартуға кеткен шығындардың орнын толтыру жағдайларын қоспағанда, тасымалдаушыға немесе жөнелтушіге тиесілі емес тасымалдау мен ораманың өзге де осындай жабдықтарын сатуға құқығы жоқ.

44-бап. Талап арыздар талаптарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану кезіндегі шектеулер

Жалпы пайдаланудағы теңіз портының мүлкіне тыйым салу түріндегі талап арыздар талаптарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану кезінде осындай шешім қабылдаған сот немесе өзге де құзыретті орган осындай мүлікті пайдаланудың қарапайым тәртібі белгіленіп қамтамасыз етілуге тиіс.

6-тарау. Теңіз портындағы мемлекеттік қадағалау

45-бап. Порттың теңіз әкімшілігі

1. Порттың теңіз әкімшілігі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) кемелерді тіркеу және тиісті кеме құжаттарын беру;

2) кемеге және жасалып жатқан кемеге меншік құқығын, кеме немесе жасалып

жатқан кеме кепілін және оларға өзге де құқықтарды тіркеу, тиісті құжаттар беру;

3) кеме экипажының мүшелеріне дипломдар, біліктілік куәліктерін,

олардың берілгенін куәландырулар мен теңізші төлкүжатын беру;

4) кеме құжаттарын, дипломдарды, біліктілік куәліктерін және дипломдар мен біліктілік куәліктерін куәландыруларды тексеру;

5) кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу тәртіпті туралы талаптардың сақталуына бақылау жасау;

6) кемелердің портқа келуін және олардың порттан шығуын ресімдеу;

7) лоцмандық қызмет пен кемелер қозғалысын басқару жүйесіне бақылау жасау;

8) кемелерді портқа кірерде және порт акваториясының шегінде мұзжарғыштардың ілестіріп өтуіне бақылау жасау;

9) теңізге батқан мұлікті көтеруге рұқсат беру;

10) портта құрылыш, гидротехникалық және өзге жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру;

11) көліктегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелерге сәйкес кемелермен болған апат оқиғаларына тексеру жүргізу;

12) бақылау және арнайы атқару функцияларын жүргізуші мемлекеттік органның теңіз порт аумағындағы орналасқан жерін айқындау;

13) порттағы құрылыштар мен оларды пайдаланудың техникалық жай-күйіне бақылау жасау;

14) өртке қарсы бақылау жасау.

46-бап. Теңіз портының капитаны

1. Теңіз портының капитаны порттың теңіз әкімшілігін басқарады және зандар мен көліктегі уәкілетті орган бекіткен ережеге сәйкес іс-әрекет етеді.

2. Теңіз порты капитанының өз құзыреті шегінде жасаған өкімі порттағы кемелер, ұйымдар және азаматтардың барлығы үшін міндettі.

3. Теңіз порты капитанының талабы бойынша порттағы кемелер порт акваториясының шегіндегі апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқаруға қатысуға міндettі.

4. Теңіз портының капитаны теңізде жұзу қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес әкімшілік жаза

қолдануға хақылы.

47-бап. Кемелерге бақылау жасау

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде теңіз портының капитаны:

- 1) кеме құжаттарының бар-жоқтығын;
- 2) кеменің негізгі сипаттамасының кеме құжаттарына сәйкестігін;
- 3) кеме екипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Кеме құжаттары жоқ болған немесе кеменің теңізде жүзу қауіпсіздігі

талаптарын қанағаттандырмайтынына жеткілікті негіздер бар кезде теңіз портының капитаны кемені тексеруге алуы мүмкін.

3. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі келтіретін олқылықтардың жойылғанын тексеру мақсатында теңіз портының капитаны кемені бақылаулық тексеруден өткізуі мүмкін.

48-бап. Кемелердің теңіз портынан шығуына рұқсат беру

1. Әрбір кеме теңіз портынан шығуға дейін бұған теңіз портының капитанынан рұқсат алуға міндetti.

2. Теңіз портының капитаны кеменің теңіз портынан шығуына мына жағдайларда:

- 1) кеменің жүзуге жарамсыз болғанда;
- 2) тиеуге, жабдықтауға, екипаж жинақтауға қойылған талаптар бұзылғанда немесе кемедегі адамдардың өмірі мен денсаулығына, кеменің жүзу қауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да кемшіліктері, сондай-ақ теңіздің табиғи ортасына залал келтіру қауіпі б о л ғ а н д а ;
- 3) кеме құжаттарына қойылатын талаптар бұзылғанда;
- 4) тиісті мемлекеттік органдар (кедендік, санитариялық-карантиндік, фитосанитарлық, шекаралық органдар мен басқа да құзыретті мемлекеттік органдар) нұсқама б е р г е н д е ;
- 5) порттың теңіз әкімшілігі алатын порт алымдары төленбегендеге рұқсат беруден баста р т а д ы .

1. Теніз портының капитаны құтқару операцияларын жүзеге асыруға, кемелердің соқтығысына, айлақ құрылыштарының, су бассейндерінің, кеме су жолдары мен навигациялық жағдай құралдарының зақымдалуына байланысты немесе өзге де залал келтіруге байланысты туындаған талаптары бар тұлғаның өтініші бойынша кемені кеме иесінің, жүк иесінің міндеттерді қамтамасыз еткенге дейін ұстасы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында санамаланған талаптар бойынша кемені ұстап

тұру туралы өкімнің, ресми жұмыс күні болып қаралмаған күндерді қоспағанда, 72 сағат бойына күші болады. Егер көрсетілген мерзім ішінде кемені құзыретті органдар тұтқындаған жағдайда, ол дереу босатылуға тиіс.

3. Кемені негізсіз ұстасудан келген зияндар үшін жауапкершілік талап етуі бойынша ұстасу жүргізілген адамға жүктеледі.

50-бап. Навигациялық жағдай құралдарының әрекеті аймағындағы құрылыш

Теніз жолдарының навигациялық жағдай құралдарының әрекеті аймағындағы құрылыш көліктегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

7-тарау. Теніз лоцмандары

51-бап. Кемелерді лоцмандық жүргізу

1. Кемелерді лоцмандық жүргізу жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелермен болатын оқиғалардың алдын алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге сәйкес теңіздің табиғи ортасын қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қызметке теңіз лоцмандары ретінде көліктегі уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарын қанағаттандыратын Қазақстан Республикасының азаматтары жіберілуі мүмкін.

3. Көліктегі уәкілетті орган кемелерді лоцмандық жүргізу дің міндетті аудандары мен міндетті емес аудандарын белгілейді және мұндай аудандарды теңіз порттары мен лоцияларында жалпыға ортақ мәлімет ретінде жеткізеді.

4. Арасынан акваториялары бар теңіз порттарындағы кемелерді лоцмандық жүргізу тәртібін теңіз порттарының капитандары белгілейді.

52-бап. Кемелерді міндettі лоцмандық жүргізу

1. Кемелерді лоцмандық жүргізу ережелеріне сәйкес міндettі лоцмандық жүргізуден босатылған кемелер санаттарын қоспағанда, кеменің кемелерді лоцмандық жүргізудің міндettі аудандарында лоцмансыз жүзуді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Аталған тыйым салуды бұзушы кеме капитаны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

2. Лоцмандық жүргізуден босатылған кемелер санаттары теңіз порттарында жалпыға ортақ мәлімет ретінде міндettі түрде жеткізіледі.

53-бап. Кемелерді міндettі емес лоцмандық жүргізу

1. Кемелерді лоцмандық жүргізу міндettі болып табылмайтын аудандарда кеме капитаны кемеге лоцман алуы мүмкін.

2. Кемелерді лоцмандық жүргізу міндettі болып табылмайтын аудандарда порттың кеме капитаны :

1) егер кеме немесе ол тасымалдайтын жүк теңіздің табиғи ортасына зиян келтіруі мүмкін болған ;

2) егер кеменің, порттағы теңізде жүзу қауіпсіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін, корпусының, механизмдерінің немесе жабдықтарының салмақты зақымданғаны белгілі болған жағдайларда порттың кеме капитаны кемелерді міндettі лоцмандық жүргізуді белгілеуі мүмкін. Мұндай жағдайда кеме капитанына оның кемесінің міндettі лоцмандық жүргізудің соңынан өтуге тиіс екендігі туралы хабардар етіледі.

54-бап. Кеме лоцманы мен капитанының жауапкершілігі

Кемеде лоцманның болуы кеме капитанының кеме басқаруына жауапкершілікті жоққа шығармайды. Лоцман ұсынылымының дұрыстығына құдікtenуге жеткілікті негіздер болған кезде кеме капитанының кеменің кеме жүзуінің қауіпсіздігі мақсатында аталған лоцманның қызмет көрсетуінен бас тартуға хақылы. Кемені лоцмандық жүргізу міндettі болған жағдайда кеме капитаны лоцманды ауыстыруды талап етуге тиіс.

55-бап. Кемелерді лоцмандық жүргізумен лайықты қамтымағаны үшін жауапкершілік

1. Лоцманның немесе ол қызметкөрі болып табылатын ұйымның кемені лоцмандық жүргізумен лайықты қамтымағаны үшін жауапкершілік осындай қызмет көрсеткені үшін төленетін төлемнің он есесіне тең сомамен шектеледі.

2. Лоцманның немесе ол қызметкері болып табылатын ұйымның, егер лоцмандық жүргізумен лайықты қамтылмағанның нәтижесінде кемеге келтірілген шығындар дәлелденсе, лоцманның немесе ол қызметкер болып табылатын ұйымның әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қасақана жасаған әрекетінің немесе дөрекі абайсыздықтың нәтижесі болып табылса, толық көлемде жауапкершілікте болады.

3. Кемені лоцмандық жүргізумен лайықты қамтымағаны үшін кінәлі лоцман кемелерді лоцмандық жүргізу туралы ережеде айқындалған тәртіп пен шарттарға біліктілігінен айрылуы мүмкін.

8-тарау. Суға батқан мұлік

56-бап. Суға батқан мұлікті оның иесінің алып шығуы

1. Суға батқан мұліктің иесі осындай мұлікті мұлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде алып шығу туралы өзінің ойы бар екенін жақын маңайдағы теңіз портының капитанына хабарлауға тиіс.

2. Теңіз портының капитаны суға батқан мұлік иесінің өтінішін алған күннен бастап үш ай ішінде суға батқан мұлікті алып шығу тәртібі мен мерзімін белгілейді. Суға батқан мұлік иесінің рұқсат алған сэттен бастап бір жыл ішінде оны алып шығуды жүзеге асыруға асыруға құқығы бар.

3. Суға батқан мұлік теңізде жүзу қауіпсіздігіне қатер төндірсе немесе теңіздің табиғи ортасын ластаумен зиян келтірсе не судағы биологиялық ресурстық кәсіпшілігін жүзеге асыруға, порт қызметіне және порттағы жұмыстарға кедергі келтірсе, суға батқан мұлік иесі теңіз портының капитаны белгілеген талап пен ақылға қонымды мерзім бойынша суға батқан мұлікті алып шығуға, ал қажет болған кезде оны аластауға н е м е с е жоюға міндетті.

4. Суға батқан мұлік иесі белгісіз болған жағдайда теңіз портының капитаны суға батқан мұлікті алып шығу үшін белгіленген мерзімдер туралы жарияланымдар жасайды. Егер мұндай кезде суға батқан кеменің жалауы белгілі болған жағдайда теңіз портының капитаны, Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттермен қатынастар саласындағы уәкілетті мемлекеттік

органына тиісті хабар жібереді.

57-бап. Меншік иесінің суға батқан мұлікке құқығы

Егер суға батқан мұлік иесі осы Заңның 56-бабының 1-тармағына сәйкес өтініш жасамаған немесе осы Заңның 56-бабының 2-тармағымен белгіленген мерзімде мұлікті алып шықпаған жағдайда меншік иесінің мұндай мұлікке

меншіктік құқықтан бас тартқаны болып есептеледі.

58-бап. Порттың теңіз әкімшілігінің суға батқан мүлікті алып шығуы, аластауы немесе жоюы

1. Порттың теңіз әкімшілігінің:

1) егер суға батқан мүліктің иесі белгісіз болған;

2) егер меншік иесі осы Заңның 56-бабының 3 тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған;

3) егер суға батқан мүліктің иесіне оны өз құралдарымен не ол таңдаған кеме көтеру ұйымдарының құралдарымен алғып шығуға, аластауға немесе жоюға тыйым салынған жағдайларда суға батқан мүлікті алғып шығуға және қажет болса аластауға немесе жоюға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда суға батқан мүлікті алып шығу, аластау немесе жою мүлік иесінің есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес алғып шығарылған суға батқан мүлік, егер суға батқан мүлік алғып шығарылған сэттен бастап бір жылдан астам уақыт өтпесе, оның иесі суға батқан мүлікті алғып шығуға кеткен шығының және осыған байланысты басқа да келтірілген шығындардың орнын толтырғаннан кейін, талаға етуі мүмкін.

59-бап. Порттың теңіз әкімшілігінің шыққан шығындардың толық орнын толтыруға құқығы

Егер суға батқан мүлікті алып шығу, аластау немесе жою осы заңның 58-бабының 1-тармағына сәйкес алғып шығарылған сэттен бастап бір жыл ішінде жүзеге асырылған жағдайда порттың теңіз әкімшілігінің:

1) суға батқан мүлікті белгіленген занды тәртіппен оны сатудан түскен соманың есебінен оны алғып шығуға және сақтауға кеткен шығыстардың орнын толтыруға. Суға батқан мүлікті сатудан түскен сомадан шығын шегеріліп, оның меншік иесіне, ал Азаматтық кодекс пен осы Заңның 57-бабында көзделген негіздер бойынша меншік иесі меншіктік құқықтан бас тартқан кезде мемлекетке беруге;

2) 56-баптың 3-тармағында көзделген іс-қимылдар жүзеге асқан жағдайда

суға батқан мүлік иесінен сатудан түскен сомадан асып түсетін шығындардың (соның ішінде мүліктерді жоюға кеткен) орнын толтырып алуға құқығы бар.

60-бап. Кездейсоқ алып шығарылған суға батқан мүлік

Кездейсоқ алып шығарылған суға батқан мүлік осындай мүлікке қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шаралар қолдануға міндетті теңіз портының әкімшілігіне берілуге тиіс.

9-тарау. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты

61-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының айқындауасы мен түрлері

1. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы өзіне жөнелтуші (кірепұлышы) сеніп тапсырған жүкті белгіленген портқа дейін жеткізуіді және оны алушыға беруге міндеттенеді, ал жөнелтуші (кірепұлышы), алушы жүк тасымалын төлеу мен оны қабылдауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты жүкті теңіз арқылы тасымалдау үшін тұтас кемені, кеменің бөлігін немесе белгілі бір кеме үй-жайын (чартер) беру шартымен, сондай-ақ мұндай шартсыз жасалуы мүмкін.

62-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау нысаны

Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты коносаментпен, чартермен, теңіз жүккүжатымен ресімделеді. Коносаменттің, чартердің, теңіз жүккүжатының нысаны тасымалдау ережесімен белгіленеді.

63-бап. Жүктерді теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарт

1. Тасымалдаушы мен жүк иесі жүктерді теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасуы мүмкін.

Жүктерді теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарт жасасу кезінде жүктің нақты партиясын тасымалдау осындай ұзақ мерзімді шарт негізінде жасалған жүктерді теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес жузеге асырылады.

2. Жүктерді теңіз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттағы келісілген жүктерді тасымалдау шарты, егер тараптар өзге келісімге келмесе, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты енгізілген болып есептеледі.

Жүкті теніз арқылы тасымалдау шартының ережесі жүктерді теніз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттың ережелеріне қайшы келген жағдайда, жүкті теніз арқылы тасымалдау шартының ережесі қолданылады.

3. Коносаментке енгізілмеген жүктерді теніз арқылы тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттың ережесі, егер ол кірепұлшы болып табылмаса, үшінші жақ **үшін міндettі** болып **табылмайды.**

64-бап. Чартер мен коносаменттің арақатынасы

Тасымалдаушы мен жүкті теніз арқылы тасымалдау шартының тарабы болып табылмайтын алушы арасындағы қатынасты коносамент айқындейдьы. Егер коносамент оларға сілтеме жасайтын болса, чартердің шарты алушы үшін міндettі.

65-бап. Чартердің мазмұны. Чартер бойынша құқықты беру

1. Чартерде тараптар атауы, кеме атауы, жүктің тегі мен түріне сілтеме, кірепұлдың мөлшері, тиеу порты, жүкті тиеу порты, сондай-ақ баратын порты немесе кеме бағыты көрсетілуі тиіс. Тараптардың келісімі бойынша чартерге өзге де талаптар кіргізілуі мүмкін.

2. Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде кірепұлшы тасымалдаушының келісімімен жүкті теніз арқылы тасымалдау шарты бойынша үшінші жаққа өзінің құқығын беруге хақылы. Кірепұлшы, сондай-ақ ол өзінің құқығын берген үшінші жақ, егер чартерде өзгеше көзделмесе, жүкті теніз арқылы тасымалдау шартын орындағаны үшін тасымалдаушының алдында ортақ жауапкершілікте болады.

66-бап. Тасымалдау үшін жүк қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу

1. Техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және карантин жарияланғанда тасымалдау үшін жүктерді қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеуді қолдану мерзімін тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша белгілейтін көліктегі уәкілдеппі органды дереу хабардар ете отырып, порттың теніз әкімшілігінің өкімімен жүктерді қабылдау уақытша тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін.

2. Тасымалдау үшін жүктерді қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы порттың теніз әкімшілігі жүктерді жөнелтушілерді, жүктерді тасымалдау кезінде тікелей аралас немесе тікелей су қатынастарын және көліктің басқа түрлерінің ұйымдарын дереу хабардар етеді.

67-бап. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша кеменің теңізде жұзу жай-күйін қамтамасыз ету

1. Тасымалдаушы күні бұрын, рейс басталғанға дейін кеменің теңізде жұзу жай-күйіне келтіруге: кеменің жұзуге техникалық жарамдылығын қамтамасыз етуге, кеменің тиісті деңгейде жабдықтауға, оны экипажбен қамтуға және барлық қажеттіліктермен қамдауға, сондай-ақ трюмдар мен кеменің басқа да жүк тасымалданатын үй-жайларын жүкті тиісті қабылдауды, тасымалдауды және сақтауды қамтамасыз ететін жай-күйге келтіруге міндettі.

2. Егер жүкті тасымалдау коносамент негізінде жүзеге асырылса немесе коносамент чартерге сәйкес беріліп, тасымалдаушы мен кірепұлшы болып табылмайтын коносамент иесінің арасындағы қатынасты реттейтін болса, тараптардың осы баптың 1-тармағына қайшы келетін келісімі елеусіз.

68 - б а п . К е м е н і а у ы с т ы р у

Егер жүк белгілі бір кемеде тасымалдануға тиіс болған жағдайда оны тиеу басталғаннан кейін пайда болған техникалық қажеттіліктердің салдарынан жүкті қайта тиеуді қоспағанда, жүк тек кірепұлшының немесе жөнелтушінің келісімімен ғана басқа кемеge тиелуі мұмкін.

69 - б а п . Ж ү к т і т и е у о р н ы

1. Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушы кірепұлшы көрсеткен жүкті тиеу орнына кемені қоюға міндettі. Кірепұлшы жүкті тиеу үшін қауіпсіз және жарамды, кеме қауіпсіз жете алатындей, жүзген күйі тұра алатын және жүгімен шығып кете алатындей орынды көрсетуге тиіс. Егер кірепұлшы көрсеткен орын жарамсыз, немесе бірнеше кірепұлшылар жүкті тиейтін әртүрлі орындар көрсеткен жағдайда, тасымалдаушы бұл туралы күні бұрын кірепұлшыларды ескерте отырып, аталған порттағы әдеттегі пайдаланатын жүкті тиеу орнына кемені қоя алады.

Кірепұлшы өзінің есебінен кемені басқа жүк тиеу орнына қоюды талап етеді алады.

2. Желілік жол қатынасындағы жүк тасымалдау кезінде жүк тиеу орнын тасымалдаушы айқындейді. Егер жүк тиеу аталған порт үшін әдеттегідей емес жүк тиеу орнында жүргізілсе, тасымалдаушы жөнелтушіні жүк тиеу орны туралы хабардар етеді.

70 - б а п . К е м е н і қ о ю м е р з і м і

Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушы кемені чартермен

келісілген мерзімде қоюға міндettі. Кеме келісілген мерзімде қойылмаған жағдайда кірепұлшының жүкті төңір арқылы тасымалдау шартынан бас тартып, шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқығы бар.

71-бап. Кеменің жүкті тиеуге дайындығы туралы хабардар ету

1. Чартер бойынша жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушы жазбаша түрде кірепұлшыны немесе жөнелтушіні, егер ол кірепұлшы болып көрсетілсе, кеменің жүк тиеуге дайындығы немесе белгілі бір уақытта дайын болатындығы туралы хабардар етуге міндettі. Мұндай хабардар ету тек, егер кеме порттағы тиеу немесе аталған порт үшін әдеттегідей күту орнында тұрған жағдайда ғана, берілуі мүмкін.

2. Хабардар етудің осы баптың 1-тармағында көрсетілген берілу күні мен сағаты тараптардың келісуімен, ал келісім болмаған жағдайда - аталған айлақтың дәстүрлерімен айқындалады.

3. Егер кеме хабардар етуде көрсетілген уақытта жүк тиеуге дайын болмаған жағдайда, осыған байланысты кірепұлшыға келтірілген шығындардың орнын толтыру тасымалдаушыға жүктеледі.

72 - бап. Сталиялық уақыт

1. Сталиялық уақыт (кеме кірепұлға қосымша төлемсіз жүк тиеуге тұрғанда кететін уақыт кезеңі) - тараптардың келісімімен, мұндай келісім болмаған кезде - тиеу портындағы әдеттегі қабылданған мерзім айқындалады.

2. Сталиялық уақыт жөнелтушіге (кірепұлшыға) кеменің жүк тиеуге дайындығы туралы хабар жіберілгеннен кейінгі келесі күннен бастап жұмыс күндерімен, сағатымен және мінүтімен есептеледі.

3. Сталиялық уақытқа жүк тиеу тасымалдаушыға байланысты себептер бойынша, еңсерілмес күштің салдарынан немесе жүктің сақталуына қауіп төндіретін гидрометеорологиялық жағдайлардан немесе оған қауіпсіз тиеуге кедергі келтіретін жағдайларда жүргізілмесе, бұл уақыттар есептелмейді.

Кірепұлшыға байланысты себептер бойынша жүк тиеу жүргізілмеген уақыт сталиялық уақытқа кіргізіледі.

4. Жүк тиеу сталиялық уақыт басталғанға дейін басталған жағдайда, жүк тиеуге нақты кеткен уақыт сталиялық уақытқа есептелінеді.

5. Осы баптың нормалары порттағы жүкті түсіру кезінде оны түсіруге де қолданылады.

73 - бап. Контрсталиялық уақыт

1. Контрсталиялық уақыттың (кеменің жүк тиеуге тұрғанда сталиялық уақыттың үстіне кететін уақыт кезеңі) ұзактығы тараптардың келісімімен, ал ол жоқ кезде - порттағы жүкті қабылдаудың әдеттегі мерзімімен айқындалады.

2. Контрсталиялық уақыт сталиялық уақыт аяқталған сөттен бастап, күнтізбелік күндермен, сағаттармен және минуттармен есептелінеді.

3. Контрсталиялық уақытқа жексенбі және ресми белгіленген мерекелік күндер, портта жарияланған демалыс уақыты, сондай-ақ жүктің сақталуына қатер төндірген не оны қауіпсіз тиеуге кедергі келтіретін еңсерілмес күш немесе гидрометеорологиялық жағдайлар туындарынан жүк тиеудегі үзілістер кіреді.

Тасымалдаушыға байланысты себептермен жүк тиелмеген уақыт контрсталиялық
уақыт кірмейді.

4. Осы баптың, сондай-ақ осы Заңның 74, 75, 76-баптарының нормалары портта жүкті түсіру кезінде түсіруге қолданылады.

74 - бап. Демерредж

Контрсталиялық уақыт үшін төлем (демерредж) тараптардың келісімімен, ал мұндай келісім болмаған кезде - тиісті порттағы дәстүрлі қабылданған ставкаға сәйкес айқындалады. Мұндай ставкалар болмаған жағдайда демерредж кеме мен оның экипажын күтіп, ұстауға кеткен шығындармен айқындалады.

75-бап. Жүк тиеуді мерзімінен бұрын аяқтағаны үшін сыйақы

Тараптардың келісімімен диспач (сталиялық уақыт өткенге дейін кемеден жүк түсіруді аяқтағаны үшін кірепұлшыға берілетін сыйақы) белгіленуі мүмкін. Мұндай келісім болмаған кезде диспач мөлшері демерредждің жартысы мөлшерімен есептелінеді.

76-бап. Тасымалдаушының кемені контрсталиялық уақыт біткеннен кейін жүзуге аттандыру құқығы

1. Тасымалдаушының, егер тіпті келіслген жүк тасымалдаушыға тәуелсіз себептер бойынша кемеге толық тиелмессе де, контрсталиялық уақыт біткеннен кейін кемені жүзуге аттандыруға құқығы бар. Бұл ретте тасымалдаушы кірепұлды толық алуға құқығын сақтайды.

2. Жүк тасымалдау үшін кеменің барлығын алған жағдайда, мұндай уақыт туралы келісім бар болған кезде, жүкті қабылдау мен қаптаудың өзі кемені белгіленген мерзімнен де көп уақыт ұстасуы мүмкін болса да тасымалдаушының сталиялық немесе контрсталиялық уақыт аяқталғанға дейін жеткізілген жүкті қабылдаудан бас тартуға

Қ ұ қ ы ғ ы

ж о қ .

3. Егер жүк тасымалдау үшін кеменің барлығы берілмеген жағдайда, тасымалдаушы стадиялық және контрастадиялық уақыт өткенге дейін, осындай уақыт туралы келісім болған кезде, жүкті қабылдаудан бас тартуға құқығы бар. Кейін ол кешігіп берілуі салдарынан кемеге тиісті ретпен және қалған жүктөр үшін залалсыз тек кемені кешіктіріп қана тиелуі мүмкін. Мұндай жағдайда тасымалдаушы кірепұлды толық алу
қ ұ қ ы ғ ы н
сақтайды .

77-бап. Кемені кешіктіріп ұстағаны үшін шығындардың орнын толтыру

Кемені контрастадиялық уақыттан артық ұстағаны үшін жөнелтуші, кірепұлшы, егер кемені кешіктіру тасымалдаушыға тәуелсіз себептерден болса, тасымалдаушыға келтірілген шығындардың орнын толтыруға міндettі.

78-бап. Кемені кірепұлшының талабы бойынша жүзуге мерзімінен
бұрын аттандыру

Кірепұлшыға жүк тасымалдау үшін кеменің барлығы берілген жағдайда, тасымалдаушы кірепұлшының талабы бойынша, егер тіпті жүктің барлығы тиелмесе де, кемені жүзуге аттандыруға міндettі. Мұндай жағдайда тасымалдаушы толық кірепұлға
қ ұ қ ы ғ ы н
сақтайды .

79 - бап. Бөгде жүкті алғып тастау

1. Жүк тасымалдау үшін кеменің барлығы, оның бөлігі немесе кеменің белгілі бір үй-жайы берілген жағдайда, аттандырушы кемеден, кеменің бөлігінен немесе кеме үй-жайынан жөнелту портында, ал жүк тасымалдау үшін кеменің барлығын алса, кез келген кіру портында бөгде жүкті алғып тастауды талап етуі мүмкін.

2. Жүк кемеден, кеменің бөлігінен немесе кеме үй-жайынан уақтылы алынбаған жағдайда кірепұлшының кірепұлды тиісінше азайтуын, сондай-ақ кірепұлшыға келтірілген шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқығы бар.

80 - бап . Палубалық жүк

1. Тасымалдаушының тек тасымалдаушымен жөнелтушінің арасындағы келісімге сәйкес қана палубада жүк алғып жүруге құқығы бар.

2. Тасымалдаушы мен аттандырушы жүк палубада тасылуы тиіс немесе мүмкін екендігі туралы келісімге келген жағдайда, тасымалдаушы мұндай келісімге келгендігі туралы коносаментте немесе жүкті теңіз арқылы тасымалдау келісімін куәландыратын

басқа құжатта көрсетуге міндетті. Тасымалдаушы оны көрсетпеген жағдайда, ол жүкті палубада алып жүру туралы келісімнің жөнелтушімен жасалғаны туралы дәлелдеуге тиіс. Алайда тасымалдаушының өз еркімен коносомент алған үшінші жаққа қатысты, соның ішінде алушыға қатысты мұндай келісімге сілтеме жасауға құқығы жоқ.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарын бұза отырып, палубада жүк алынып жүрген жағдайда, тасымалдаушы палубада жүк алып жүру туралы келісімге сілтеме жасай алмайды және осы Заңның 109-бабының нормаларына қарамастан, тек қана жүкті палубада алып жүруден туындаған жүктің жоғалғаны, бұлғандағы немесе оның кешіктіріліп жеткізілгені үшін жауапкершілікте болады.

Тасымалдаушы жауапкершілігінің шегі осы Заңның 111 және 112-баптарына сәйкес айқындалады.

4. Егер жүкті трюмде алып жүру келісімі бар бола тұра, жүкті палубада алып жүру тасымалдаушының осы Заңның 112-бабына сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін шектеу құқығын жоғалтуға әкеп соғатын әрекеті немесе әрекетсіздігі ретінде қарастырылады.

81-бап. Жүкті буып-тую және таңбалау

1. Тасымалдау кезінде олардың толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және буып-түюді қажет ететін жүктөр алып жүргүре дұрыс ыдыста және орауда көрсетілуге тиіс. Мемлекеттік стандарттар белгіленген немесе техникалық шарттар белгіленген ыдыстар мен ораулар соларға сәйкес болуға тиіс. Мұндай талаптар жөнелтуші ұсынған контейнерлерге де қолданылады.

2. Жөнелтуші жүкті тиісінше таңбалап, тасымалдаушыға ол туралы қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті. Жүк айрықша көңіл бөлуді қажет еткен жағдайда, жөнелтуші жүктің қасиеттері мен оған қандай бап керек екендігі туралы тасымалдаушыға хабарлауға міндетті.

82 - бап . Жүкті аустыру

Чартерде тегі немесе түрі айқындалған жүк тек тасымалдаушының келісімімен ғана өзге тектегі немесе түрдегі жүкпен ауыстырылуы мүмкін.

83 - бап . Жүкке қатысты құжаттар

Жөнелтуші, заңдармен көзделген жүкті кедергісіз алып жүру үшін қажетті құжаттарды (сертификат, лицензия, ветеринариялық куәлік, кеден декларациясы және өзге де) тасымалдаушыға беруге тиіс.

Жөнелтуші мұндай құжаттарды уақытында бермегені, расталмағандығы немесе

толық еместігі салдарынан болған шығындар үшін тасымалдауышының алдында жауапкершілікте болады.

84-бап. Коносамент беру

1. Тасымалдау үшін жұкті қабылдағаннан кейін тасымалдаушы жөнелтушінің талабы бойынша жөнелтушіге коносамент беруге міндettі.

Коносамент осы Заңның 86-бабы 1-тармағының 3)-8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтері болуға тиіс, жөнелтуші қол қойған құжаттың негізінде жасалады.

2. Жөнелтуші коносаментке енгізуге ұсынылған мәліметтердің растығы үшін тасымалдаушыға кепілдік береді және мұндай мәліметтердің рас болмауы салдарынан тасымалдаушыға келтірілген шығындар үшін жауапкершілікте болады.

Тасымалдауышының шығындарды жөнелтушіден өндіріп алу құқығы жұкті

теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушының жөнелтушіден өзге, кез келген тұлға алдындағы жауапкершілігін жоққа шығара алмайды.

85-бап. Коносаменттің орнына өзге құжат беру

Жөнелтушінің тасымалдаушыдан коносаменттің орнына теңіз жуккұжатын талап етуге құқығы бар. Теңіз жуккұжаттарына, осы Заңның, тауарға билік ететін құжат ретінде коносаментке қатысты 86-бабының 2-тармағының екінші абзацының, 88-90-баптарының және 91-бабының 2-тармағының нормаларын қоспағанда, осы тараудың нормалары қолданылады.

86-бап. Коносаменттің мазмұны

1. Коносаментке негізінде мынадай мәліметтер кіргізілуге тиіс:

1) тасымалдаушының атауы және оның тұрған жері;

2) жұкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес тиеу портының атауы және тасымалдаушының тиеу портында жұкті қабылдаған күні;

3) жөнелтушінің атауы және оның тұрған жері;

4) жұкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес түсіру портының атауы;

5) егер оны жөнелтуші көрсетсе, қабылдаушының атауы;

6) жұктің атауы, жұкті сәйкестендіру үшін қажетті негізгі маркалар, тиісті жағдайлардағы жұктің қауіпті сипаттамасына немесе айрықша қасиетіне сілтеме, орынның немесе заттардың саны және жұктің массасы немесе оның басқаша

көрсетілген саны. Бұл ретте барлық мәліметтер жөнелтуші ұсынған түрде көрсетіледі;

7) жүктің сыртқы жай-күйі және оның орамы;

8) қабылдаушы төлеуге тиіс көлемдегі кірепұл, немесе кірепұлды олардың төлеуге тиістігін көрсететін өзге сілтеме;

9) коносаменттік берілген уақыты мен орны;

10) егер олар біреуден көп болса, коносамент түпнұсқаларының саны;

11) тасымалдаушының немесе оның атынан әрекет етуші тұлғаның қойылған қолы.

Кеме капитаны қол қойған коносамент тасымалдаушының атынан қойылған деп есептеледі.

Тараптардың келісімі бойынша коносаментке өзге де мәліметтер енгізілуі мүмкін.

2. Жүк кеме бортына тиелгеннен кейін тасымалдаушы аттандыруышының талабы бойынша оған, осы баптың 1 тармағында көзделген мәліметтерге қосымша, жүктің белгілі бір кеменің немесе кемелердің бортында екендігін көрсетілуі, сондай-ақ жүкті тиесу күні көрсетілуге тиіс борт коносаментін береді.

3. Егер тасымалдаушы кеме бортына жүк тиелгенге дейін жөнелтушіге тасымалдаушы үшін қабылданған жүкке коносамент немесе аталған жүкке қатысты өзге тауарға билік ететін құжат берсе, жөнелтуші тасымалдаушының өтініші бойынша борт коносаментінің орнына осындай құжатты қайтаруға тиіс.

4. Тасымалдаушы жөнелтушінің борт коносаментіне деген талабын кез келген бұрын берілген қосымша құжатпен, егер осылай толтырылған құжатқа борт коносаментінде болуға тиіс мәліметтің барлығы енген жағдайда, қанағаттандыра алады

87-бап. Коносаменттегі ескертпе. Коносаменттің айғақтық күші

1. Егер коносаментте жүктің атауы, оның негізгі маркалары, орынның не заттың саны, жүктің массасы немесе саны, және тасымалдаушы немесе оның атынан коносамент берген басқа тұлға мұндай мәліметтер нақты қабылданған жүкке немесе тиелген жүкке сәйкес еместігін білсе, немесе жеткілікті негіз бар деп есептесе, борт коносаментін беру кезінде не тасымалдаушының немесе басқа осындай тұлғаның көрсетілген мәліметтерді тексеруге ақылға сыйымды мүмкіндігі болмаса, тасымалдаушы немесе басқа осындай тұлға коносаментке дәл еместігін нақты көрсететін ескертпе жасауға, солай деп есептеу үшін негіз немесе көрсетілген мәліметтерді тексеруге ақылға сыйымды мүмкіндіктің болмағанын көрсетуге тиіс.

2. Егер тасымалдаушы немесе оның атынан коносамент беруші басқа тұлға коносаментте жүктің сыртқы жай-күйін көрсетпесе, коносаментте жүктің сыртқы жай-күйі жақсы деп көрсетілген болып есептеледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес жол берілген ескертпе енгізілген мәліметтерді қоспағанда, егер өзгеше дәлелденбесе, коносаментте жазылғандай, тасымалдау үшін

тасымалдаушы қабылдаған жүкті коносаментте сипатталғандай етіп куәландырады. Егер коносамент, жүктің коносаментте жазылған мазмұнынан ауытқи отырып өз еркімен өрекет етіп үшінші тұлғаға берілсе, тасымалдаушының өзге айғақ ұсынуына ж о л б е р м е й д і .

88 - бап. Коносаменттің түрлері

Коносамент белгілі бір алушының атына (бәсіре коносамент), жөнелтушінің немесе алушының бұйрығына (ордерлік коносамент) не ұсынушыға берілуі мүмкін. Оның жөнелтушінің немесе алушының бұйрығына берілгендігі туралы сілтемесі жок ордерлік коносамент жөнелтушінің бұйрығына берілген болып есептеледі.

89-бап. Коносамент даналарының көптігі

Жөнелтушінің қаналуы бойынша оған бірнеше дана (түпнұсқа) коносамент берілуі мүмкін әрі олардың әрқайсысын да қолда бар коносамент түпнұсқаларының саны көрсетіледі. Ұсынған коносамент түпнұсқаларының бірінің негізінде жүк берілгеннен кейін оның қалған түпнұсқаларының күші жойылады.

90-бап. Коносаментті табыстау

Коносамент мынадай тәртіптер сақтала отырып табысталады:

- 1) бәсіре коносамент бәсірелік табыстама жазбалар бойынша немесе талаптан шығу үшін белгіленген ережелерге сәйкес өзге нысанда табысталуы мүмкін;
- 2) ордерлік коносамент бәсекерлік немесе бланкідегі табыстама жазбамен т а б ы с т а л у ы м ү м к і н ;
- 3) коносамент ұсынушыға қарапайым тапсыру арқылы табысталуы мүмкін.

91 - бап. Жүкке билік ету құқығы

1. Жөнелтушінің оны алушыға бергенге дейін, не осындай құқықты алушыға немесе үшінші тұлғаға бергенге дейін жүкке билік етуге құқығы бар.
2. Жөнелтушінің кеме кеткенге дейін аттанатын жерде жүкті кері қайтаруды, жүкті аралық портта қайтып беруді немесе оны, осы Заңның 97 және 98-бабының талаптарын

сақтай отырып, жөнелтушіге берілген барлық коносамент түпнұсқаларын ұсынған немесе тиісті қамтамасыз етуді ұсынған кезде, тасымалдау құжатында көрсетілген алушыдан басқаға беруді талап етуге құқығы бар.

92-бап. Жүкке қатысты тасымалдаушының міндеттері

1. Тасымалдаушы жүкті тасымалдау үшін қабылдаған сәттен бастап оны берген сәтке дейін міндеттенген түрде тиеуге, тасымалдауға, сақтауға, жүктің қамын ойлауға және түсіруге тиіс.
2. Тасымалдау үшін қабылданған жүкке оның қасиетіне қарай айрықша күтім керек болған және бұл туралы жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында сілтеме жасалған жағдайда, тасымалдаушы осындай сілтемелерге сәйкес жүктің қамын ойлауға тиіс.
3. Талаптардың осы баптың 1-тармағына қайшы келетін келісімдер күші жүрмейді.

93-бап. Қауіпті жүк

1. Қауіпті жүк дұрыс атау көрсетілмей өткізіліп, жүкті қабылдау кезінде тасымалдаушы сырттай қарау арқылы оның қасиеттерін анықтай алмаған жағдайда, мұндай жүк кез келген уақытта, жағдайға қарай, тасымалдаушы арқылы шығындары жөнелтушіге қайтарылмай-ақ түсіріліп тасталуы, жойылуы немесе залалсыздандыруы мүмкін.

Жөнелтуші тасымалдаушының алдында осындай жүкті тиеу нәтижесінде оған шығын келтіргені үшін жауаптылықта болады.

Мұндай жүкті тасымалдау үшін кірепұл қайтарылмайды. Жүкті аттандыру кезінде кірепұл төленбеген болса, тасымалдаушының оны толық өндіріп алуға құқығы бар.

2. Егер тасымалдаушының келісімімен тиелген қауіпті жүк кеме, басқа жүк немесе кемедегі адамдар үшін қауіпті бола бастаған жағдайда, тасымалдаушының жағдайға қарай қауіпті жүкті, жалпы апатты қоспағанда, шығындарды жөнелтушіге қайтармай-ақ түсіріп тастауға, жоюға немесе залалсыздандыруға құқығы бар.

Тасымалдаушының осындай жүкпен нақты жүріп өткен қашықтыққа бара бар мөлшердегі кірепұлға құқығы бар.

94-бап. Жүк тасымалдаудың мерзімі мен бағыты

Тасымалдаушы жүкті тараптардың келісімімен белгіленген мерзім мен бағытта, ал келісім болмаса - салыстырмалы жағдай мен әдеттегідей бағытпен тасымалдау үшін талап етілетін мерзімде жеткізуге міндettі.

95-бап. Кеменің белгіленген портқа кіруіне кедергілер

1. Егер тасымалдаушыға тәуелді емес себептердің салдарынан кеме белгіленген портқа кіре алмаса, тасымалдаушы бұл туралы жөнелтушіні немесе кірепұлшыны не, мұндай тұлға тасымалдаушыға белгілі болса, жукке билігі жүретін уәкілетті тұлғаны дереу хабардар етуге міндettі.

2. Егер жүкті тасымалдау үшін кеменің бәрі берілсе және ақылға сыйымды уақыт ішінде тасымалдаушы хабарлама жіберген сэттен бастап жүкті не істеу керегі туралы өкім түспеген жағдайда, кеме капитанының жүкті жақын маңайдағы порттардың біріне түсіріп тастауға не жүкті, кеме капитанының пікірінше жіберуші немесе кірепұлшы не жукке билігі жүретін уәкілетті тұлға үшін негұрлым тиімді болып көрінуіне қарай, жүкті аттану портына қайтаруға құқығы бар.

3. Егер жүкті тасымалдау үшін кеменің бәрі берілмесе, және тасымалдаушы хабарлама жіберген сэттен бастап жүкті не істеу керегі туралы үш тәулік мерзімде өкім түскен жағдайда, кеме капитанының жүкті жақын маңайдағы порттардың біріне түсіріп тастауға және жіберушіге немесе кірепұлшыға не жукке билігі жүретін уәкілетті тұлғаға бұл туралы хабарлауға құқығы бар. Кеме капитанының, егер олар алған өкімді кемедегі басқа жүктердің иелеріне шығын келтірмей орындауға болмайтын жағдайда да осылай істеуге құқығы бар.

4. Тасымалдаушы жіберушінің немесе кірепұлшының не жукке билігі жүретін уәкілетті тұлғаның өкімін күткен жағдайда, тасымалдаушының осындай күтуге байланысты шығындардың орнын толтыруға, сондай-ақ кеменің нақты жүріп өткен қашықтығына бара бар мөлшерде кірепұлға құқығы бар.

96-бап. Тасымалдаушының жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуы

Тиелген жүктің бағасы жукке кірепұлды және тасымалдаушының жукке кеткен басқа шығындарын жаппаған жағдайда және кірепұлшы кеме аттанар алдында кірепұлды толық енгізбей, қосымша қамтамасыз ету ұсынбаса, тасымалдаушының кеме рейске шыққанға дейін жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартып, толық кірепұлдың жартысын төлетуді, тұрып қалған болса - тұрып қалу төлемін, сондай-ақ басқа шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқығы бар. Жүкті түсіру жіберушінің немесе кірепұлшының есебінен жүзеге асырылады.

97-бап. Жіберушінің немесе кірепұлшының жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуы

1. Жүкті тасымалдау үшін кеме толық берілген жағдайда жіберушінің немесе кірепұлшының:

1) егер жіберушінің немесе кірепұлшының бас тартуы стадиялық немесе контрастадиалық уақыт өткенге дейін болса, не, кеме рейске шыққанға дейін көрсетілген сәттердің қайсысы бұрын болса, тасымалдаушының жүк есебінен өндіріп және шығындар кірепұлшының сомасына енбеген толық кірепұлдың жартысын, тұрып қалған болса - тұрып қалғаны үшін;

2) егер жіберушінің немесе кірепұлшының бас тартуы осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген сәттердің бірінен кейін болса, және жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бір рейске жасалса, толық кірепұлды, осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген басқа сомаларды;

3) бірінші рейс үшін толық кірепұлды, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген басқа сомаларды, және егер жіберушінің немесе кірепұлшының бас тартуы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген сәттердің бірінен кейін болса, және жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бірнеше рейске жасалса, қалған рейстер үшін кірепұлдың жартысын төлеген жағдайда, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуға құқығы бар.

Жіберуші немесе кірепұлшы кеме рейске шыққанға дейін жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартқан кезде тасымалдаушы жіберушіге немесе кірепұлшыға, егер, тіпті жүкті түсіру кемені белгіленген мерзімнен артық ұстайтындей болса да, жүкті беруге міндетті.

Жіберуші немесе кірепұлшы жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан рейс кезінде бас тартқан кезде, жіберуші немесе кірепұлшының жүкті тек, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес кеме кіруге тиіс немесе қажеттілік қүшімен кірген портқа ғана беруді талаң етуге құқығы бар.

2. Егер жүкті тасымалдау үшін кеменің бәрі берілмеген жағдайда, жөнелтуші немесе кірепұлшы толық кірепұлды төлеу тұрып қалғаны үшін төлемді, тасымалдаушының жүгі есебінен өндіріп алған және кірепұл сомасына енбеген шығындардың орнын толтыру шартымен жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартынан орындаудан бас тарта алады. Тасымалдаушы жөнелтушінің немесе кірепұлшының талабы бойынша жүкті, егер одан тасымалдаушыға және басқа

жөнелтушіге залал келмейтін болса, оны белгіленген портқа жеткізгенге дейін беруге міндетті.

98-бап. Тараптардың әрқайсысының жүкті теңіз арқылы

тасымалдау шартын орындаудан бас тартуы

1. Тараптардың әрқайсысының кеменің жүк тиесу орнынан кеткенге дейін екінші тарапқа шығын келтірмей:

1) кемені немесе жүкті басып алу қатерін төнгізетін әскери және өзге іс-әрекеттер;

2) жөндеу орнын немесе баратын орнын қоршап алу;

3) жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының тараптарына тәуелді себептермен кемені ұстаған;

4) төтенше сипаттағы жағдайлар кезінде кемені мемлекеттің қажеттілігі үшін пайдалану;

5) аттанатын жерден тасымалдауға арналған жүкті алып шығуға немесе баратын жеріне жүкті алып кіруге тыйым салған жағдайлар басталған кезде жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартуға құқығы бар.

Осы тармақтың 3) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайлар, егер кемені ұсташа қысқа мерзімге белгіленсе, екінші тарапқа шығын келтірмей-ақ жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тарту үшін негіз бола алмайды. Осы тармақта көзделген жағдайлар басталған кезде тасымалдаушыға жүкті түсірге кеткен

шығадар жүктелмейді.

2. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты тараптарының әрқайсысының, осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлардың кез келгенниң бірі басталу салдарынан, сондай-ақ рейс уақытында оны орындаудан бас тартуға құқығы бар. Бұл ретте жөнелтуші немесе кірепұлшы жүкке кеткен барлық шығындарды, соның ішінде оны тиесу шығындарын тасымалдаушыға, сондай-ақ кеме нақты жүріп өткен қашықтыққа бара бар мөлшерде кірепұл төлейді.

99-бап. Оны орындау мүмкіндігінің жоқтығы салдарынан жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартының тоқтатылуы

1. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты, егер оны жасағаннан кейін және кеме жүкті тиесу орнынан кеткенге дейін тараптарға тәуелді емес:

1) кеменің суға батқан немесе құш көрсету арқылы жаулап алынған;

2) кеме жүзуғе жарамсыз деп танылған;

3) жеке айқындалған жүк суға кеткен;

4) оны тиесу үшін өткізгеннен кейін жөнелтуші тиесу үшін басқа жүкті тапсыруға үлгірмеген, тектік белгілері айқындалған жүктер суға кеткен жағдайларда шарт тараптарының бірі шарттың екінші тарапына шарт тоқтатылғандықтан туындаған

шығындардың орнын толтыру міндептіңсіз тоқтатылады.

2. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлардың салдарынан рейс кезінде де тоқтатылады. Бұл ретте тасымалдаушыға, құтқарылған және табыс етілген жүктің санынан шыға отырып, кеме нақты жүріп өткен қашықтыққа бара бар мөлшерде кірепұл төлеу жүктеледі.

100-бап. Жүкті алуға құқығы бар тұлға

1. Тасымалдауы коносамент негізінде жүзеге асырылатын жүкті тасымалдаушы түсіру айлағында коносаменттің түпнұсқасын:

1) бәсіре коносаментті - коносаментте көрсетілген алушыға немесе коносамент бәсіре табыстама жазба бойынша немесе талаптан шегінү үшін белгіленген ережелерге сәйкес өзге нысандары тұлғаға;

2) ордерлік коносаментті - коносамент жасалған тұлғаға бүйрыққа, коносаментте табыстама жазбалар бар кезде - табыстама жазбалардың тізіліс қатарындағы соңғы көрсетілген тұлғаға немесе соңғы бланкалық жазбасымен қоса коносаментті ұсыну шыға;

3) ұсынушыға арналған коносамент - коносаментті ұсынушыға береді.

2. Егер жүк тасымалдау теңіз жүк құжаты негізінде немесе өзге құжат негізінде жүзеге асырылған жағдайда, тасымалдаушы жүкті осындай құжатта көрсетілген алушыға немесе жөнелтуші көрсеткен алушыға бере алады.

101-бап. Жүкті сақтауға өткізу

1. Жүкті тасымалдау үшін кеменің бөлігі берілген кезде, егер түсіру портында алушы жүкті талап етпесе, немесе одан бас тартса не жүк белгіленген уақытта түсірілмейтіндей оны қабылдауды кешіктірсе, тасымалдауышың жүкті, бұл туралы жөнелтушіге немесе кірепұлшыға, сондай-ақ тасымалдаушыға белгілі болса, алушыға хабардар ете отырып, жүкке билігі жүретін уәкілетті тұлғаның есебінен сақтауға өткізу құқылары .

2. Жүк тасымалдау үшін кеменің бәрі берілген кезде, жүкті сақтау үшін түсіру мен өткізуді, егер сталиялық және контрсталиялық уақыт ішінде жіберушінің немесе кірепұлшының не жүкке билігі жүретін уәкілетті тұлғаның өзге өкімі түспеген жағдайда, тасымалдаушы сталиялық және контрсталиялық уақыт ішінде жүзеге асырады. Тасымалдауышың жүкті сақтауға өткізу үшін жоғалтқан уақыты бос тұру ретінде қарастырылады .

3. Егер кеменің портқа келген күнінен бастап, екі ай ішінде сақтауға өткізілген жүкті түсіру талап етілмеген жағдайда және жөнелтуші немесе кірепұлшы не жүкке билігі жүретін уәкілетті тұлға тасымалдаушыға жүкті тасымалдағаны үшін тиесілі

төлемдерді төлемесе, тасымалдаушы белгіленген тәртіппен жүкті сатуға хақылы. Талап етілмеген тез бұлінетін жүк, сондай-ақ сақтауға кететін шығыны оның бағасынан асып түсетін жүктөр белгіленген мерзім аяқталғанға дейін, бірақ жүк жеткізілген мерзімінен ерте емес уақытта, сатылуы мүмкін.

4. Жүкті сатудан түскен сомадан тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен жүкті сақтау мен сатуға кеткен шығындар шегеріліп, жөнелтушіге немесе кірепұлшыға беріледі.

Егер жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен жүкті сақтау мен сатуға кеткен шығындарды жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда тасымалдаушы өзіне алынбаған соманы жөнелтушіден немесе кірепұлшыдан өндіріп алуға хақылы.

102-бап. Жүкті алушыға берген кездегі төлемдер.
Жүкті ұстап қалу құқығы

1. Алушы өзіне жүк берілген кезде тасымалдаушы келтірген шығындардың орнын жүк есебінен толтыруға, кеменің жүк түсіру портында тұрып қалғаны үшін төлем енгізуге, сондай-ақ кірепұл төлеп, егер бұл коносаментте немесе соның жүк тасымалы жүзеге асырылған басқа құжатта көзделмесе, кеменің жүк түсіру портында тұрып қалғаны үшін төлем енгізуге міндетті, жалпы апат жағдайы кезінде апарттық жарна енгізуге немесе тиісті қамтамасыз ету ұсынуға міндетті.

2. Тасымалдаушы осы баптың 1-тармағында көрсетілген сомалар төленгенге немесе қамтамасыз ету ұсынылғанға дейін жүкті ұстап тұруға хақылы.

Жүкті алушыға тиесілі емес қоймаға сақтауға өткізген жағдайда, тасымалдаушы бұл туралы қойма иесін дереу хабардар ете отырып жүкті ұстап тұру құқығын сақтайды.

3. Жүкті алушыға өткізгеннен кейін, егер тасымалдаушы оған тәуелсіз себептер бойынша ғана жүкті ұстап қалу құқығын жүзеге асыра алмаса, тасымалдаушы жөнелтушіден немесе кірепұлшыдан алушы төлемеген сомаларды талап ету құқығын жоғалтады.

4. Жүкті ұстап қалған тасымалдаушының талабы оның құны есебінен, зандарда белгіленген мөлшерде және тәртіpte қанағаттандырылады.

5. Жүкті сатудан түскен жүкті сатуға байланысты шығындармен сома осы баптың 1-тармағына сәйкес тасымалдаушыға тиесілі сомалар шегеріліп, алушыға беріледі.

Егер жүкті сатудан түскен сомалар осы баптың 1-тармағына сәйкес тасымалдаушыға тиесілі соманы төлеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, тасымалдаушы өзіне алынбаған соманы жөнелтушіден немесе кірепұлшыдан өндіріп алуға хақылы.

103-бап. Жүкті байқау немесе оның жай-күйін тексеру

Жүктің нақты немесе болжалды жоғалуы не зақымдануы кезінде алушы мен тасымалдаушы бір-біріне жүкті алушыға бергенге дейін жүкті байқауға, оның жай-күйін тексеру жүргізуге мүмкіндік беруге міндетті. Жүкті байқауға немесе жай-күйін тексеруге кеткен шығындар байқауды немесе тексеруді талап еткен жаққа жүктеледі.

Егер алушының талап етуі бойынша жүргізілген жүкті байқау немесе оның жай-күйін тексеру нәтижесінде жауапкершілігі тасымалдаушыға жүктелетін жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны белгілі болса, жүкті байқауға немесе оның жай-күйін тексеруге кеткен шығынын тасымалдаушы өтейді.

104-бап. Жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны туралы мәлімдеме

1. Егер жүкті бергенге дейін немесе беру уақытында алушы жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны туралы тасымалдаушыға жазбаша нысанда мәлімдеме жасамаса және жүктің жоғалғаны немесе зақымданғанының жалпы сипатын көрсетпеген жағдайда, өзге дәлелдер болмағандықтан коносамент шарттарына сәйкес жүк алынды д е п е с е п т е л і н е д і .

2. Егер жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны оны дәстүрлі қабылдау кезінде қарапайым тәсілмен белгілі болмағанда, алушы жүкті бергеннен кейін үш күн ішінде тасымалдаушыға мәлімдеме жасалуы мүмкін.

3. Егер ол жүкті беру кезінде тасымалдаушымен бірге, жүкті байқаса немесе оның жай-күйін тексерсе, алушы осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәлімдемені жасамауы мүмкін.

105-бап. Жүктерді тасымалдау кезіндегі төлемдер

Тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді жөнелтуші немесе кірепұлшы төлейді. Жөнелтушінің немесе кірепұлшының және тасымалдаушының арасындағы келісімде көзделген жағдайларда және осылар туралы деректер коносаментке енгізілген кезде төлемдерді алушыға аударуға жол беріледі.

106 - бап. Кірепұл мөлшері

1. Кірепұл көлемі тараптардың келісімімен белгіленеді. Тараптардың келісімі жоқ болған жағдайда кірепұл көлемі жүкті тиеу орнында және жүкті тиеу уақытында қолданылатын ставкаларды негізге ала отырып есептеп шығарылады.

2. Егер жүк кемеге жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көрсетілгеннен көп мөлшерде тиелген жағдайда, кірепұл мөлшері де ұлғайтылады.

3. Егер жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделгеннің орнына кемеге

тасығаны үшін кірепұл мөлшері жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көрсетілгеннен көп басқа жүк тиелген жағдайда, кірепұл шын мәнінде тиелген жүкті тасымалданғаны үшін төленеді.

4. Егер шын мәнінде тиелген жүктің тасымалдағаны үшін төленетін кірепұл мөлшері жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген жүкті тасымалдағаны үшін кірепұлдан кем болса, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген кірепұл төленеді.

107-бап. Тасымалдау кезінде жоғалған жүк үшін кірепұл

1. Тасымалдау кезінде жоғалған жүк үшін кірепұл алынбайды немесе қайтаруға жатады. Жоғалған жүк құтқарылған жағдайда, тасымалдаушының кеме жүріп өткен қашықтыққа бара бар мөлшердегі кірепұлға құқығы бар.

Кеменің нақты жүріп өткен қашықтығы үшін кірепұлды есептеу кезінде жолдың кеме жүкпен жүріп өткен бөлігінің кеменің келісілген рейсінің бүкіл жолының ұзына бойына арақатынасы есепке алынады.

2. Жоғалғаны немесе зақымданғаны оның табиғи қасиеттерінің немесе жөнелтушіге тәуелді себептердің салдарынан болған жүктөр үшін кірепұл толық төленеді.

108-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тасымалдаушыға тасымалдау үшін қабылдаған жүкті жоғалтқаны немесе зақымданғаны үшін не жүкті қабылдаған сәттен бастап берген сәтке дейін оны жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

2. Егер жүк түсіру портына, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартында көзделген, тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде, мұндай келісім болмаған ретте - ұксас жағдайлар кезінде талап етілетін мерзімде берілмесе, тасымалдаушы жүкті жеткізу мерзімін өткізіп алған деп танылады.

3. Тасымалдаушыға жүктің жоғалуына байланысты талап қоюға құқығы бар

тұлға, егер жүк түсіру портындағы жүкті алуға уәкілетті тұлғага осы баптың 2-тармағында белгіленген жүкті беру мерзімі біткеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде берілмесе, жүкті жоғалған деп есептей алады.

4. Тасымалдаушыны жауапкершіліктен босату немесе оның жауапкершілігінің шегін азайту туралы келісімнің күші жоқ.

109-бап. Тасымалдаушыны жауапкершіліктен босату

1. Тасымалдаушы, егер жоғалу, зақымдану немесе мерзімін өткізіп алу:

- 1) еңсерілмес күштің;
 - 2) теңіздегі және басқа кеме жұзу суларындағы қауіптердің немесе кездейсоктықтардың;
 - 3) теңіздегі адамдарды құтқару жөніндегі шаралардың немесе мұліктерді құтқару жөніндегі шаралардың;
 - 4) тасымалдаушының кінәсінсіз туындаған өрттің;
 - 5) мемлекеттік органдардың (ұстай, тұтқындау, карантин және басқалар) іс-әрекетінің немесе өкімдерінің;
 - 6) әскери іс-қимылдардың;
 - 7) жөнелтушінің немесе алушының әрекеті немесе әрекетсіздігі;
 - 8) жүктің, оның қасиеттерінің жасырын кемшіліктерінің немесе табиғи кемуінің;
 - 9) жүк ыдыстары мен орамдарының жасырын кемшіліктерінің;
 - 10) маркалардың жетіспеушілігінің немесе анық еместігінің;
 - 11) ереуілдердің немесе теңіз портының жұмысын толық немесе ішінара тоқтатуды не шектеуді туғызған себептердің;
- 12) тасымалдаушының, оның қызметкерлерінің немесе агенттерінің кінәсінен туындаған басқа себептердің салдарынан болғанын дәлелдесе, жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін не оны жеткізудің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

2. Егер алушы тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны бару портына жүктің:

- 1) дұрыс жүк үй-жайларда, жөнелтушінің дұрыс пломбасымен;
- 2) жолда ашылған ізі жоқ дұрыс ыдыста;
- 3) жөнелтушінің немесе алушының өкілінің алып жүруімен келген жағдайда, тасымалдаушының кінәсінен болғанын дәлелдей алмаса, тасымалдаушы жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

110-бап. Жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін тасымалдаушының жауапкершілік мөлшері

1. Тасымалдаушыға жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін мынадай мөлшерлерде жауапкершілік жүктеледі:
 - 1) жүкті жоғалтқаны үшін - жоғалған жүк құнының мөлшерінде;
 - 2) жүктің зақымданғаны үшін - оның құнының төмендеген сомасы мөлшерінде;
 - 3) құндылығы тасымалдау үшін қабылданған жүк жариялана отырып, жоғалған жағдайда - жүктің жарияланған құнының мөлшерінде.

2. Жұк жоғалған немесе зақымданған жағдайда, егер кірепұл жүк құнына енбейтін болса, тасымалдаушы өзі алған кірепұлды қайтарады.

3. Орнын толтыруға жататын жалпы сома, жүк құнын негізге ала отырып, жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес, жүк тиелген немесе тиелуге тиіс жерде және
күнде есептеледі.

Жүктің құны сатушының есебінде көрсетілген немесе шартпен көзделген бағадан шыға отырып, ал есебінде жоқ болған немесе шартта баға көрсетілмеген жағдайларда - осындай жағдайларда балама жүктөрден әдеттегідей алынатын бағалардан шыға отырып айқындалады.

4. Жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін, орнын толтыру сомасынан жүк иесі жүргізуға тиіс болған, бірақ жүктің жоғалу немесе зақымдану салдарынан жүргізілмеген жүк тасымалына кеткен шығындар (кірепұл, баж салығы және басқалар) шегеріледі.

111-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін шектеу

1. Егер жүктің тегі мен түрі, сондай-ақ құқын жүкті түсіргенге дейін жөнелтуші арқылы жарияланбаған және коносаментке енгізілмеген жағдайда, тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін тасымалдаушының жауапкершілігі бір орын үшін 666,67 есеп айырысу өлшемінен немесе түсіндірудің басқа мөлшерінен не қандай сома жоғары екеніне байланысты жоғалған немесе зақымданған жүк бруттосының бір килограммы үшін екі есеп айырысу өлшемінен аспауға тиіс.

2. Тасымалдау үшін қабылданған жүкті жеткізудің мерзімін өткізіп алғаны үшін тасымалдаушының жауапкершілігі жүкті теңіз арқылы тасымалдау шартына сәйкес төлеуге жататын кірепұл мөлшерінен аспауға тиіс.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының негізінде тасымалдаушы өтеуге жататын жалпы сома осындай жауапкершілік туындаған жүкке қатысты оның толық табылғаны үшін сәйкес белгіленетін осы баптың 1-тармағына жауапкершіліктің шегінен аспауға тиіс.

4. Егер жүкті тасымалдауға контейнер, поддон немесе басқа құрал пайдаланылған жағдайда, осындай құралда тасымалданғандар ретінде коносаментте санамаланған орын саны немесе түсіру бірліктері осы баптың мақсаты үшін орындар саны немесе түсіру бірлігі болып есептеледі. Көрсетілген жағдайды қоспағанда, мұндай құрал орын немесе жүк мөлшері болып есептеледі.

5. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау тараптары өз келісімімен осы баптың 1-3 тармақтарында көзделгендерден асып түсетін жауапкершілік шектерін белгілей алады.

112-бап. Жауапкершілікті шектеуге құқықты жоғалту

Тасымалдаушының, егер тасымалдау үшін қабылданған жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны не оны жеткізудің мерзімін өткізіп алғаны, оның қасақана немесе дөрекі абайсыздықтан жасаған жеке әрекетінің немесе жеке әрекетсіздігінің нәтижесі екендігі дәлелденсе, осы Заңың 114-бабында көзделген жауапкершілікті шектеуге құқығы жоқ.

113-бап. Нақты тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Нақты тасымалдаушыға жүкті немесе оның бір бөлігін тасымалдағаны үшін тасымалдаушының жауапкершілігі туралы осы тараудың, нормаларына сәйкес жаупаршілік жүктеледі.

2. Тіпті егер жүкті немесе оның бір бөлігін тасымалдауды нақты тасымалдаушы жүзеге асырса да, осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес жүктің барлық тасымалы үшін жауапкершілік тасымалдаушыға жүктеледі.

3. Тасымалдаушы өзіне осы тарауда көзделмеген міндеттерді ала алатын немесе осы тарауға сәйкес берілетін құқықтардан бас тарта алатын келісім, нақты тасымалдаушыға тек, егер ол осыған жазбаша түрде келісім берген жағдайдаған, қолданылады.

4. Егер жауапкершілік тасымалдаушы мен нақты тасымалдаушыға жүктелетін болса, олардың жауапкершілігі ортақ болып табылады.

114-бап. Жөнелтуші мен кірепұлшының жауапкершілігі

Жөнелтуші мен кірепұлшыға, егер келтірілген шығындар өздерінің кінәсінен емес екендігін немесе өздері жауап беретін тұлғалардың әрекетінің немесе әрекетсіздігінің кінәсінен емес екендігін дәлелдемесе, тасымалдаушыға келтірілген шығындар үшін жаупаршілік жүктеледі.

115-бап. Толассыз жүк тасымалы

1. Егер тасымалдаушы жүктің бір бөлігін тасымалдауды тасымалдаушы емес, басқа тұлға жүзеге асыруға тиіс екендігі көзделген толассыз коносамент берген жағдайда, толассыз коносамент тасымалдаушыға тасымалдау үшін қабылданған жүкті тасымалдаудың бір бөлігін жүзеге асыру негізінде жүк басқа тұлғаның жүргізуінде болған уақытта орын алған себептер туындарқан жоғалғаны немесе зақымданғаны не оны жеткізу уақытын өткізіп алғандығы үшін жауапкершілік жүктелмейді деп қарастыры

мұмкін.

2. Жүк тасымалының бір бөлігін жүзеге асыруши тұлғага жүк өзінің жүргізуінде болған уақытта орын алған себептер туындарқан тасымалдау үшін қабылданған жүктің

жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін не оны жеткізу уақытын өткізіп алғандығы үшін тасымалдаушының жауапкершілігі туралы осы тараудың нормаларына сәйкес жаупке рашілік жүктеледі.

10-тарау. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шарты 116-бап. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартының анықтамасы

1. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушы мен, оны жолаушы өткізген жағдайда, теңдеме жүкті баратын пунктіне дейін апаруға және теңдеме жүкті алуға уәкілетті тұлғаға беруге міндettенеді, ал жолаушы жол және теңдеме алып жүргені үшін оны төлеуге міндettенеді.

2. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартын жасасушы немесе соның атынан мұндай шарт жасасушы тұлға, соның ішінде тасымалдауды немесе оның бір бөлігін жүзеге асырған жағдайда нақты тасымалдаушы тасымалдаушы болып табылады

3. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша не тасымалдаушының келісімімен жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша автомашиналарды немесе жануарларды алып жүру мақсатында тасымалдауды кемемен жүзеге асырушы тұлға жолаушы болып табылады.

117-бап. Тасымалдау құжаттары

Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шарты билетпен, теңдеме жүкті теңіз арқылы тасымалдау - теңдеме жүк түбіртегімен куәландырылады. Билет нысаны мен теңдеме жүк түбіртегі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

118-бап. Теңдеме жүк және каюталық теңдеме жүк

1. Теңдеме жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдауды тасымалдаушы жүзеге асыратын заттар теңдеме жүк болып табылады.

2. Жолаушы каютасында немесе жолаушымен бірге болатын теңдеме жүктөр каюталық теңдеме жүк болып табылады.

119-бап. Жолаушының жол жүргені үшін төлем және оның теңдеме жүкті алып жүргені үшін төлем

1. Жолаушының жол жүргені үшін төлем мен оның теңдеме жүкті алып жүргені үшін төлем тараптардың келісімімен айқындалады.

2. Жолаушының жол жүргені және оның тәндеме жүкті көпшілік пайдаланылатын көлікпен алып жүргені үшін төлемді тасымалдаушы айқындейды.

3. Жолаушының:

1) бөлек орын беру құқығының өзімен бірге - 7, ал халықаралық жол қатынастарында 5 жасқа дейінгі бір баланы ақысыз алғып жүруге;

2) 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде жол жүру билетінің толық құнының 50 процентін төлеп, билет алға;

3) 5 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға халықаралық жол қатынасында жол жүру билетінің толық құнының 50 процентін төлеп билет алға;

4) өзімен бірге белгіленген норма шегінде ақысыз қауталық тәндеме жүк алып жүрге

құқығы бар.

120-бап. Жолаушылар мен тәндеме жүкті тасымалдау кезеңдері

1. Жолаушылар мен тәндеме жүкті тасымалдау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) жолаушыға және оның қауталық тәндеме жүгіне қатысты - жолаушыны кеме бортына отырғызу, кеме бортынан түсіру және оның кеме бортында болу, сондай-ақ қауталық тәндеме жүкті кеме бортына тиесу, кеме бортынан түсіру және оның кеме бортында болу кезеңі. Жолаушы мен тәндеме жүкті тасымалдауға егер оның құны билет құнына енгізілсе немесе, егер қосымша тасымалдауға арналған кемені тасымалдаушы жолаушының билігіне берсе, жағалаудан су жолымен кемеге не керісінше, жағаға жеткізу кезеңі енгізіледі.

2) кемеге немесе баратын пункттің айлағына (вокзалына) жеткізу үшін жолаушы өткізген қауталық тәндеме жүкке қатысты - тасымалдаушы оның қызметкері немесе агенті қауталық тәндеме жүкті қабылдаған сәттен бастап, оны кеме бортындағы немесе баратын пункттегі жолаушыға берген сәтке дейінгі кезең;

3) тәндеме жүкке қатысты - тасымалдаушы оның қызметкері немесе агенті тәндеме жүкті жағалауда не кеме бортында қабылдаған сәттен бастап, тәндеме жүкті жолаушыға немесе тәндеме жүкті алға уәкілетті тұлғаға берген сәтке дейінгі кезең.

2. Жолаушыға қатысты тасымалдауға жолаушы теңіз вокзалында, айлағында немесе өзге порт құрылышында болған кездегі кезең енгізілмейді.

121-бап. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартынан бас тарту

1. Жолаушы кеме аттанып кеткенге дейін, сондай-ақ кеме рейс аяқталғанға дейін, жолаушыларды отырғызу немесе түсіру үшін кірген кез келген портта жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартынан бас тартуға хақылы.

2. Жолаушы жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан өзіне

тәуелді емес мынадай жағдайлар басталған кезде:

- 1) соғыс және кемені басып алу қаупін тудырған өзге әрекеттер;
- 2) аттану пунктіндегі немесе баратын пунктіндегі блакадалар;
- 3) кемені мемлекет қажеті үшін пайдалануға тарту;
- 4) кеме суға кеткен немесе басып алынған;
- 5) кеменің жүзуге жарамсыздығы танылған кезде;
- 6) табиғи және техногендік төтенше жағдайларда бас тартуға хақылы.

3. Осы бапта көзделген жағдайлар басталған кезде жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан бас тартқан тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны оның талап етуі бойынша аттану пунктіне жеткізуғе немесе жолаушыға өзі келтірген нақты шығындарды өтеуге міндетті.

4. Жолаушы теңіз арқылы тасымалдау шартын орындаудан кеме кеткенге дейін бас тартса, жолаушыға жол жүргені және теңдеме жүкті алып жүргені үшін төленген сомалардың бәрі, ал рейс басталғаннан кейін - жолаушыны тасымалдау жүзеге асырылмаған қашықтыққа бара-бар мөлшерде жол жүргені және теңдеме жүкті алып жүргені үшін төленген соманың бір бөлігі қайтарылады.

5. Жол жүргені және теңдеме жүкті алып жүргені үшін төлемді қайтару көліктегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жүргізіледі.

122-бап. Жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартының өзгеруі

1. Тасымалдаушы егер мұндай әрекет табиғи құбылыстар, аттану пунктіндегі, баратын пункттегі немесе жолаушыларды тасымалдау бағытындағы жолдағы қолайсыз санитариялық-эпидемиялық жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ тасымалдаушыға тәуелді емес басқа себептердің салдарынан қажет болғанда кеменің шығуын ұстап тұруға, жолаушыларды тасымалдау бағытын, жолаушыларды отырғызу мен (немесе) түсіру орнын өзгертуге хақылы.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларда тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны оның талап етуі бойынша аттану пунктіне жеткізуғе немесе жолаушыға өзі келтірген нақты шығындарды өтеуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағының нормалары жолаушының жолаушыларды теңіз арқылы тасымалдау шартының бас тарту құқығына қолданылмайды.

123-бап. Жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және теңдеме жүк үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тасымалдаушыға, егер зиян зардап шегушінің қаскөйлік ниетінің немесе еңсерілмейтін күштің салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жолаушының қаза болу немесе оның денсаулығына нұқсан келтіру салдарынан туындаған зиян үшін

зандарда көзделген жауапкершілік жүктеледі.

2. Тасымалдаушы, егер жолаушының дөрекі абайсыздығы оның қазасына немесе денсаулығының зақымдалуына себеп болғанын, не оның қазасына, денсаулығының зақымдануына әкеліп соққанын толық немесе ішінера дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылуы мұмкін.

3. Жолаушының қаза болу немесе оның денсаулығына зақым келтіру салдарынан туындаған зиянды тасымалдаушының өтеуі азаматтық зандарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Тасымалдаушы, егер тенденце жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе зақымдануы өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жолаушының тенденце жүгінің жоғалғаны, жетіспегені немесе зақымдалғаны үшін жауап береді.

124-бап. Бағалы заттардың жоғалуы мен зақымдануы

Тасымалдаушы, егер мұндай бағалы заттар олардың тұтастығын сақтауға келіскең тасымалдаушыға сақтау үшін өткізілмеген жағдайда, ақшаның, бағалы қағаздардың, алтынның, күмістен жасалған заттардың, қымбат бағалы заттардың, сәндік бұйымдардың, өнер туындыларының немесе басқа да бағалы заттардың жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін жауап бермейді. Сақтауға өткізілген бағалы заттар үшін тасымалдаушыға толық, бірақ, егер шартта жауапкершіліктің неғұрлым жоғары шегі белгіленбесе, осы Занда көзделген шектен аспайтын көлемде жауапкершілік жүктеледі.

125-бап. Тенденце жүктің жоғалғаны немесе зақымданғаны туралы арыз

1. Жолаушы мынадай мерзімдерде тасымалдаушыға немесе оның агентіне жазбаша түрде арыз жолдауға тиіс:

1) қауталық тенденце жүк зақымданған немесе жоғалған кезде - жолаушы түскенге дейін немесе түскен сэтте;

2) тенденце жүк зақымданған кезде - оны берген сэтте;

3) тенденце жүктің немесе қауталық тенденце жүк көрінбестей зақымданған кезде - оларды бергеннен бастап он бес күн ішінде;

4) тенденце жүк жоғалған кезде - жолаушыны түсірген сэттен бастап немесе тенденце жүк берілуғе тиіс сэттен бастап, он бес күн ішінде.

2. Егер жолаушы осы бапта көзделген талаптарды орындаған жағдайда, егер басқа дәлелденбесе, жолаушы өз тенденце жүгін зақымданбаған күйінде алды деп есептеледі.

3. Егер тенденце жүкті алу сэтінде тасымалдаушы жолаушымен бірге тенденце жүкті байқаса және оның жай-күйін тексеріп, тиісті акті жасаса, жолаушының жазбаша

тұрдегі

арызы

талап

етілмейді.

126-бап. Сақтаудың шекті мерзімінің тууы бойынша тенденце
жүкке билік ету

Егер жолаушы өзіне тәуелді емес себептер бойынша тенденце жүкті алмаса, тасымалдаушы оны жол журу билетіне сәйкес жолаушыны тасымалдау біткен теңіз портына өткізуге хакылы.

Мұндай тенденце жүкті сақтауға билік ету тәртібі тасымалдау ережелері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді.

127-бап. Тасымалдаушының кемені аттандыруды ұстап қалғаны немесе кеменің кешігіп келгені үшін жауапкершілігі

Егер тасымалдаушы кемені аттандыруды ұстап қалу немесе оның кешігіп келуі өзіне тәуелсіз жағдайлардың салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жолаушыларды тасымалдаушы кемені аттандыруды ұстап қалғаны немесе кеменің келетін пунктке кешігіп келгені үшін тасымалдаушы жолаушыға әрбір ұстап қалған сағаты үшін билет құнының үш проценті мөлшеріндегі айыппұл төлейді, бірақ ол жолаушының жол жүргені үшін төлемінің және оның тенденце жүкті алып жүргені үшін төлемінің 50 проценттен аспайтын мөлшеріндегі.

128-бап. Іс жүзіндегі тасымалдаушы

1. Егер жолаушыларды немесе оның бөлігін тасымалдауды жүзеге асыру іс жүзіндегі тасымалдаушыға тапсырылған жағдайда, тасымалдаушыға жолаушылардың барлық тасымалы үшін осы тарауда белгіленген жауапкершілік жүктеледі. Сонымен қатар, іс жүзіндегі тасымалдаушының осы тарауда көзделген ол жүзеге асыратын жолаушыларды тасымалдауға қатысты құқық пен міндеттері бар.

2. Іс жүзіндегі тасымалдаушы жүзеге асыратын жолаушыларды

тасымалдауға қатысты, тасымалдаушыға өз міндеттерінің (өкілеттерінің) шегінде әрекет етуші іс жүзіндегі тасымалдаушының оның қызметкерлерінің немесе агенттерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауапкершілік жүктеледі.

3. Іс жүзіндегі тасымалдаушының қосымша міндеттері жазбаша нысанда жасалған келісімде белгіленеді.

4. Егер жауапкершілік тасымалдаушымен іс жүзіндегі тасымалдаушыға жүктелген жағдайда олардың жауапкершілігі бірдей болып табылады.

129-бап. Жолаушыларды тасымалдау кестесі

Жолаушыларды тасымалдауды кесте бойынша тасымалдаушы ұйымдастырады.

Жолаушыларды тасымалдау кестесінің өзгеруі тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

130-бап. Мұдделі тұлғалардың ұсыныстары бойынша жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру

Жолаушыларды тасымалдау тиісті шарт жасала отырып, мұдделі тұлғалардың ұсыныстары бойынша ұйымдастыруы мүмкін. Мұндай тасымал үшін, соның ішінде жолаушы мен оның теңдеме жүгін тасымалдағаны үшін төлемді тараптар шарт бойынша дербес белгілейді.

11-тaraу. Кемені уақытша (тайм-чартер) кірепұлдау шарты

131-бап. Кемені уақытша (тайм-чартер) кірепұлдау шартының анықтамасы

Кемені уақытша (тайм-чартер) кірепұлдау шарты бойынша кеме иесі

бәтуаласқан төлем (фрахт) үшін кірепұлшиға жүктерді, жолаушыларды немесе сауда мақсатындағы теңізде жүзудің өзге мақсаттары үшін, белгілі бір мезгілге пайдалануға кеме мен кеме экипажы мүшелерінің қызметін ұсынады.

132-бап. Тайм-чартер шартының мазмұны

Тайм-чартер шартында тараптардың атауы, кеменің атауы, оның техникалық және пайдалану деректері (жүккөтергіштігі, жүксыйымдылығы, жылдамдығы және басқалар), жүзу ауданы, кірепұлдаудың мақсаты, кемені беру мен қайтарудың уақыты, кірепұлдың ставкасы, шарттың қолданыстағы мерзімі көрсетілуге тиіс.

133-бап. Кемені уақытша (қосалқы тайм-чартер) қосалқы кірепұлдау шарты

1. Егер тайм-чартерде өзгеше көзделмеген жағдайда кірепұлшы тайм-чартерде берілген құқықтардың шегінде өз атынан үшінші жақпен тайм-чартердің қолданыстағы барлық мерзіміне немесе осындай мерзімнің бір бөлігіне (қосымша тайм-чартер) кемені уақытша кірепұлдау шартын жасай алады. Қосалқы тайм-чартерді жасау кірепұлшыны оның кеме иесімен жасаған тайм-чартерін орындаудан босатпайды.

2. Қосалқы тайм-чартерге осы тараудың нормалары қолданылады.

134-бап. Тайм-чартер шарты бойынша кеменің теңізде жүзу
жай-күйін қамтамасыз ету

1. Кеме иесі кемені кірепұлшыға берер сәтте оны теңізде жүзу жай-күйіне келтіруге - тайм-чартерде көзделген мақсаттар үшін кеменің (оның корпусының, двигателінің және құрал-жабдықтарының) жарамдылығын қамтамасыз ету жөнінде, кеме экипажын жинақтау мен кемені тиісті жарақтандыру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2. Сонымен қатар, кеме иесі тайм-чартердің қолдану мерзімі ішінде кемені теңізде жүзу жай-күйінде ұстаяға, кемені және өзінің жауапкершілігін сақтандыруға, сондай-ақ кеме экипажы мүшелерін күтіп, ұстаяға кеткен шығыстарды төлеуге міндетті.

135-бап. Кемені коммерциялық пайдалану және оны қайтару
бойынша кірепұлшының міндеттері

1. Тайм-чартерде айқындалған оларды берудің мақсаты мен шарттарына сәйкес, кірепұлшы кеме мен оның экипаж мүшелерінің қызмет көрсетулерін пайдалануға міндетті. Кірепұлшы кемені коммерциялық пайдалануға байланысты шығыстарды төлеуді.

Кірепұлданған кеме мен оның экипаж мүшелерінің қызмет көрсетулерін пайдалану нәтижесінде алынған кірістер, осы Заңның 141-бабына сәйкес, кеме иесі мен кірепұлшының арасында бөлінетін құтқарудан түсken кірістерді қоспағанда, кірепұлшының меншігі болып табылады.

2. Тайм-чартердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кірепұлшы кемені кеме иесіне, кеменің қалыпты тозуын ескере отырып, өзі алған жай-күйінде қайтаруға тиіс.

3. Кеме уақтылы қайтарылмаған кезде кірепұлшы кемені ұстап қалғаны үшін тайм-чартерде көзделген кірепұл көлеміндегі соманы немесе, егер ол тайм-чартерде көзделген кірепұл ставкасынан асып түссе, кірепұлдың нарықтық ставкасына сәйкес соманы төлеуді.

136-бап. Кірепұлшының жүк иесі алдындағы жауапкершілігі

Кеме кірепұлшыға жүк тасымалдау үшін берілген жағдайда, кірепұлшы өз атынан жүк тасымалы шартын жасасуға, чартерлерге қол қоюға, коносаменттерді, теңіз жүккүжаттары мен өзге де тасымал құжаттарын беруге хақылы. Мұндай жағдайда кірепұлшы осы Заңның 103-115-баптарының нормаларына сәйкес, жүк иесінің алдында жауапкершілікте болады.

137-бап. Кеме екипажы мүшелерінің бағыныстырығы

1. Кеме капитаны мен кеме екипажының басқа да мүшелері кеме иесінің кемені басқаруға, соның ішінде кемені жүргізуге, кемедегі ішкі тәртіп пен кеме екипажының құрамына қатысты өкіміне бағынады.

2. Кеме капитаны мен кеме екипажының басқа да мүшелері үшін кірепұлшының кемені коммерциялық пайдалануға қатысты өкімі міндетті болып табылады.

138-бап. Кемені құтқаруға, оның суға батуына немесе зақымдануына кеткен шығындар үшін кірепұлшыны жауапкершіліктен босату

Кірепұлшыға, егер шығындар кірепұлшының кінәсінен екендігі дәлелденбесе, кемені құтқаруға, оның суға батуына немесе зақымдануына кеткен шығындар үшін жауапкершілік жүктелмейді.

139 - бап. Кірепұл төлеуде

1. Кірепұлшы кеме иесіне тайм-чarterден көрсетілген тәртіппен және мезгілде кірепұл төлейді. Кірепұлшы, кеме теңізде жүзе алмайтын жай-куйде болуының салдарынан, оны пайдалануға жарамсыз уақыт үшін кемеге кірепұл мен шығыстар төлеуден босатылады.

Кірепұлшының кінәсінен кеме пайдалану үшін жарамсыз бола бастаған жағдайда, кеме иесінің, кірепұлшының кеме иесіне келтірген шығындарын өтегеніне қарамастан, тайм-чarterде көзделген кірепұлға құқығы болады.

2. Кірепұлшы кірепұл төлеудің мерзімін он бес күнтізбелік күннен

артық өткізіп алған жағдайда, кеме иесінің ескертусіз кірепұлшыдан кемені алып қоюға және одан мерзімін өткізіп алғандықтан келген шығындарды өндіріп алуға құқығы бар.

140-бап. Кеменің суға батуы және кірепұл төлеу

Кеме суға батқан жағдайда тайм-чартерде көзделген күннен бастап кеме суға батқан күнге дейін немесе, бұл күнді белгілеу мүмкін болмағанда, кеме туралы соңғы хабар алынған күнге дейін, кірепұл төленуге тиісті.

141-бап. Құтқару жөніндегі қызмет көрсетулер үшін сыйақы төлеу

Тайм-чартердің қолдану мерзімі аяқталғанға дейін құтқару бойынша көрсеткен қызметтері үшін кемеге тиесілі сыйақы кеме иесі мен кірепұлшының арасында, құтқаруға кеткен шығындар мен кеме экипажына тиесілі сыйақы үлесі шегеріле отырып, тең үлесте бөлінеді.

12-тарау. Кемені экипажсыз кірепұлдау шарты (бербоут-чартер)

142-бап. Кемені экипажсыз кірепұлдау шартының (бербоут-чартер) анықтамасы

Кемені экипажсыз кірепұлдау шарты (бербоут-чартер) бойынша кеме иесі бәтуаласқан ақыға (фрахт) белгісіз мерзімге кірепұлшының пайдалануы мен иелігіне жүктөрді, жолаушыларды немесе теңізде жүзудің өзге де сауда мақсатында тасымалдау үшін экипажбен жинақталмаған және жаракталмаған кемені беруге міндеттенеді.

143-бап. Бербоут-чартердің мазмұны

Бербоут-чартердің тараптардың атауы, кеме атауы, оның сыныбы, жалауы, техникалық және пайдалану деректері (жүккөтергіштігі, жүксыйымдылығы, жылдамдығы және басқалар), оған жұмсалатын отын мөлшері, жүзу ауданы, кірепұлдау мақсаты, кемені беру мен қайтару уақыты, орны, кірепұл ставкасы, шарттың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс.

144-бап. Экипажсыз кемені қосалқы кірепұлдау шарты (сұбеборту-чартер)

1. Бербоут-чартерде өзгеше көзделмеген жағдайда, кірепұлшы бербоут-чартерде берілген құқықтардың шегінде өз атынан үшінші жақпен бербоут-чартердің қолданыстағы барлық мерзіміне немесе осындай мерзімнің бір бөлігіне (қосалқы

бербоут-чартерге) экипажсыз кемені кірепұлдау шартын жасай алады. Қосалқы бербоут-чартерді жасау кірепұлшыны оның кеме иесімен жасаған бербоут-чартерді орындауда

босатпайды.

2. Қосалқы бербоут-чартерге осы тараудың нормалары қолданылады.

145-бап. Бербоут-чартер шарты бойынша кеменің теңізде жүзу жай-күйін қамтамасыз ету

1. Кеме иесі кемені кірепұлшыға берер сәтте оны теңізде жүзу жай-күйіне келтіруге - бербоут-чартерде көзделген кірепұлдау мақсаты үшін кеменің (оның корпусының, двигателінің және құрал-жабдықтарының) жарамдылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар

қолдануға міндettі.

2. Кірепұлшы бербоут-чартердің қолдану мерзімі ішінде кемені теңізде жүзу жай-күйінде ұстауға міндettі, бірақ кеменің жасырын кемшіліктерін жою кеме иесінің міндettі болып табылады.

146-бап. Бербоут-чартер шартының шарты бойынша кеме экипажын жинақтау

Кірепұлшы кеме экипажын жинақтауды жүзеге асырады. Кірепұлшы кеме экипажын бұрын осы кеменің экипаж мүшелері болмаған тұлғалардан немесе, бербоут-чартердің шартына сәйкес, осы кеме экипажының бұрынғы мүшелерінен жинақтауға хақылы. Кеме экипажын жинақтаудың тәсіліне қарамастан, кеме капитаны мен кеме экипажының басқа да мүшелері кірепұлшыға бағынады.

147-бап. Кемені пайдалану және оны қайтару бойынша кірепұлшының міндettі

1. Бербоут-чартердің шарттарына сәйкес, кірепұлшы кемені пайдалануды жүзеге асырады және пайдалануға байланысты барлық шығыстарды, соның ішінде кеме экипажының мүшелерін күтіп ұстауға кеткен шығыстарды да мойнына алады.

2. Бербоут-чартердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кірепұлшы кемені кеме иесіне, кеменің қалыпты тозуын ескере отырып, өзі алған жай-күйінде қайтаруға міндettі.

148-бап. Кірепұлшының үшінші жақтың алдындағы жауапкершілігі

Кірепұлшыға, үшінші жақтың кемені пайдалануға байланысты туындаған кез келген талаптары бойынша, кемеден төгілген мұнай мен ластанудан келетін зиянды

және қауіпті заттарды теңіз арқылы тасымалдауға байланысты зиянды өтеу талаптарын қоспағанда, олардың алдында жауапкершілік жүктеледі.

149-бап. Кемені құтқаруға, оның суға батуына немесе зақымдануына кеткен шығындар

Егер шығындар өзінің кінәсінен екенін дәлелдемесе, кемені құтқаруға, оның суға батуына немесе зақымдануына кеткен шығындар үшін кірепұлшыға жауапкершілік жүктеледі.

150-бап. Кеме иесіне кірепұл төлеу

1. Кірепұлшы кеме иесіне, тараптар келіскең ставка бойынша, бір ай бұрын кірепұл төлейді. Кірепұлшы, егер кеменің жарамсыздығы кірепұлшының кінәсінен болмаған жағдайдаған, кеме теңізде жүзе алмайтын жай-күйде болуының салдарынан пайдалануға жарамсыз уақыт үшін кемеге кірепұл мен шығыстар төлеуден босатылады.

2. Он бес күнтізбелік күннен артық кірепұл төлеудің мерзімін өткізіп алған жағдайда, кеме иесінің кемені, осы Заңның 151-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, кірепұлшыдан кемені ескертусіз алып қоюға және одан мерзімін өткізіп алған уақыт келтірген шығындарды өндіріп алуға құқығы бар.

3. Кеме суға батқан жағдайда кірепұл, бербоут-чартерде көзделген күннен бастап, кеме суға батқан күнге дейін немесе бұл күнді белгілеу мүмкін болмағанда, кеме туралы соңғы хабар алынған күнге дейін төленуге тиісті.

151-бап. Кемені алып қоюға жол бермеушілік

Осы Заңның 152-бабына сәйкес, кемені сатып алу шартымен жасалған бербоут-чартер бойынша он бес күнтізбелік күннен астам кірепұл төлеудің мерзімін өткізіп алған жағдайда, егер мұндай уақытты өткізіп алу кірепұлшыға тәуелсіз жағдайлардан туындаста, кеме иесінің, кірепұлшыдан кемені алып қоюға хақысы жок, бірақ кірепұлшыдан мерзімін өткізіп алғандықтан келтірілген шығындарды өндіріп алуға

х а қ ы л ы .

152-бап. Кемені сатып алу

Кірепұлшы бербоут-чартер бойынша өзінің міндетін орындаған, осы Заңның 150-бабының 1-тармағына сәйкес, ең соңғы кірепұл төлемін жүргізсе, кірепұлшы кемені сатып алған шартпен жасалған бербоут-чартер бойынша, бербоут-чартердің мерзімі

аяқталғанда кеме кірепұлшының меншігіне өтеді.

153-бап. Сатып алынған кеменің кемшілігі үшін жауапкершілік

Кеме иесіне кірепұлшы сатып алған кеменің кез келген кемшілігі үшін, соның ішінде егер кірепұлшы бұл кемшіліктер кемені өзіне бергенге дейін туындағаның немесе оны бергенге дейін туындаған себептердің әсерінен болған кемшіліктер екенін дәлелдесе, жасырын кемшіліктер үшін де жауапкершілік жүктеледі.

13-тарау. Жетекке алу шарты

154-бап. Жетекке алу шартының анықтамасы

Жетекке алу шарты бойынша бір кеменің иесі, сыйақы үшін, екінші кемені немесе өзге де жүзбелі объектіні белгілі бір қашықтыққа жетекке алуға (теңіздегі жетекке алу) не порт акваториясында маневрлар жасау үшін, соның ішінде кемені немесе өзге де жүзбелі объектіні портқа енгізу не оларды порттан шығару үшін (порттағы жетекке алу
)

м індettенеді .

155-бап. Тараптардың жетекке алу шарты бойынша міндеттері

1. Жетекке алу шартының әрбір тарабы күні бұрын өз кемесін немесе өзге жүзбелі объектіні жетекке алуға жарамды жай-күйге келтіруге міндетті.

2. Жетекке алу, жағдай талап еткендегі, шеберлік пен қажеттіліктерді қоспағанда және теңіз тәжірибесіндегі дәстүрге сәйкес, үзіліссіз және кешігусіз жүзеге асырылуға тиіс .

156-бап. Теңіздегі жетекке алу жауапкершілігі

1. Теңіздегі жетекке алу жетекке алынған кеме капитанының басқаруымен жүзеге асырылады .

Теңіздегі жетекке алу кезінде жетекке алынған кемеге немесе өзге де жүзбелі объектіге не олардағы адамдарға немесе мұлікке келтірілген залал үшін жауапкершілік, егер залал оның кінесінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, жетекке алынған кеменің иесіне жүктеледі .

2. Теңіздегі жетекке алу шартының тараптары жазбаша нысандағы келісім бойынша теңіздегі жетекке алуды басқару жөніндегі міндетті жетекке алынған кеменің немесе өзге де жүзбелі объектінің капитанына жүктей алады. Мұндай жағдайда теңіздегі жетекке алу кезінде жетекке алынған кемеге не ондағы адамдарға немесе мұлікке

келтірілген залал үшін жауапкершілік, егер зиян оның кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, жетекке алынған кеменің немесе өзге де жұзбелі объектінің иесіне жүктеді.

157-бап. Порттағы жетекке алу жауапкершілігі

1. Порттағы жетекке алу жетекке алынған кеменің немесе өзге де жұзбелі объекті капитанының басқаруымен жүзеге асырылады.

Порттағы жетекке алу кезінде жетекке алынған кемеге немесе өзге де жұзбелі объектіге не олардағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін жауапкершілік, егер залал оның кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, жетекке алынған кеменің иесіне жүктеді.

2. Порттағы жетекке алу шартының тараптары жазбаша нысандағы келісім бойынша теңіздегі жетекке алуды басқару жөніндегі міндетті жетекке алынған кеменің немесе өзге де жұзбелі объектінің капитанына жүктей алады. Мұндай жағдайда теңіздегі жетекке алу кезінде жетекке алынған кемеге не ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін жауапкершілік, егер зиян

оның кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, жетекке алынған кеменің иесіне жүктеледі.

158-бап. Мұз жағдайындағы жетекке алу жауапкершілігі

Жетекке алынған кеме иесі, мұз жағдайындағы жетекке алу кезінде жетекке алынған кемеге немесе өзге де жұзбелі объектіге не олардағы адамдарға не мүлікке келтірілген залал үшін, егер залал оның кінәсінен келтірілмегені дәлелденсе, жауап бермейді.

14-тарау. Экспедитор, теңіз агенті, теңіз брокері

159-бап. Көлік экспедициясының, теңізде агент

қызметін көрсетудің шарты

1. Көлік экспедициясының, теңізде агент қызметін көрсетудің шарты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен осы Заңның, Азаматтық кодектің, көлікте экспедициялық қызметті жүзеге асыру ережелерінің нормаларына сәйкес жасалды.

2. Теңізде агент қызметін көрсетудің шарты теңіз агенті мен кеме иесінің арасында

жасалған көлік экспедициясының шарты болып табылады.

3. Теніз агенттік ісінің шарты бойынша теңіз агенті сыйақы үшін және кеме иесінің есебінен шартта айқындалған кейбір қызметті, соның ішінде кеме иесінің атынан немесе өз атынан теңіз жүгін тасымалдау шартын (шарттарын) жасасып, орындауға немесе ұйымдастыруға міндеттенеді.

4. Теніз агенті кеме иесінің келісімімен, сонымен қатар осындай іс-қимылға үәкілеттік берген басқа тараптың пайдасына занды және өзге де іс-қимылдар жасай алада .

160-бап. Теніз делдалдығының шарты

1. Теніз делдалдығының шартына сәйкес, делдал (теніз брокері) сенім білдірушінің тапсырмасы бойынша оның атынан және соның есебінен кемелерді сатып алу, сату, жалдау, жетекке алу шарттарын, сондай-ақ теңіздегі сақтандыру шарттарын жасасқан кезде теңіз делдалдығының шартында

белгіленген сыйақы үшін делдалдық қызмет көрсетуге міндеттенеді.

2. Теніз брокері, егер тараптар оған өкілеттілік берсе, шарттарды жасасқанда екі тараптың атынан да қызмет көрсетуі мүмкін. Бұл ретте теңіз брокері әр тарапқа өзінің екі тарапқа да өкіметтік жасайтынын хабарлауға тиіс және делдалдық қызметті көрсеткен кезде екі жақтың да мұддесін көздеуге міндетті.

15-тарау. Сақтандыру.

161-бап. Міндетті сақтандыру

1. Сауда мақсатында теңізде жүзу жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде:

1) осы тараудың нормаларына сәйкес, жолаушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянның салдарынан туындаитын міндеттемелер бойынша тасымалдаушының жауапкершілік тәуекелі;

2) еңбек туралы зандарға сәйкес, өздерінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде өз қызметкерлерінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянның салдарынан туындаитын жұмыс берушінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік тәуекелі;

3) осы Заңың 18-тарауының нормаларына сәйкес, көлемі 2000 және одан да көп тонна жүк ретіндегі мұнай тасымалдау кезіндегі кемеден мұнаймен ластаудың зардабы

үшін және қауіпті жүктөрді тасымалдау кезіндегі жауапкершілік тәуекелі міндетті сақтандыруға жатады.

2. Халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыратын жүк тасушы Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға орай міндетті сақтандыру жүргізеді.

162-бап. Жолаушыны міндетті сақтандырудың шарттары

1. Сақтандыру жағдайының нәтижесінде жолаушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне тигізілген зиян, нақты келтірілген залал шегінде, осы заңың 20-тарауында белгіленген жауапкершілікті шектеу туралы ережені ескере отырып, сақтандыруды өтеге жатады.

2. Тасымалдаушының сақтандырушымен сақтандыру шарты шартты жасасқан күннен бастап күшіне енеді.

3. Шұғыл қажеттілік немесе қажетті қорғаныс жағдайында жасалған іс-әрекетті қоспағанда, сақтандыру жағдайының тууына бағытталған жолаушының қасақана іс-әрекетінің нәтижесінде жолаушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтірілген жағдайда сақтандырушы сақтандыру сомасын төлемейді.

4. Жолаушының өмірін, денсаулығын және мүлкін міндетті сақтандыру кезінде жол жүру құжаты (билет) сақтандыру полисі болып табылады.

5. Сақтандыру төлемі мен сақтандыруды өтеу көлемі, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

163-бап. Ерікті сақтандыру

1. Сауда мақсатында теңізде жүзу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде кез-келген мүліктік мүдде осы тарауда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру туралы зандарға сәйкес ерікті түрде сақтандырылуы мүмкін.

2. Сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушы сақтандырушыға тәуекел деңгейін айқындау үшін маңызды мәнге ие және сақтандырушыға белгілі немесе белгілі болуға тиісті, сондай-ақ сақтанушы сұратқан мәліметтерді, жағдай туралы мәліметтерді сақтанушыға хабарлауға міндетті.

Сақтанушы сақтандырушыға жалпыға белгілі мәліметтерді, сондай-ақ сақтандырушыға белгілі немесе белгілі болуға тиіс мәліметтерді хабарлау міндетінен босатылады.

3. Тәуекел деңгейін айқындау үшін маңызды мәнге ие жағдайлар туралы мәліметтерді сақтанушы хабарламаған кезде немесе дұрыс емес мәліметтер хабарлаған кезде сақтандырушы сақтандыру шартын орындаудан бас тартуға хақылы. Бұл ретте, егер сақтанушы мәліметтерді хабарламау немесе дұрыс емес мәліметтерді хабарлау оның кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, сақтандыру төлемдері қайтарылуға жатпайды

4. Тәуекел деңгейін айқындау үшін маңызды мәнге ие жағдай өтіп кеткен болса және олар туралы сақтанушы хабарламаса, сақтандырушиның сақтандыру шартын орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.

164-бап. Сақтандырылған жүкті иеліктен алушың салдарлары

1. Сақтандырылған жүкті иеліктен алған жағдайда сақтандыру шарты күшін сақтайды, бұл ретте сақтанушының барлық құқықтары мен міндеттері ондай жүкті а л у ш ы ғ а к ө ш е д і .

2. Егер сақтандырылған жүкті иеліктен алғанға дейін сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, оны төлеу міндетін жүкті сақтандырушы да, оны алушы да бірдей көтереді. Сақтандыру төлемін төлеуді талап ету, сақтандыру төлемі төленбегені көрсетілмеген сақтандыру куәлігінің (полис, сертификат) иесіне қатысты емес.

165-бап. Сақтандырылған кемені иеліктен алушың салдарлары

Сақтандырылған кемені иеліктен алған жағдайда кемені иеліктен алған сәттен бастап сақтандыру шарты тоқтатылады. Сақтанушының талабы бойынша сақтандырылған кемені рейстегі кезінде иеліктен алған жағдайда, рейс аяқталғанға дейін сақтандыру шарты күшінде қалады және кемені алушыға сақтандырушының барлық құқықтары мен міндеттері көшеді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген салдарлар бербоут-чартер шарты бойынша кеме жалдаушының иелігіне сақтандырылған кемені пайдалануга берген жағдайда тұындаиды.

166-бап. Сақтандыру сомасы

1. Кемені, жүкті немесе өзге мүлікті сақтандырған кезде сақтандыру сомасы сақтандыру шартын (сақтандыру құнын) жасасқан сәттегі олардың нақтылы құнынан асып кете алмайды. Егер сақтандырушы оны сақтанушы шатастырғанын дәлелдемесе, тараптар сақтандыру шартында айқындалған мүліктің сақтандыру құнын өзгерте а л м а й д ы .

2. Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы мүліктің сақтандыру құнынан асып кеткен жағдайда, сақтандыру шартының сақтандыру сомасының сақтандыру құнынан асып кететін бөлігінде жарамсыз болып табылады.

3. Сақтандыру сомасы мүліктің сақтандыру құнынан төмен хабарланған жағдайда, сақтандыру өтемінің мөлшері сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатысына б а р а - б а р к е м і т і л е д і .

167 - б а п . Қосарлы сақтандыру

1. Объект жиынтығында оның сақтандыру құнынан асып кететін сомада бірнеше сақтандырушыда сақтандырылған (қосарлы сақтандыру) жағдайда, барлық сақтандырушының міндеттемесі сақтандыру құны мөлшерінде шектеледі. Бұл ретте әрбір сақтандырушы өзі жасасқан сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру сомасының сол объектіге байланысты жасалған барлық сақтандыру шарттары бойынша жалпы сақтандыру сомасының қатысына бара-бар мөлшердегі міндеттемеге жауап береді.

2. Кеме иеленушінің жауапкершілігі бірнеше сақтандырушыда сақтандырылған (қосарлы сақтандыру) жағдайда, сақтандырушылардың әрқайсысының міндеттеме мөлшері сақтандыру шартына сәйкес оның міндеттемесіне тең болады.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде кеме иеленушінің жауапкершілік мөлшері барлық сақтандырушылар жауапкершілігінің кем болған жағдайда, сақтандырушылардың әрқайсысы өз жауапкершілігі көлемінің барлық сақтандырушылар жауапкершілігінің көлеміне бара-бар көлемде жауап береді.

168 - б а п . Б а с п о л и с

1. Айрықша келісім бойынша (бас полис) сақтанушы нақтылы кезең мерзімінде алатын немесе жөнелтетін барлық немесе белгілі бір жүргі сақтандырылуы мүмкін.

2. Сақтанушиның талабы бойынша сақтандырушы бас полис қолданысы аясындағы кейбір жүк жөнелтімдеріне сақтандыру куәлігін (полис, сертификат) беруге міндетті. Кейбір жүк жөнелтімдері сақтандыру куәлігінің бас полиске сәйкес келмеуі жағдайында сақтандыру куәлігіне басымдық беріледі.

3. Сақтанушы сақтандырушыға бас полистің қолданысы аясындағы әрбір жүк жөнелтімі, атап айтқанда жүк тасымалдайтын кеменің атауы, жүктің тасымалданатын жолы және сақтандыру сомасы туралы шартта белгіленген қажетті мағлұматтарды хабарлауға міндетті. Сақтанушы жүкті жөнелту туралы мәліметтерді ол жеткізілетін портына бұлніссіз жеткізілгеннен кейін алғанның өзінде мұндай міндеттіліктен б о с а т ы л м а й д ы .

4. Егер сақтанушы кейбір жүк жөнелтімі туралы қажетті мәліметтерді

сақтандырушы әдейі хабарламаған немесе уақытылы хабарламаған жағдайда сақтандырушы бас полис бойынша міндеттемелерін орындаудан бас тартуға хақылы.

Мұндай жағдайларда сақтандырушының сақтанушы сақтандыру шартын дұрыс орындаған жағдайда алуға тиісті болған сақтандыру төлемінің барлық сомасын алуға құқы бар.

169-бап. Сақтандырушыны сақтандыру өтемін төлеуден
босатудың негіздері

Сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру өтемін төлеуден толық немесе
ішінара бас тартуға сақтандыру жағдайы:

- 1) жөнелтушінің немесе алушының не оның өкілінің қасақана
іс-әрекетінен немесе дөрекі абайсыздығы;
- 2) сақтандырушы білмеген қауіпті жүкті тиесінан тұындағанда
хақылы.

170-бап. Тәуекелді өзгертудің салдарлары

1. Сақтанушы немесе пайда алушы бұл өзіне белгілі болған сэтте, шұғыл түрде
сақтандырушыға сақтандыру объектінде немесе сақтандыру объектіне қатысты (қайта
тиесінан, жүкті тасымалдау тәсілі, түсіру порты өзгергені, кеменің белгіленген немесе
қалыпты бағыттан ауытқығаны, кемені қыстауға қалдыру және басқалар) кез келген
мәнді өзгерістер туралы хабарлауға міндettі.

2. Тәуекелдің артуы, егер ол адамдарды, кемелерді немесе жүкті құтқарумен не
рейсті қауіпсіз жалғастыру қажеттігінен тұындағанда, сақтандырушыға сақтандыру
шарты талаптарын қайта қарауға немесе қосымша сақтандыру төлемін талап етуге, ал
сақтанушы келіспеген жағдайда - шартты бұзуға құқық береді. Бұл ретте сақтандыру
төлемдері қайтарылуға жатпайды.

171-бап. Шығындарды болдырмау немесе азайту

1. Сақтандыру жағдайы туған кезде сақтанушы шығындарды болдырмау немесе
кеміту жөніндегі қажетті шараларды қолдануға, сақтандырушыны сақтандыру
жағдайының тұындағаны туралы дереу хабардар етуге және, егер ондай тапсырмалар
берілсе, сақтандырушының тапсырмаларын орындауға міндettі.

2. Егер сақтандыру жағдайы сақтанушының немесе пайда алушының
ойластыруымен немесе дөрекі абайсыздығынан орын алса, сақтандырушы теңіз
сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру өтемін төлеуден босатылады.

172-бап. Сақтандырушының жалпы апат бойынша жарналарды
қамтамасы з етуі

Сақтандырушы сақтанушының немесе пайда алушының талабы бойынша сақтандыру шарттарына сәйкес, сақтандыру сомасы мөлшеріндегі жалпы апат бойынша жарна төлеуді қамтамасыз етуге міндettі.

Жалпы апат бойынша диспаша (залалдың есебі, оны бөлу) түзген кезде сақтанушы сақтандырушының мұдделерін есепке алуға міндettі.

173-бап. Сақтандырылушкиның шығыстарын өтеу

1. Сақтандырушы сақтанушыға немесе пайда алушыға олар шығарған мынадай:

1) егер сақтанушы немесе пайда алушының шығынның алдын алу немесе кеміту жөніндегі шаралары табыссыз болғанының өзінде, олар үшін сақтандырушы жауаптылықта болатын шығындардың алдын алуға немесе кеміткені;

2) осы Заңның 171-бабына сәйкес сақтандырушының нұсқауларын орындағаны;

3) сақтандырушы өтеуге тиісті шығындардың мөлшерін анықтағаны және б е л г і л е г е н і ;

4) жалпы апат бойынша диспаша түзгені үшін қажетті шығыстарын өтеуге міндettі.

2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған шығыстар сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатысына бара бар мөлшерде өтеледі.

174-бап. Сақтандырушының артық сақтандыру сомасына жауаптылығы

1. Сақтандырушы сақтандыру сомасы мөлшеріндегі шығындар үшін жауаптылықта болады, алайда осы Заңның 173-бабында көрсетілген шығыстар да, сондай-ақ жалпы апат бойынша жарнаны, олар өтелуге тиісті шығындармен қоса сақтандыру сомасынан артып кетуі мүмкін болғанына қарамастан, сақтандырушы өтейді.

2. Бірінен соң бірі орын алған бірнеше сақтандыру жағдайы келтірген шығындар үшін, егер, тіпті ондай шығындардың жалпы сомасы сақтандыру сомасынан асып кетсе де, сақтандырушы жауаптылықта болады.

175-бап. Кеме хабар-ошарсыз жоғалып кеткен кездегі сақтандырушының жауаптылығы

1. Сақтандырушы кеме хабар-ошарсыз жоғалып кеткен жағдайда барлық сақтандыру сомасы мөлшерінде жауаптылықта болады.

2. Егер кеме туралы соңғы ақпарат теңіз сақтандыруы шартының қолданыс мерзімі біткенге дейін алынса, және, егер сақтандырушы кеменің теңіз сақтандыруы шартының қолданыс мерзімі біткеннен кейін қирағанын дәлелдемесе, кеменің хабар-ошарсыз жоғалғаны үшін сақтандырушының жауаптылығы туындейды.

176-бап. Абандон (мұліктен бас тарту)

1. Мұлік қираудан сақтандырылған жағдайда, сақтанушы немесе пайда алушы мынадай жағдайларда сақтандырушиға сақтандырылған мұлікке деген өз құқықтарынан бас тартатыны туралы (абандон) мәлімдей алады және барлық сақтандыру сомасын алады:

- 1) кеме хабар-ошарсыз жоғалып кеткенде;
- 2) кеме және (немесе) жүк жойылғанда (толық нақтылы қирағанда);
- 3) кемені қалпына келтіру немесе жөндеу экономикалық тұрғыдан қисынсыз болғанда (кеменің толық конструкциялық қирауы);
- 4) кеменің ақауларын жою немесе баратын портына жеткізу экономикалық тұрғыдан қисынсыз болғанда;

5) сондай қауіптен сақтандырылған кеме мен жүкті басып алғанда, егер басып алу алты айдан аса созылса.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда:

- 1) мұлік толық құнында сақтандырылса, сақтандырылған мұлікке деген барлық құқықтар;
- 2) мұлік толық құнында сақтандырылмаса, сақтандырылған мұліктің сақтандыру құнына қатысты сақтандыру сомасына барабар үлесінің құқығы сақтандырушиға өтеді.

3. Сақтандырушы, егер кеме қирамаған болып шықса, сақтандыру өтемінің сақтанушыға немесе пайда алушыға келтірілген нақтылы шығынға сәйкес бөлігін шығарып тастағандағы сақтандыру өтемін қайтаруды талап ете алады.

4. Тараптардың осы бапқа қайшы келетін келісімдері жарамсыз болады.

177-бап. Абандон туралы шағым

1. Сақтандырушыға осы Заңның 175, 176-баптарына көрсетілген уақыт

аяқталған немесе жағдайлар туындаған сэттөн бастап алты ай ішінде абандон туралы шағым жасалуға тиіс.

2. Сақтанушы немесе пайда алушы алты ай өткеннен кейін абандонға құқығын жоғалтады және шығындарын өтеуді жалпы негіздерде талап ете алады.

3. Абандон туралы шағым сөзсіз болуға тиіс және кері қайтарылуы мүмкін емес.

178-бап. Үшінші тұлғалардың шығындарды өтеуінің салдарлары

Сақтанушының немесе пайда алушының шығындарын үшінші тұлғалар өтеген жағдайда, сақтандыруши сақтанушыға немесе пайда алушыға теңіз сақтандыруы шартының талаптарына сәйкес төленуге тиісті сома мен сақтандырылуын немесе пайда иеленуші үшінші тұлғалардан алған сома арасындағы айырманы ғана төлейді.

16-тaraу. Ортақ апат

179-бап. Ортақ апattyның түсінігі және оны бөлудің принциптері

1. Жалпы қауіпсіздік үшін және жалпы теңіздегі кәсіпорындардың - кеменің, кірепұлдың, жүктің есебіне кіретін мүліктерді ортақ қауіптен сақтау мақсатындағы шығындар салдарынан болған шығындар ортақ апат деп аталады.

2. Осы баптың 1-тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттердің тікелей салдары болып табылатын шығындар ғана ортақ апат деп танылады.

3. Ортақ апат тасымалдау ережесіне сәйкес, жалпы теңіз кәсіпорнының апатқа ұшырау уақыты мен орнындағы олардың құндарына қарай кеменің, жүктің және кірепұлдың арасында шамалас бөлінеді.

4. Сонымен қатар, жалпы теңіздегі кәсіпорын, бір немесе бірнеше кеме басқа кемені немесе басқа кемелерді жетекке алып не итеретін оқиғалардан да орын алады, бірақ олардың бәрі құтқару операциясына емес, коммерциялық қызметке қатысушы болуға тиіс.

Кеме, басқа кемеден немесе басқа кемелерден қарапайым ажырау нәтижесінде қауіпсіз жағдайда қалса, басқа кемемен немесе басқа кемелермен бірге жалпы қауіпке ұшырамайды. Ажырау жалпы апат актісі болып көрінген жағдайда, жалпы теңіздегі кәсіпорындар жалғаса береді.

180-бап. Кеменің баспана орнына кіруін туындататын жалпы апат

1. Бақытсыз жағдайдың немесе жалпы қауіпсіздік үшін осындай кірудің немесе оралудың қажеттілігінен туындайтын төтенше жағдайлар салдарынан кеменің портқа немесе жүк тиеудің өзге де орнына оралуына кететін шығындар ортақ апат деп танылады.

2. Кеменің баспана орнына кіруіне немесе оның жүк тиеу орнына оралуына кететін шығыстар ортақ апат деп аталған жағдайда, оған кеменің осындай орыннан жүкпен немесе жүктің бөлігімен шығуына байланысты шығындар да жатады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлар кезінде кеменің баспана

орнына кіруінің немесе оның жүк тиеу орнына оралуының нәтижесінде рейстің ұзартылуына байланысты кеме экипажы мүшелерінің жалақысы мен жабдықталымына, отын мен жабдықтау заттарына кеткен шығыстар ортақ апattар деп танылады.

4. Осы баптың 1-3-тармағының нормалары кеменің кіріп, бірақ оған жөндеу жүргізу мүмкін болмаған баспана орнынан басқа айлаққа немесе басқа жерге орын ауыстыруына кеткен шығыстарға, сондай-ақ кемені уақытша жөндеуге, оның жетекке алынуы мен рейстің ұзартылуына байланысты шығыстарға тиісінше қолданылады.

181-бап. Кемені уақытша жөндеу

Кемеге жүк тиеу орнында, жалпы қауіпсіздік үшін кеме кірген орында немесе баспана орнында не ортақ апattық құрбандықтар салдарынан келтірілген зақымдануларды жою үшін жүргізілген уақытша жөндеуге кеткен шығыстар ортақ апатқа жатады. Рейсті аяқтау үшін қажетті кездейсоқ зақымдарды уақытша жоюға кеткен шығыстар, тек алдын алу шығыстарының мөлшерінде ғана өтеледі, ейткені ол шығыстар, егер мұндай зақымдарды жою өткізілмеген болса, ортақ апатқа жатқызылар е д i .

182-бап. Жалпы қауіпсіздік үшін кемені ұстап қалуды тұындаған шығыстар

1. Бақытсыз жағдайлар, құрбандықтар салдарынан қандай да бір портта немесе орында кемені ұстап қалуды тұындаған кеме экипажының жалақысы мен жабдықталымына кеткен шығыстар немесе ортақ қауіпсіздік үшін басқа төтенше не осындай бақытсыздық жағдайларды, құрбандықтар немесе басқа төтенше жағдайларды жоюға кеткен шығыстар, егер мұндай жою рейстің қауіпсіз жалғастыру үшін қажет болса, ортақ апattар деп танылады. Осындай ұстап қалу уақытында тұындаған отынға, жабдықтау заттарына кеткен шығыстар және порттың шығыстары, ортақ апатқа қатысы жоқ зақымдарды жоюға кеткен шығыстарды қоспағанда, ортақ апattы бөлу тәртібімен ө т е л е д i .

2. Осы баптың 1-тармағының нормалары қандай да бір бақытсыз жағдайда немесе рейс кезінде орын алған өзге төтенше жағдайға қатысы жоқ зақымдарды жою салдарынан кемені ұстап қалу тұындаған шығыстарға қолданылмайды. Мұндай шығыстар, тіпті зақымдарды жою рейстің қауіпсіз жалғасуы үшін қажет болса да, ортақ а п а т д е п т а н ы л м а й д ы .

183-бап. Кемені жүзуге жарамсыз деп танудың салдары немесе кеменің рейсті жалғастыруынан бас тарту

Кеме жүзуге жарамсыз деп танылған немесе кеменің рейсті жалғастыруынан бас тартылған жағдайда ортақ апатқа тек кеме жүзуге жарамсыз деп танылғанға немесе кеменің рейсті жалғастыруынан бас тартылғанға дейін не жүкті түсіру аяқталмаған жағдайда, жүкті түсіру аяқталмағанға дейін кеткен (сақтауға, сақтандыруға, кеме экипажының жалақысына және оның жабдықталымына, отынға, жабдықтау заттарына, порттық шығыстарға кеткен) шығыстар жатады.

184-бап. Құтқаруға кеткен шығыстар туындарынан ортақ апат

1. Құтқару осы Заңның 179-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсатта жүзеге асырылса, жалпы теңіздегі кәсіпорынға қатысуши тараптар жүргізген құтқаруға кеткен шығыстар, құтқару шарт негізінде әлде басқа түрде жүзеге асырылғанына қарамай, ортақ апат деп танылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығыстарға, мөлшерін айқындаған кезде құтқарушылардың, осы Заңның 213-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қоршаған ортаға залалдың алдын алудағы немесе оны азайтудағы шеберлігі мен күш салу назарға алынатын құтқарғаны үшін сыйақы да кіреді.

Кеме иесіне құтқарушы осы Заңның 214-бабының 4-тармағында көзделген мөлшерде төлейтін арнайы өтемақы ортақ апат деп танылмайды.

185-бап. Құтқару жөнінде шаралар қолдануды туындарынан ортақ апат

Құтқару жөнінде шаралар қолдануды туындарынан ортақ апат осы Заңның 179-бабында көрсетілген белгілер бар болғанда, атап айтқанда:

1) жүкті кеме бортынан тыскары лақтырғанда келтірілген шығындар, сондай-ақ ортақ қауіпсіздік үшін құрбандықтар туындарынан, атап айтқанда, жүктерді лактыру үшін ашылған люк немесе сол үшін жасалған басқа ойық арқылы трюмге судың ақтарылуы салдарынан кемеге немесе жүкке келтірілген шығындар;

2) кемедегі өртті сөндіруге байланысты, соның ішінде осы мақсатта жағаға айдал шығаруға немесе өртенген кемені суға батыруды жүргізуға кеткен шығындар;

3) кеменің қайранға өзі шыға алу-алмауына қарамай, кемені қайранға әдейі отырғызыу үшін кемеге немесе жүкке келтірілген шығындар;

4) кемені қайраннан шығару кезінде кеме двигателін, кеменің басқа машиналары мен қазандарының зақымдануынан кемеге келтірілген зияндар;

5) қайранда қалған кемені, жүкті, отынды немесе жабдықтау заттарын кемеден лихтерге тасу арқылы жеңілдетуге, лихтерлерді жалдауға және оларды кемеге қайта тиеге кеткен, сондай-ақ осы шығындардың салдарынан болған басқа төтенше шығындар ортақ апат деп танылады.

186-бап. Айналадағы ортаға залалдың алдын алу немесе оны азайту жөніндегі шаралар туындаған шығыстар

Айналадағы ортаға залалдың алдын алу немесе оны азайту жөніндегі шаралар туындаған шығыстар, мына жағдайларды бірінде немесе бірінде жүргізілсе:

1) жалпы қауіпсіздік үшін жүзеге асырылған операцияның бөлігі ретінде, бірақ оны жалпы теңіздегі кәсіпорыннан тыс тарап қолға алған болса, сол тарапқа құтқарғаны үшін сыйақыға құқық берілген болар еді;

2) осы Заңның 180-бабында көзделген жағдайлар кезінде кемені портқа кіргізу не кемені порттан немесе орыннан шығару шартымен;

3) осы Заңның 180-бабында көзделген жағдайлар кезінде кемені портта немесе орнында ұстау шартымен. Егер кемеден ластаушы заттар ағуы немесе құйылуы іс жүзінде орын алса, осыған байланысты айналадағы ортаға залалдың алдын алу немесе азайту жөніндегі қажетті қосымша шаралар туындаған шығыстар ортақ апат деп таңылады;

4) жүкті түсіруге, қоймаға салуға немесе қайта тиеуге байланысты, егер көрсетілген операцияларға кеткен шығыстар ортақ апат деп танылса, ортақ апатқа жатады.

187-бап. Жүктің, отынның не жабдықтау заттарының зақымдануы немесе жойылуынан, кірепұлдың жоғалуынан болған шығындар

1. Оларды кемеде орын ауыстыру, кемеден түсіру, қайтадан кемеге тиесі мен орналастыру нәтижесінде, сондай-ақ оларды сақтау нәтижесінде келтірілген жүктің, отынның не жабдықтау заттарының зақымдануы немесе жойылуынан болған шығындар, егер көрсетілген операцияларды жүзеге асыруға кеткен шығыстар ортақ апат деп танылған жағдайларда, ортақ апат деп танылады.

2. Жүктің жоғалуынан туындаған кірепұлдың жоғалуы, егер жүктің жоғалуы ортақ апatty бөлу тәртібімен өтелген жағдайларда, ортақ апат деп танылады. Бұл орайда кірепұлдан, оны кемені иеленуші қайырымдылық жасау мақсатында алып, бірақ артынан жасалмаған қайырымдылыққа кеткен шығыстар шегеріледі.

188 - бап . Ауыстырушы шығыстар

Кейін ортақ апатқа жатқызылатындағы басқа шығыстармен бірге келтірілген кез келген қосымша шығыстар (ауыстырушы шығыстар) ортақ апат деп танылады. Ауыстырушы шығыстар тек осындағы ауыстырушы шығыстар нәтижесінде ортақ апатқа қатысушылардың қандай да бірі алған алдын алу шығыстары мөлшерінде ғана, үнемдегеніне қарамай, өтеледі.

189-бап. Ортақ апат деп танылмайтын шығындар (жекеше апат)

1. Осы Заңның 179-бабының 1-тармағында белгіленген, ортақ апат белгілері жоқ шығындар, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көрсетілген шығындар жекеше апат деп танылады. Мұндай шығындар кеме, жүк және кірепұл арасында бөлуге жатпайды, және оларды зардал шеккендер өтейді немесе оларды шығын келтіргені үшін жауап кершіліктегі **адам** өтейді.

2. Тіпті, осы Заңның 179-бабының 1-тармағында көрсетілген:

1) сауда мақсатында теңізде жүзу ережелері мен дәстүрлерін бұза

отырып, кемеде тасымалданып келе жатқан, борттан тысқары лақтырылған жүктің құны;

2) тұтіннің немесе қызы әсер ету салдарынан болған кемедегі өртті сөндіруге байланысты келтірілген шығындар;

3) теңіздегі қауіп салдарынан бұрын ығып немесе іс жүзінде хабар-ошарсыз кеткен кеме сынықтарын немесе бөліктерін шауып тастаудан келген шығындар;

4) жүзуде жүрген кеме двигательдерінің жұмысын немесе двигательдердің, басқа машиналардың, қазандардың өзге жұмысын жылдамдатуға кеткен шығындар;

5) рейс ұзақтығын ұлғайту салдарынан кеме немесе жүк келтірген кез келген шығын мен залал (тұрып қалғаннан, бағаның өзгеруінен келген шығындар және басқалар) белгілері бар болған күннің өзінде ортақ апат деп танылмайды.

190-бап. Кеменің, оның машиналарының немесе керек - жарақтарының зақымдануынан болған шығындар

1. Ортақ апatty құрайтын кеменің, оның машиналарының немесе керек-жарақтарының зақымдануынан болған шығындар зақымданған немесе жоғалған нәрсені жөндеу, дұрыстау немесе ауыстыру құны негізге алына отырып айқындалады. Бұл орайда осы Заңның 191-бабына сәйкес, "ескінің орнына жаңа үшін" шегерімі ж а с а л а д ы .

2. Кемені жөндеу жүргізілмеген жағдайда, кеменің зақымданғанынан болған шығындар зақымдану нәтижесінде төмендеген кеме құнына және кеме жөндеу құнынан жоғары **емес** **сметаға** **сәйкес** **сомамен** **айқындалады.**

191-бап. "Ескінің орнына жаңа үшін" шегерімі

1. Тұтыну уақыты он бес жылдан аспаған кемені жөндеу кезінде ескі материалдар немесе кеменің бөлігі жаңасымен ауыстырылған жағдайда, осы Заңың 190-бабына сәйкес ортақ апатқа жататын жөндеу құны, осы баптың 2-4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жөндеу құнының үштен бірі кемітіледі.

2. "Ескінің орнына жаңа үшін" шегерімі кемелердің бірінің кінәсінен болған ортақ апат таныған кеменің уақытша құнынан, сондай-ақ азық-түлік, жабдықтау заттары, зәкір шынжырларының құнынан шегерілмейді.

3. Кемені құрғақ докта, стапельде жөндеу және кеменің орын ауыстыру қажеттілігінен туындаған шығындар толықтай ортақ апатқа жатады.

4. Мұның алдындағы корпусты бояу мен жабу ортақ апат актісіне дейін соңғы он екі айда жүргізілген жағдайда орын алса жөндеу кезінде кемені тазалауға, бояуға және корпусын жабуға кеткен шығыстар жөндеудің елу процент мөлшеріндегі ортақ апат
д е п т а н ы л а д ы .

5. "Ескінің орнына жаңа үшін" шегерімін қолдану үшін кеменің тұтыну уақыты оның құрылышы аяқталған жылдың 31 желтоқсанынан бастап, ортақ апат актісі басталған күнге дейін есептеледі. Кемені оқшаулауға оның құтқару және басқа шлюпкаларына, байланыс құралдарына, навигациялық аспаптар мен құрал-жабдықтарына, машиналары мен қазандарына қатысты олардың шын тұтыну уақыты е с е п к е а л ы н а д ы .

192-бап. Диспаша және диспашерлар

Мұдделі тұлғалардың өтініші бойынша ортақ апаттың болғаны белгіленеді және оны бөлу бойынша теңіз құқығы саласында білімі мен тәжірибесі бар тұлғалар (диспашерлар) е с е б і н ж а с а й д ы .

193-бап. Диспаша жасауға негізге алынатын айғақтар мен материалдар

1. Ортақ апatty бөлуді талап етуші тарап анықталған шығындардың шын мәнінде ортақ апат екендігін тануды дәлелдеуге міндетті.

2. Диспаша жасауда мұддесі қозғалатын тұлға жалпы теңіздегі кәсіпорын апатқа ұшырағанға дейін он екі айдың ішінде өтеуді талап еткен жоғалғандары немесе шығындары туралы жазбаша нысанда диспашерге арыз береді.

Егер мұндай арыз берілмесе немесе осында арыз туралы сұрау салудан кейін он екі ай ішінде тұлға мәлімдеме жасаған талапты негіздеу мақсатында не мүліктің құны туралы мәліметтерді, айғақтарды табыс етпесе, диспашер өзінде бар ақпараттар негізінде диспаша жасауға хақылы; бұл орайда диспаша, ол анық дұрыс болмаған

жағдайда ғана, дауға салуға жатады.

3. Диспаша жасалып жатқан уақытта оларды шешу үшін арнайы білім (кеме жүргізу, кеме құрылсы, кемелерді жөндеу, кемелер мен жүктөрді бағалау, сондай-ақ өзге де арнайы білім) талап еткен мәселелер туындаған кезде, диспашер өзі тағайындаған сарапшыға тиісті қорытынды дайындауды тапсыруға хақылы. Мұндай қорытындыны диспашер басқа айғақтармен қатар бағамдайды.

4. Танысу үшін диспаша жасаудың негізіне алынған материалдар ашық болуға тиіс, және диспашер мұдделі тұлғалардың талап етуі бойынша олардың есебінен, оларға аталған материалдардың куәландырылған көшірмелерін беруге міндettі.

194-бап. Диспаша жасау үшін алым

Диспаша жасағаны үшін алым алынады, ол диспашаға енгізіліп, барлық мұдделі тұлғалардың арасында олардың ортақ апатқа қатысу үлесіне бара бар бөлінеді.

195-бап. Диспашаны түзету және дауласу

1. Диспашадағы, ол диспашалар тізілімінде тіркелгеннен кейін анықталған есеп айырысу дағы қателіктерді диспашер өз бастамасымен немесе араларында ортақ апат бөлінген тұлғалардың арыздары бойынша диспашаға, оның құрамдас бөлігі болып табылатын диспашаға қосымша (аддендум) жасау арқылы түзетуі мүмкін.

2. Араларында ортақ апат бөлінген тұлғалар диспашаны, диспаша немесе оның аддендумын алған күннен бастап, алты ай ішінде, бұл туралы диспашерді оған талап ету арызының көшірмесін жіберу арқылы міндettі түрде хабарландыра отырып, сотта

дауға сала алады.

3. Диспашер соттағы диспаша туралы дауды қарауға және іс мәні бойынша

түсініктеме беруге хақылы, егер талап етілсе, - міндettі.

4. Диспаша туралы дауды қараушы сот диспашаны қүшінде қалдыра алады, оған өзгерістер енгізе алады немесе оның қүшін жойып, диспашерге сот шешіміне сәйкес жаңа диспаша жасауды тапсыра алады.

196-бап. Диспашаның орындалуы

Егер осы Заңның 195-бабының 2-тармағында көзделген мерзімде диспаша дауға салынбаған жағдайда немесе дауға салынып, бірақ сот қүшінде қалдырса, ол бойынша өндіріп алу зандарда белгіленген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

17-тарау. Кемелердің соқтығысынан болған шығындарды өтеу

197-бап. Кемелердің өзара іс-әрекетінен туындаған зиян үшін жауапкершілік

1. Кемелердің өзара іс-әрекетінен туындаған зиян үшін жауапкершілік қауіптілігі жоғары көздердің өзара іс-әрекетінен туындаған зиянды өтеу үшін азаматтық зандар белгілеген тәртіппен өтеді.

2. Егер кемелердің соқтығысы, егер, тіпті лоцмандық жүргізу міндепті болған күннің өзінде, лоцманның кінесінен болса, жауапкершілік осындай тәртіппен айқындалады.

198-бап. Жауапкершілікті жоққа шығаратын жағдайлар

1. Егер кемелердің соқтығысы кездейсоқ немесе еңсерілмейтін күштің салдарынан болса не кемелердің соқтығысу себебін белгілеу мүмкін болмаған жағдайларда, шығындар зардап шегушіге жүктеледі.

2. Осы баптың 1-тармағы, егер кемелер немесе олардың бірі соқтығысу сәтінде зәкірге немесе өзгеше тәсілмен бекітілген жағдайда да қолданылады.

199-бап. Соқтығысудағы екі немесе одан да көп кемелердің кінесі

1. Егер кемелердің соқтығысы екі немесе одан да көп кемелердің кінесінен болған жағдайда шығындар үшін олардың әрқайсысының жауапкершілігі олардың кінәденгейіне шамалас айқындалады. Егер кемелердің әрқайсысының кінә дәрежесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда соқтығысу себептерін негізге ала отырып, шығындар үшін жауапкершілік олардың араларында тепе-тең бөлінеді.

2. Соқтығысуға кінәлі кемелерді иемденушілер адамдардың қаза болуы немесе денсаулығының зақымдануы нәтижесінде келтірілген шығындар үшін үшінші жақтың алдында бірдей жауап береді, оның үстіне осы баптың 1-тармағына сәйкес өзі төлеуге тиіс сомадан көп төлеген кеменің иеленушісінің басқа кеме иеленушілеріне кері талап етуге құқығы бар.

Үшінші жақтың мүлкіне келтірген шығындар үшін соқтығысуға кінәлі кемелердің иелеріне осы баптың 1-тармағына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

18-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдаудан болған залалдар және кемелерден аққан мұнаймен ластағаны үшін жауапкершілік

200-бап. Кеме иесінің жауапкершілігі

1. Осы бапта және осы тараудың келесі баптарында мынадай түсініктер қолданылады:

- 1) зардап шегуші тұлға - азамат, заңды тұлға, мемлекет;
- 2) кеме иесі - кеменің меншік иесі ретінде тіркелген тұлға. Егер кеме мемлекет иелігінде болып, оны кеме иеленуші ретінде тіркелген мекеме пайдаланған жағдайда, кеменің иесі сол ұйым болып табылады;
- 3) алдын ала сақтандыру шаралары - оқыс оқиғадан кейін залалдың алдын алу немесе азайту жөнінде қолданылатын кез келген шаралар;
- 4) оқыс оқиға - нәтижесінде залал келген немесе елеулі және тікелей осындай залал келтіру қатері туындаған оқиға немесе шығу тегі бір оқиғалар тізбегі.

2. Қауіпті жүктөрді тасымалдауға байланысты залалдар:

- 1) кемедегі немесе кеме сыртындағы қауіпті жүктөр келтірген кез келген тұлғаның қаза болуы немесе денсаулығының зақымдануы;
- 2) кемедегі немесе кеме сыртындағы қауіпті жүктөр келтірген мұліктің жоғалуы немесе зақымдануы;
- 3) қалпына келтіру шараларына жұмсау шығындары шектеулі қауіпті жүктөр келтірген қоршаған ортаның ластануынан болған залалдар, сондай-ақ осындай залал келтіру нәтижесінде қолдан шығып кеткен тиімділік;
- 4) алдын алу шараларына жұмсалған шығындар және осындай шаралар келтірген келесі залалдар болып табылады.

3. Жүк ретінде тасымалдаған мұнаймен немесе кеменің өз отынымен теңіздің ластануынан келген зияндар:

- 1) мұнай ағу немесе төгілу қай жерде болғанына қарамастан, қалпына келтіру шараларына жұмсау шығындары шектеулі кемеден мұнайдың ағуы немесе төгілуі салдарынан болған кеме сыртындағы ластанудан келтірілген залал, сондай-ақ осындай залал келтіру нәтижесінде қолдан шығып кеткен тиімділік;
- 2) алдын алу шараларына жұмсалған шығындар және осындай шаралар келтірген келесі залалдар болып табылады.

4. Кемені иеленушіге оқыс оқиға сәтінен бастап немесе, егер оқыс оқиға шығу тегі бір оқиғалар тізбегінен тұрса, бірінші оқиға сәтінен бастап, осы Заңның 201 және 202-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қауіпті жүктөрді тасымалдаудан болған кез келген залал және кемеден аққан мұнаймен ластағаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

Кеме иеленушіге, егер залал:

- 1) соғыс қымылдарының, табиғи құбылыстарының салдарынан;
- 2) үшінші жақтың қасақана әрекетінен не әрекетсіздігінен;
- 3) кеме шегінен тысқары навигациялық құралдарға тиесілі жұмыс нәтижесінде келтірілгенін дәлелдей алса, қауіпті жүктөрді тасымалдаудан болған залал және кемеден аққан мұнаймен ластағаны үшін жауапкершілік жүктелмейді.

**202-бап. Зардап шегуші тұлғаның қаскөйлігі немесе
енжар абайсыздығы**

Егер кемені иеленуші ластанудан болған залалдың зардап шегуші тұлғаның толықтай немесе ішінара қаскөйлігінен немесе енжар абайсыздығынан болғанын дәлелдеген жағдайда, кемені иеленуші мұндай тұлға алдында жауапкершіліктен толықтай немесе ішінара босатылуы мүмкін.

**203-бап. Екі немесе одан да көп кеме иеленушілердің
бірдей жауапкершілігі**

Екі немесе одан да көп кеме иелері қатысқан оқыс оқиға нәтижесінде ластанудан болған залал жағдайында, оқыс оқиғаға қатысты барлық кемелердің иеленушілеріне, егер мұндай кеме иеленушілер осы Заңның 201 және 202-баптарының негізінде жауапкершіліктен босатылмаса, ластанудан болған барлық залалдар үшін бірдей жауапкершілікте болады.

204-бап. Кеме иеленушінің жауапкершілігін шектеу

1. Кеме иеленушінің бір оқыс оқиғаға жалпы сомасы төмендегідей ретпен есептелетін қауіпті жүктөрді тасымалдаудан өз жауапкершілігін шектеуге құқығы бар:
 - 1) сыйымдылығы кемінде 2 000 тонна кеме үшін 10 миллион есептік көрсеткіш;
 - 2) сыйымдылығы кемінде 2 000 тонна кеме үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген сомаға сыйымдылығы әрбір келесі тонна үшін, жалпы сомасы 100 миллион есептік көрсеткіштен аспайтын шартпен:

2 001-ден 50 000 тоннаға дейін - 1,5 мың есептік көрсеткіш;	50 000 тоннадан жоғары - 360 есептік көрсеткіш үстемеленді.
---	---
2. Кеме иеленушінің бір оқыс оқиғаға жалпы соманы төмендегідей ретпен

есептелеңін кемеден аққан мұнайдан ластанудан жауапкершілігі шектеледі:

- 1) сыйымдылығы кемінде 5 000 тонна кеме үшін 3 миллион есептік көрсеткіш;
- 2) сыйымдылығы кемінде 5 000 тонна кеме үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген сомаға сыйымдылығы әрбір келесі тонна үшін, жалпы сомасы 59,7 миллион есептік көрсеткіштен аспайтын шартпен 420 есептік көрсеткіш үстемеленеді.

205-бап. Кемені иеленушінің толық жауапкершілігі

Кемені иеленушіге:

- 1) ластанудан болған залал қаскөйлікпен жасалған немесе енжар абайсыздықтан, оның өз әрекетінің немесе өз әрекетсіздігінің нәтижесінде болғаны дәлелденсе;
- 2) ол осы Заңың 206-бабында көзделген жауапкершілікті шектеу қорын құру жөніндегі талапты орындамаса, толық көлемде жауапкершілік жүктеледі.

206-бап. Жауапкершілікті шектеудің міндетті қоры

1. Қауіпті жүктерді тасымалдаудан болған залал және кемеден аққан мұнаймен ластағаны үшін өз жауапкершілігін шектеу мақсатында кеме иеленуші оған залалды өтеу туралы қуыным ұсынылған сотта өз жауапкершілігінің шегіне тең жалпы сомада жауапкершілік шектеу қорын құруға міндетті. Жауапкершілікті шектеу қорын кеме депозитіне сомалар енгізу арқылы не банк кепілдемесі немесе сот жеткілікті деп таныған өзге де қаржылық қамтамасыз ету арқылы құра алады.

2. Кемені иеленушінің қауіпті жүктерді тасымалдаудан болған залалдың және кемеден аққан мұнаймен ластаудың алдын алу және азайту жөніндегі шығыстары оған жауапкершілікті шектеу қорына қатысты басқа кредит берушілерде бар құқық беріледі.

3. Сақтандырушының немесе кемені иеленушінің міндеттерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды беруші өзге де тұлғаның осы бапқа сәйкес жауапкершілікті шектеу қорын құруға құқығы бар. Мұндай қор, егер тіпті кеме иесі өз жауапкершілігін шектей алмаса да, құрылуы мүмкін. Мұндай қорды құру иеленушіге қатысты аталған жағдайда зардап шегушінің құқықтарына қол сұға алмайды.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес құрылған жауапкершілікті шектеу қорына осы Заңың 233-бабының жауапкершілік шектеу қорын бөлу туралы нормалары қолданылады.

Кез келген тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуді талап ету басқа талаптар алдында мұндай талаптардың жиынтық сомасы осы Заңың 204-бабының 1-тармағында белгіленген жалпы сомадан аспайтын шамада ерекше қанағаттандыруға жатады.

5. Егер кемені иеленуші оқыс оқиғадан кейін қауіпті жүктерді тасымалдаудан

болған залал және кемеден аққан мұнаймен ластанғаны үшін жауапкершілікті шектеу қорын құрған жағдайда, шығынды өтеуді талап етуші ешқандай тұлға да мұндай талапты қандай да бір кемені иеленушінің мүлкі есебінен қанағаттандыруға құқығы жоқ. Бұл орайда кемені тұтқындау мен қауіпті жүктерді тасымалдаудан болған залал және кемеден аққан мұнаймен ластанғаны үшін өтем туралы қуынымды қанағаттандыру жөніндегі өзге де шараларды сот күшін жоюға тиіс.

207-бап. Сақтандыру немесе жауапкершілікті өзге де қаржылық
қамтамасыз ету

1. Қауіпті жүктерді, сондай-ақ жүк ретінде 2000 тоннадан астам мөлшерде мұнай тасымалдауши кеме иеленуші ластанудан болатын залал үшін жауапкершілікті жауапкершілік тәуекелін сақтандыруға немесе қолданыстағы заңдарда көзделген жауапкершілікті осы Заңың 204-бабына сәйкес ластанудан болған залал үшін өз жауапкершілігінің шегіне тең сомада жауапкершілікті өзге де қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті.

2. Ластанудан болған залал үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыру шарты мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

3. Кеменің бортында сақтандыруды немесе жауапкершілікті өзге де қаржылық қамтамасыз етуді куәландыратын куәліктің болуы міндettі. Куәлікті көліктегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен кемелерді тіркеу органы береді.

208-бап. Ластанудан болған залалды өтеу туралы қуыным

1. Ластанудан болған залалды өтеу туралы қуыным тек осы тарауға сәйкес, кемені иеленушіге, сақтандырушыға немесе ластанудан болған залал үшін кемені иеленушінің жауапкершілігін өзге де қаржылық қамтамасыз етуді беруші тұлғага ұсынылуы мүмкін.

2. Жауп беруші ретінде әрекет ететін сақтандырушы немесе ластанудан

болған залал үшін кемені иеленушінің жауапкершілігін өзге де қаржылық қамтамасыз етуді беруші тұлға, банкроттыққа немесе жойылуға сілтеме жасауды қоспағанда, сotta кеме иеленуші сілтеме жасай алатындей қарсылықтарды ұсына алады. Одан басқа, олар өздерін қорғау үшін ластанудан болған залал кемені иеленушінің қасақана келтіргені туралы қарсылықты пайдалана алады және кемені иеленушіні тең жауп беруші ретінде іске қатысуға тартуын сotttan талап етуге құқығы бар.

209-бап. Құтқару туралы шарттар

Кеме капитанының кеме иесінің атынан құтқару шаралары жүзеге асыру үшін құтқару туралы шарттар жасасуға құқығы бар. Кеме капитанының немесе кеме иесінің мұндай шарттарды кеме бортындағы мүлік иесінің атынан жасауға құқығы бар.

210-бап. Шарттардың күшінің жоқтығы немесе олардың өзгеруі

Егер:

- 1) шарт қауіптің мөлшерден тыс ықпалымен немесе әсерімен жасалып, оның шарттары әділетсіз болып табылса;
- 2) шартта көзделген төлем іс жүзінде көрсетілген қызмет көрсетулерге қатысты мөлшерден тыс жоғары немесе төмен болса, шарттың немесе оның кез келген шарты күші жоқ деп немесе өзгерген деп танылуы мүмкін.

211-бап. Құтқарушының, кеме иесінің және кеме капитанының міндеттері

1. Кемесі қауіпті жағдайдағы кеме иесіне немесе басқа мүлкі қауіпті жағдайдағы мүлік иесіне қатысты құтқарушы:

- 1) құтқару операцияларын тиісті қамқорлықпен жүзеге асыруға;
- 2) қоршаған ортага зиянның алдын алу туралы немесе азайту туралы тиісті қамқорлық көрсетуге;
- 3) жағдай талап еткен кезде басқа құтқарушылардан көмек көрсетуді өтінуге;

4) кемесі қауіпті жағдайда қалғанда, егер бұл құтқарушыға сыйақы беру мөлшеріне әсер ететін болса және мұндай талап құқыққа қайшы емес деп танылу шартымен, капитаны немесе кеме иесі немесе басқа мүліктер қауіпті жағдайда қалғанда мүлік иесі талап етсе, басқа құтқарушылардың қатысуына келісуге міндетті.

2. Қауіпті жағдайда қалған кеме капитаны және оның иесі немесе

қауіпті жағдайда қалған басқа да мүліктің иесі құтқарушыға қатысты:

- 1) олармен құтқару операциялары барысында ынтымақтастықта болуға;
- 2) қоршаған ортага зиянның алдын алу туралы немесе азайту туралы тиісті қамқорлық көрсетуге;

3) егер осыны құтқаруши талап етсе, қауіпсіз жерге жеткізілгеннен кейін кемені немесе басқа мүлікті қабылдауға міндettі.

212-бап. Сыйақы шарттары

1. Пайдалы нәтижесі бар құтқару операцияларының сыйақыға құқығы бар.
2. Осы Заңның 214-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, егер құтқару операцияларының пайдалы нәтижесі болмаса, ешқандай төлем төленбейді.

213-бап. Сыйақы белгілеу өлшемдері

Сыйақы құтқару операцияларын ынталандыру мақсатында көрсетілген ретіне қарамастан төмендегідей өлшемдерді есепке ала отырып, белгіленеді:

- 1) кеменің немесе басқа мүліктің құтқарылған құны;
- 2) қоршаған ортаға зиянның алдын алуда немесе азайтуда құтқарушылардың шеберлігі мен күш салуы;
- 3) құтқарушылар қол жеткізген табыстың дәрежесі;
- 4) қауіптің сипаты мен деңгейі;
- 5) кемені, басқа мүлікті, адамдарды құтқарудағы құтқарушылардың шеберлігі мен күш салуы;
- 6) құтқарушылар жұмсаған уақыт және шеккен шығыстар мен шығындар;
- 7) жауапкершілік тәуекелі мен құтқарушылар не олардың құрал-жабдықтары ұшыраған өзге де тәуекелдер;
- 8) қызмет көрсетудің жылдамдығы;
- 9) кемелердің немесе құтқару операциясына арналған басқа да құрал-жабдықтардың болуы мен пайдаланылуы;
- 10) құтқаруши құрал-жабдықтарының дайындық жай-күйі, тиімділігі және мұндай құрал-жабдықтың құны.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес белгіленген сыйақы кемедегі және басқа мүліктегі барлық мұдделі тұлғалар арқылы және құтқарылған кеме мен басқа мүліктің бағасы на бара бар төленеді.

3. Сыйақыға байланысты төлеуге жататын кеме шығыстарының кез келген проценттер мен өтемдерін қоспағанда, сыйақы кеме мен басқа мүліктің құтқару құны на аспауға тиіс.

4. Сот немесе аралық сот осы Заңның 214-бабына сәйкес төлеуге жататын арнайы өтемақыны айқындағанға дейін осы бапқа сәйкес кеме мен басқа мұліктің ең жоғары құтқару құны мөлшерінде сыйақы белгілеуге міндettі емес.

214 - б а п . А р на и ы ө т е м а қ ы

1. Егер құтқарушы өзі немесе оның жүгі қоршаған ортаға залал келтіру қатерін төндірген кемеге қатысты құтқару операцияларын жүзеге асырған және осы заңның 213-бабына сәйкес сыйақы алмаған жағдайда, оның осындай кеме иесінен осы баптың 3-тармағында айқындалғандай құтқарушының шығыстарына тең арнайы өтемақы алуына құқығы бар.

2. Егер осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде, құтқарушы өзі жүргізген құтқару операцияларының нәтижесінде қоршаған ортаға зиянның алдын алған немесе азайтқан жағдайда осы баптың 1-тармағына сәйкес кеме иесі төлеген арнайы өтемақы оған келтірілген шығыстардың ең жоғары дегенде отыз процентке дейін көбейтілуі мүмкін. Сот немесе аралық сот, егер ол мұндай өтемақыны көбейту әділетті деп санаса, алайда жалпы көбейтілгені құтқарушыға келтірілген шығындардың жүз процентінен аспауға тиіс осы Заңның 213-бабының 1-тармағында көзделген тиісті өлшемдерді есепке ала алады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының мақсаттары үшін құтқарушының шығыстары құтқару операцияларын жүзеге асыру кезінде құтқарушының ақылға сыйымды шығарған нақты шығыстары және осы Заңның 213-бабының 1-тармағының 8, 9 және 10-тармақтарында көзделген өлшемдерді есепке алғанда, құтқару операциясы барысында нақты және ақылға сыйымды қолданылған жабдықтар мен қызметкерлер үшін әділ төлем болып табылады.

4. Осы Заңның 213-бабына сәйкес құтқарушы алуы мүмкін кез келген

сыйақыдан асып түсетін жағдайларда ғана және асып түсетін мөлшерде ғана осы бапқа сәйкес арнайы өтемақы төленеді.

5. Егер құтқарушы ұқыпсыздық көрсетіп, соның салдарынан қоршаған ортаға зиянның алдын ала алмаған немесе азайта алмаған жағдайда ол осы бапқа сәйкес тиесілі арнайы төлемақыдан толық немесе ішінара айырылуы мүмкін.

215-бап. Құтқарушылар арасында сыйақы бөлу

Осы Заңның 213-бабына сәйкес белгіленген құтқарушылар арасындағы сыйақыны бөлу көрсетілген бапта келтірілген өлшемдер есепке алына отырып жүргізіледі.

216-бап. Кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасында сыйақы бөлу

1. Құтқару операциясын жүзеге асырудан тапқан кез келген сыйақыны кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасында бөлу құтқару операциясын жүзеге асыруға байланысты кеме иелері мен экипаж мүшелері келтірілген шығыстарды шегергеннен кейін мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) таза сыйақының бестен үші кеме иесіне тиесілі болады, таза

сыйақының бестен екісі кеме экипажы мүшелерінің арасында бөлінеді;

2) кеме экипажы мүшелеріне тиесілі үлес, осы тармақтың екінші абзацына сәйкес, олардың арасында құтқару операциясын жүзеге асыру кезінде көрсеткен күш салуы, және әрқайсының жалақысы есепке алына отырып бөлінеді.

Бұл ережеде ерекшелікке тек айрықша жағдайлар болған кезде ғана жол берілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының нормалары мұндай операцияларды кәсіби қызмет ретінде жүзеге асыратын кемелердің құтқару операцияларын жүзеге асырғаны үшін тапқан сыйақыны бөлуге қолданылмайды.

217-бап. Адамдарды құтқару

1. Құтқарылған адамдардан ешқандай сыйақы алуға болмайды.

2. Құтқару қажеттігі туындаған оқиғаларға байланысты қызмет көрсетуге қатысып, адамдарды құтқарушылардың кемені немесе өзге де мүлікті құтқарғаны не қоршаған ортаға зиянның алдын алғаны немесе азайтқаны үшін құтқарушыларға тиесілі сомадағы әділ үлеске құқығы бар.

218-бап. Құтқару шартын орындау кезінде көрсетілген қызмет көрсетулер үшін төлем

Егер тек көрсетілген қызметтер қауіп туындағанға дейін жасасқан құтқару шартын орындауға міндettі деп ақылға сыйымды түрде қаралуы мүмкін қызмет көрсетулерден асып түспесе ғана, ешқандай төлем төленбейді.

219-бап. Құтқарушының дұрыс емес жүріс-тұрысының салдары

Құтқарушы, оның кінәсінен құтқару операциялары қаншалықты қажетті немесе неғұрлық қызын болғандығына қарамай, осы тарауда белгіленген нормаларға сәйкес тиесілі сыйақыдан не арнайы өтемақыдан толық немесе ішінана айырылуы мүмкін.

220-бап. Құтқару операцияларына тыйым салу

Кеме бортында қазір де жоқ және тіпті болмаған қауіпті жағдайда қалған кеме иесінің немесе оның капитанының не қауіпті жағдайда қалған кез келген басқа мүліктің иесінің тыйым салғанына қарамай көрсетілген қызметтер осы тарау белгілеген нормаларға сәйкес төлемге құқық бермейді.

221-бап. Кемелердің бір кеме иесінің иелігінде болуы

Егер құтқарылған кеме мен құтқару операциясын жүзеге асыруши кеме бір кеме иесінің иелігінде болса, оған осы Заңның 213-220-баптарының нормалары қолданылады.

222-бап. Құтқарушының талаптарын қамтамасыз етуді ұсыну міндепті

1. Құтқарушының өтініші бойынша сыйақы немесе арнайы өтемақы төлеуге жауапты тұлға құтқарушының талаптарын қанағаттандыру үшін тиісті қамтамасыз ету ұсынады.

2. Құтқарылған кеменің иесі құтқарылған жүктің иелеріне оларға жүк берілген сәтке дейін құтқарушының талаптарын қанағаттандыруды тиісті қамтамасыз етуді ұсыну үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

3. Құтқарушының келісімінсіз құтқарылған кеме мен басқа мүлік теңіз портынан немесе мұндаидар кеме мен мүлік құтқару операциялары аяқталғаннан кейін ең бірінші жеткізілген орыннан, тиісті кемеге немесе мүлікке құтқарушының талаптарын қанағаттандыруды тиісті қамтамасыз ету бергенге

дейін ауыстырыла алмайды.

223-бап. Алдын ала өтем

Құтқарушы құтқару кезінде өздері тапқан алдын ала төлемді шығыстарды өтеу шотына аударуды талап етуге хақылы.

Аралық төлем жағдайында құтқарушиның талабын кейінгі қамтамасыз ету тиісінше тәмендейді.

224-бап. Бұқаралық биліктер бақылайтын құтқару операциялары

1. Егер құтқару операциялары бұқаралық биліктер арқылы жүзеге асырылған немесе солардың бақылауда болған жағдайда, осындай операцияларды жүзеге асыруши құтқарушилар осы тарауда көзделген құқықтар мен қорғаныс құралдарын пайдалана
а л а д ы .

2. Бұқаралық биліктер құтқару операцияларын жүзеге асыруға міндettі. Егер құтқару операцияларын жүзеге асыру олар орындаудың өздерінің әдеттегі міндеттері болып табылмаса, осы тарауда көзделген құқықтар мен қорғаныс құралдарын пайдалана
а л а д ы .

20-тарау. Теніздегі талаптар бойынша жауапкершілікті шектеу

225-бап. Теніздегі талаптар бойынша жауапкершілікті шектеуге құқығы бар тұлғалар

1. Кеме иесі мен құтқарушиның теңіздегі талаптары бойынша, осы Заңның 226-бабында көзделген жауапкершілігі осы тарауға сәйкес шектеледі.

Осы тарауға құтқару операцияларымен, соның ішінде осы Заңның 226-бабында 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген операциялармен тікелей байланыстағы қызмет көрсетулерді ұсынушы кез келген тұлға құтқаруши болып табылады.

2. Егер, осы Заңның 226-бабында көзделген теңіздегі талаптар әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғаның жауапкершілігін өзіне жүктейтін тұлғаға ұсынылса, аталған тұлғаның осы тарауға сәйкес жауапкершілікті шектеуді пайдалануға құқығы бар.

3. Осы Заңның 226-бабында көзделген теңіздегі талаптар бойынша жауапкершілікті сақтандырушиның осы тарауға сәйкес жауапкершілігі сақтандырылған тұлғамен бірдей жауапкершілігін шектеуді пайдалану құқығы бар.

4. Теңіздегі талаптар бойынша жауапкершілікті шектеуге бағытталған іс-әрекет жауапкершілікті танығанын білдірмейді.

226-бап. Жауапкершілікті шектеу өлшемдері

1. Осы Заңның 227 және 228-баптарының нормалары сақталған жағдайда

жауапкершіліктің негіздеріне қарамай мынадай теңіздегі талаптар жауапкершілікті шектеуге жатады:

1) азаматтың қаза болуына немесе денсаулығының зақымдануына не мүліктің жоғалуына не зақымдануына, соның ішінде порттағы құрылыштардың, су бассейндерінің, су жолдарының және кеме бортында не кемені пайдалануға немесе құтқару операцияларына тікелей байланысты навигациялық жағдайлардың құралдарының зақымдануына байланысты талаптар, сондай-ақ осының нәтижесінде кез келген залалды өтеу талаптары;

2) жүктерді, жолаушыларды немесе олардың теңдеме жүктерін теңіз арқылы тасымалдау кезінде жеткізудің мерзімін өткізіп алудың нәтижесінде келтірілген шығынды өтеу талаптары;

3) шарттан туындаған, ал кемені пайдалануға немесе құтқару операцияларына тікелей байланысты кез келген құқықты бұзу нәтижесінде келтірілген өзге залалды өтеу талаптары;

4) залалдың алдын алу немесе азайту жөніндегі, олар қолданған шаралар келтірген залал үшін, жаупты тұлғадан гөрі өзге тұлғаның талаптары, залал үшін және осындай шаралар келтіретін келесі залалдар үшін, жаупты тұлғаға қатысты, осы тарауда белгіленген нормаларға сәйкес, өзінің жауапкершілігін шектей алады.

2. Егер тіпті олар кері талап ету тәртібімен немесе шарттан не басқа

ретте туындаған кепілдіктер негізінде ұсынылса да, осы баптың 1-тармағында көзделген талаптар жауапкершілікті шектеуге жатады. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген талаптар, залал үшін жаупты тұлғамен жасалған шарт бойынша сыйақыға қандай дәрежеде қатысты болғанына қарамастан жауапкершілікті шектеуге жатпайды.

227-бап. Жауапкершілікті шектеуді қолданбау

1. Осы тарауда белгіленген нормалар:

1) құтқару операцияларын жүзеге асырғаны үшін сыйақыға, соның ішінде осы Заңының 213-бабына сәйкес арнайы өтемақыны немесе ортақ апат бойынша жарнаны төлеуге;

2) кемеден акқан мұнай мен ластанудан болған залалды өтеуге;

3) қауіпті жүктерді теңіз арқылы тасымалдауға байланысты залалды өтеуге;

4) ядролық залалды өтеуге;

5) кемені, соның ішінде оның кеме бортында қазір бар немесе тіпті

болмағандардың барлығын судан алып шығуға, аластауға және жоюға байланысты;

6) кемеден жүкті аластауға, жоюға немесе залалсыздандыруға байланысты;

7) еңбек міндеттері кемеге немесе құтқару операцияларына байланысты кеме иесінің қызметкерлері немесе құтқарушының өміріне, денсаулығына және мулкіне келтірілген зиянды олардың мұрагерлеріне, сондай-ақ олардың қамқорлығындағы немесе олардан күтім алуға құқығы бар тұлғаларға өтеуге;

8) егер кеме иесі мен жолаушы Қазақстан Республикасының ұйымдары мен

азаматтары болып табылған жағдайда кеме жолаушыларының өмірі мен
денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге;

9) егер кеме иесі, құтқарушы мен зардап шегуші Қазақстан
Республикасының ұйымдары мен азаматтары болып табылған жағдайда кемені
пайдалануға немесе құтқару операцияларына тікелей байланысты азаматтардың
өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге қатысты талаптарға
қолданылмайды.

228-бап. Жауапкершілікті шектеуге кедергі келтіретін өлшемдер

Залал үшін жауапты тұлғаның, егер залал оның өзінің қаскөйлікпен
жасаған немесе енжар абайсыздығын, өз әрекетінің немесе өз
әрекетсіздігінің нәтижесінде болғанын дәлелдесе, жауапкершілікті шектеуге
құқығы жоқ.

229-бап. Жауапкершіліктің жалпы шектері

1. Осы Заның 230-бабында көрсетілгеннен өзге және бір оқиғадан
туындаған талаптар бойынша жауапкершіліктің жалпы шегі мынадай ретпен
есептеледі:

1) азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары
бойынша:

сыйымдылығы кемінде 2000 тонна кеме үшін - 2 миллион есептік бірлік;

сыйымдылығы кемінде 2000 тонна кеме үшін сыйымдылықтың әрбір келесі
тоннасы үшін, осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген сомаға:

2 001-ден 30 000 тоннаға дейін - 800 есептік бірлік;

30 001-ден 70 000 тоннаға дейін - 600 есептік бірлік;

70 000 тоннадан асса - 400 есептік бірлік үстемеленеді;

2) кез келген басқа талаптарға:

сыйымдылығы кемінде 2000 тонна кеме үшін - 1 миллион есептік бірлік;

сыйымдылығы кемінде 2000 тонна кеме үшін сыйымдылықтың әрбір келесі тоннасы үшін, осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген сомаға:

2 001-ден 30 000 тоннаға дейін - 400 есептік бірлік;

30 001-ден 70 000 тоннаға дейін - 300 есептік бірлік;

70 000 тоннадан асса - 200 есептік бірлік үстемеленеді.

2. Егер азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге қатысты талаптары бойынша, осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, есептелген сома осындай талаптарды толық төлеу үшін жеткіліксіз болса, онда басқа талаптармен қатар бара бар негізде қанағаттандырылатын, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес басқа талаптар бойынша есептелген сома азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары бойынша төленбекен қалдықты төлеу

үшін қ о л д а н ы л а д ы .

3. Кемеден әрекет етпеген немесе тек қана кемеде әрекет еткен құтқарушының алдыңғысына не кейінгісіне қатысты құтқару бойынша қызмет көрсету ұсынатын құтқарушының жауапкершілік шегі кеменің сыйымдылығы 2000 тонна екендігі негізге ала отырып есептелеуді.

4. Сыйымдылығы 300 тоннадан артпайтын кеме үшін жауапкершілік шегі осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптар бойынша сыйымдылығы кемінде 2000 тонна кемелер үшін белгіленген жауапкершілік шегінің алтыдан біріне тен сомада есептелеуді.

230-бап. Жолаушылардың талаптары бойынша жауапкершіліктің шегі

1. Кеме жолаушыларының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары бойынша, егер олар сол бір оқиғадан туындаса, кеме иесінің жауапкершілігінің шегі жүргінші куәлігіне сәйкес кемемен тасымалдауға рұқсат етілетін жолаушылар санына көбейтілген 175 мың есеп бірліктерінің сомасы болып табылады.

2. Осы баптың мақсаттарына кеме жолаушыларының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптары деп жәбірленуші немесе оның атынан айтылған:

1) жолаушыны теңізben тасымалдау шарты бойынша;

2) тасымалдаушының келісімімен автомашинаны немесе жануарларды шығарып салу үшін олардың өткізілуі жүкті теңізben тасымалдау шарты бойынша жүзеге асырылатын талаптары болып табылады.

231 - бап. Талаптарды біріктіру

1. Осы Заның 229-бабында айқындалған жауапкершілік шектері қандай болмасын

бір оқиғадан туындаған барлық талаптар жиынтығына, мыналарға:

1) кеме иесіне, сондай-ақ оның әрекетіне немесе әрекетсіздігіне кеме иесі жауапты болатын тұлғаға;

2) осы кемеде құтқару қызметін атқаратын кеме иесіне, осы кемеден әрекет еткен құтқарушыға, сондай-ақ оның әрекеті немесе әрекетсіздігіне кеме иесі не құтқарушы жауапты болатын тұлғаға;

3) оған құтқару жөнінде қызмет көрсетілетін, кемеде емес немесе тек қана кемеде әрекет еткен құтқарушыға, сондай-ақ оның әрекеті немесе әрекетсіздігіне кеме иесі не құтқарушы жауапты болатын тұлғаға қолданылады.

2. Осы Заңның 230-бабына сәйкес айқындалған жауапкершілік шектері қандай болмасын бір оқиғадан туындауы мүмкін барлық талаптар жиынтығына, кеме иесіне, сондай-ақ оның әрекеті немесе әрекетсіздігіне кеме иесі жауапты болатын тұлғаға қолданылады.

232-бап. Жауапкершілікті шектеудің ерікті қоры

1. Осы тұлғаның жауапкершілігі шектелген талабы бойынша, оған қынным ұсынылған сотта, жауапкершілік жүктелуі мүмкін тұлға жауапкершілікті шектеу қорын құра алады.

2. Жауапкершілікке әкеліп соққан оқиға күнінен осындай қорды құру күніне дейін, жауапкершілікті шектеу қоры осы Заңның 229 және 230-баптарына сәйкес есептелетін сома мөлшерінде құрылады. Жауапкершілікті шектеу қоры тек олар бойынша жауапкершілігі шектелген талаптарды ғана төлеуге арналады.

3. Жауапкершілікті шектеу қоры Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот жеткілікті деп таныған сот депозитіне соманы енгізу немесе өзге де қаржыны қамтамасыз етуді ұсыну арқылы құрылуы мүмкін.

4. Егер бірнеше кеме иелерінің немесе құтқарушылардың сол бір оқиғадан туындаған талаптары бойынша жауапкершілікті шектеуге құқығы бар болған жағдайда, жауапкершілікті шектеу қорын осындай бір тұлға құрғанда, оны барлық кеме иелері немесе құтқарушылар құрған деп саналады.

233-бап. Жауапкершілікті шектеу қорын үлестіру

1. Жауапкершілікті шектеу қорының үлестіру мәселелерін осындай қорды құрған сот шешеді.

2. Жауапкершілікті шектеу қоры талаптардың белгіленген сомаларына үйлесімді, талаптары бар тұлғалардың арасында үлестіріледі.

3. Егер жауапкершілікті шектеу қорын үйлестіруге дейін, талабы бойынша жауапты тұлға немесе оның сақтандырушысы осы қорға талап бойынша өтемақы төлеген

жағдайында, осындай тұлға осы тарауда белгіленген нормалардың негізінде оның төлеген сомалары шегінде, өтемақы алған тұлғаның құқықтарын иеленеді.

4. Жаупкершілікті шектеу қорын құрған жағдайда, залалды өтеуін талап ететін ешқандай тұлға, осындай қорды құрған тұлғалардың қандай болмасын басқа мүлкі есебінен осындай талапты қанағаттандыруға құқығы жоқ. Сонымен кеменің тұтқындалуы және залалды өтеу туралы қуынымды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де

шаралар

с о т т а

ж о й ы л у ғ а

ти і с .

21-тaraу. Кемеге теңіздегі кепіл
Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы

234-бап. Кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілетін талаптар

1. Кемеге теңіздегі кепілмен кеме иесіне қатысты қамтамасыз етілетін талаптар:

1) кеме капитанына және кеме бортында олардың жұмысы үшін экипаждың басқа мүшелеріне тиесілі жалақы мен басқа сомалар, соның ішінде кеме капитаны атынан қайтарылатын және төленетін шығындар және әлеуметтік сақтандыру бойынша кеме экипажының басқа мүшелерінің жарналары;

2) құрлықта немесе суда кемені пайдалануымен тікелей байланысты азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның өтемі;

3) кемені құтқару үшін сыйақы;

4) осы Заңда көзделген алымдардың төлемі, сондай-ақ лоцманның қызметіне төлемекшілік ;

5) кеме арқылы тасымалданатын жүктөр, контейнерлер және жолаушылардың заттарынан басқа, кемені пайдалану кезінде өзге де мүліктің жоғалған немесе зақымданған нәтижесінде келтірілген нақты залалдың өтемі.

2. Егер осындай талаптар мынадай нәтижелер негізінде:

1) кемелердің ластануынан немесе қауіпті жүктөрді теңізben тасымалдаумен байланысты келтірілген залалдан;

2) ядролық отынның, оның өнімдері мен қалдықтарының радиоактивтік қасиеттерінің әсерінен немесе олардың радиоактивтік қасиеттері олардың қауіпті қасиеттерімен қабысу әсерінен туындаса, осы баптың 1-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көзделген кемеге теңіздегі кепілмен талаптар қамтамасыз етілмейді.

235-бап. Кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген талаптардың артықшылық бере отырып қанағаттандырылуы

Кеменің тіркелген ипотекасымен қамтылған міндеттемелерден туындастын талаптардан, осы Заңның 234-бабының 1-тармағына сәйкес кемеге теңіздегі кепілмен

қамтылған талаптар артықшылық бере отырып қанағаттандырылуға жатады. Кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған аталған талаптардың алдында ешқандай талаптар, осы заңның 252-бабының 3-тармағында көзделген талаптарды қоспағанда, артықшылық бере отырып қанағаттандырылуға жатпайды.

236-бап. Кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған талаптардың өзара қанағаттандырудың кезектілігі

1. Осы Заңның 234-бабының 1-тармағына сәйкес, кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген талаптар, аталған тармақта көрсетілген кезекпен қанағаттандырылады. Кемеге теңіздегі кепіл құқығын беретін құтқару операциялары жүзеге асырылардан бұрын туындаған кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған барлық басқа талаптардың алдынан кемені құтқару үшін сыйақы талаптары, қанағаттандырылады.

2. Осы Заңның 234-бабының 1-тармағының 1, 2, 4 және 5) тармақшаларына сәйкес, кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған талаптар, әрбір кезек шектерінде талаптардың бара бар мөлшерінде қанағаттандырылады.

3. Осы Заңның 234-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған кемені құтқару үшін сыйақы талаптары осындай талаптар қайтадан туындаған кезде кезек шегіндегі тәртіппен қанағаттандырылуға тиіс. Талап құтқару операцияларының аяқталу сәтінде туындағы деп есептеледі.

237-бап. Кемеге теңіздегі кепілдің ерекшелігі

Кемені мәжбүрлеп сатуды қоспағанда, кемеге теңіздегі кепіл, кемеге меншік құқығының ауысуына, оның тіркелуін өзгертуіне немесе кеменің жалауын ауыстыруына байланыссыз түрде, кемеде сақтала береді.

238-бап. Кемеге теңіздегі кепілдің тоқтату

1. Кемеге теңіздегі кепіл, осы Заңның 234-бабында көзделген, кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған талаптардың туындаған күнінен бір жыл өткенде, егер аталған мерзімнің өткенге дейін кеме оны мәжбүрлеп сатуға әкеleiп соғатын тұтқындалу объектісіне айналмаса тоқтатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім:

1) осы Заңның 234-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған талаптар бойынша, осындай талабы бар экипаж мүшесінің кемеден кету сәтінен бастап;

2) осы Заңның 234-бабының 1-тармағының 2-5) тармақшаларына сәйкес, кемеге

теңіздегі кепілмен қамтылған талаптар бойынша, осындай талап туындаған сәттен
бастап есептеді.

Аталған мерзім, кеменің тұтқындалуы Заңның күші оған қолданылмайтын кезеңге
дейін тоқтатыла тұрады.

239-бап. Талаптардан шегіну немесе өту

1. Кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген талаптардан шегіну немесе өту сонымен бірге теңіздегі кепіл құқығынан шегінуге немесе өтуге әкеліп соғады.

2. Азаматтардың өмірі немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу талаптарының және теңіз сақтандыру шарты бойынша кеме иесіне тиесілі сақтандыру өтемін төлеу талаптарының кемеге теңіздегі кепіл құқығы бар тұлғаға өтуіне рұқсат етілмейді.

240-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені ұстап қалу құқығы

1. Кемені жасауға, сондай-ақ кемені жөндеуге, соның ішінде оны қайта жаңартуға байланысты туындаитын талаптарды қамтамасыз ету үшін, кеме жасау мен кеме жөндеу ұйымдарының әлгіндегі кемені, ол көрсетілген ұйымдардың меншігінде болған кезеңде, ұстап қалуға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген кемені ұстап қалу құқығы, егер бұл оның тұтқындалуының салдары болмай, кеме немесе жасалып жатқан кеме, кеме жасау немесе кеме жөндеу ұйымының меншігінен шыққан сәттен бастап, тоқтатылады.

3. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлеп сату жағдайында, кеме жасау мен кеме жөндеу ұйымдарының, осы Заңның 252-бабының 4-тармағына сәйкес, әлгідей кемені сатудан түскен сома есебінен өзінің талаптарын қанағаттандыруға құқығы бар.

241-бап. Кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын белгілеу

1. Кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы, ақшалай міндеттемені қамтамасыз ету мақсатында кеме немесе жатқан кеме иесі (кепіл беруші) және несиегер (кепіл иесі) шартымен, осы Заңның 243 және 244-баптарына сәйкес, оның кейінгі тіркелуімен белгіленеді.

2. Кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының кепіл берушісі, оның иесінің келісімімен оған шаруашылық жүргізу құқығы бар тұлға болуы мүмкін.

242-бап. Кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасының заты

1. Шартпен өзгеше көзделмеген жағдайда, кеме ипотекасы кемені иелік етушіге де және оның өзіне иелік ететін кеме иесіне де, сондай-ақ кеменің суға батуы мен

закымдануына жауапты кеме төлеуге тиіс сақтандыру өтеміне қолданылады. Кеме ипотекасы кіреп үлға қолданылмайды.

2. Шартпен өзгеше көзделмеген жағдайда, жасалып жатқан кеменің ипотекасы, оны жасауға арналған әрі кеме жасау үйымы орналасқан жерде және таңбалау немесе өзге де тәсілдермен әдіспен анық сәйкестендірілген материалдар мен жабдықтарға, сондай-ақ жасалып жатқан кеменің теңіздегі сақтандыру шарты бойынша жойылуы мен закымдануына жауапты кемені төлеуге тиіс сақтандыру өтеміне қолданылады.

3. Ипотеканың нысанасы екі немесе одан да көп кемелер не жасалып жатқан кемелер болып, әр кеменің міндеттемені жеке-жеке қамтамасыз ету мөлшері туралы келісім болмаған, кезде олардың әрқайсысы жеке-жеке, барлығы бірге міндеттемені толық мөлшерде, қамтуға қызмет етеді.

243-бап. Кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу

1. Кеме ипотекасы кеме тіркелген тізілімде тіркеледі.

2. Осы Заңның 9-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзуге уақытша құқық берілген шетел кеменің ипотекасы, сондай-ақ шетелдік алушысы үшін жасалып жатқан кеменің ипотекасы Қазақстан Республикасында тіркелуі мүмкін емес.

3. Жасалып жатқан кеменің ипотекасы жасалып жатқан кемеге меншік құқығы тіркелген жасалып жатқан кемелердің тізіліміне тіркеледі.

Жасалып жатқан кемеге меншік құқығы, кильді салу немесе сарапшы қорытындысымен расталған тең бағалы құрылыш жұмыстарын жүргізу жағдайында, жасалып жатқан кемелердің тізіліміне тіркелуі мүмкін. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тіркегенге, тиісті куәлік беріледі.

4. Жасалғаннан кейін теңіз кемелері болып есептелетін жасалып жатқан кемелердің тізілімі кеме жасау үйымдарының қасында орналасқан теңіз айлақтарында тиісінше жүргізіледі.

Теңіз айлақтарында жасалып жатқан кемелердің құқығын тіркеу ережесін көліктегі уәкілетті орган бекітеді.

244-бап. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеудің тәртіби

1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы кемеге немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тіркегеннен кейін кепіл берушінің өтініші негізінде тіркеледі.

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу жөніндегі өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

1) кемені сәйкестендіретін (кеменің атауы, айлақ немесе оның тіркелген орны, тіркелім нөмірі, түрі және сыныбы, кеменің сыйымдылығы) немесе жасалып жатқан кеменің (кеме жасалып жатқан орын, жасау нөмірі, кеме түрі, кильдің ұзындығы және басқа негізгі өлшемдері, тіркелім нөмірі деректері;

2) ипотекаға кепіл берушінің аты-жөні мен мекен-жайы;

3) ипотекаға кепіл иесінің аты-жөні мен мекен-жайы немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер;

4) екі немесе одан да көп кеме не жасалып жатқан кемелерге ипотеканы белгілегенде, ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттеменің жоғары мөлшері, ол туралы тараптардың келісімі бар болғанда, міндеттемені әрбір кеме жеке қамтамасыз ететін мөлшер;

5) кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының аяқталу мерзімі.

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу жөніндегі өтінішке кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шарт, осындаш шартта аталған құжаттармен, қоса беріледі.

3. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркейтін орган, егер кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы туралы шарт не осындаш шартқа қоса берілетін құжаттар кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу талаптарына сай келмесе, оны тіркеуден бас тартуға құқылы.

4. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы тіркеу жөніндегі өтінішті алған құні тіркеле ді.

Мемлекеттік кеме тізіліміне, кеме кітабына немесе жасалып жатқан кемелердің тізіліміне, осы баптың 2-тармағына сәйкес, тіркеу жөніндегі өтініште аталған барлық мәліметтер енгізіледі.

5. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркейтін орган кепіл берушіге және кепіл иесіне, Мемлекеттік кеме тізілімінде, кеме кітабында немесе жасалып жатқан кемелер тізілімінде бар жазбаларға сәйкес, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу жөнінде белгіленген үлгідегі куәлікті беруге тиіс.

6. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу үшін ақыны және осы баптың 6-тармағына сәйкес ақпаратты беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіле ді.

7. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы тіркелетін Мемлекеттік кеме тізілімі, кеме кітабы немесе жасалып жатқан кемелер тізілімі және тіркеу органына тапсырылуға тиіс кез келген құжаттар ашық болып табылады, және кез келген мүдделі тұлғаның осындаш құжаттардан үзінділер мен көшірмелерді алуға құқығы бар.

8. Кеме ипотекасын тіркеген кезде ол туралы кеме құжаттарына қандай да болмасын жазбаларды енгізу талап етілмейді.

қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптарды артықшылық берे отырып қанағаттандыру

1. Осы Заңың 234-бабының 1-тармағына сәйкес, кемеге теңіздегі кепілмен қамтылған талаптарды қоспағанда, ешқандай талаптар, осы Заңың 234-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген талаптарды қоспағанда, кеменің тіркелген ипотекасымен қамтылған міндеттемелерден туындайтын талаптардың алдында артықшылық бере отырып қанағаттандырылуға жатпайды.

2. Осы Заңың 252-бабының 4-тармағында көзделген талаптарды қоспағанда, жасалып жатқан кеменің тіркелген ипотекасымен қамтамасыз міндеттемелерден туындайтын талаптардың алдында ешқандай талаптар артықшылық бере отырып қанағаттандырылуға жатпайды.

246-бап. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасымен қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптардың өзара қанағаттандырылу кезектілігі

1. Егер бір кемеге немесе жасалып жатқан бір кемеге екі немесе одан да көп ипотекалар тіркелген жағдайда, ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптардың өзара қанағаттандырылу кезектілігі олардың тіркелу уақытымен белгіленеді. Бұрын тіркелген ипотеканың кейін тіркелген ипотеканың алдында басымдылығы бар. Бір күнде тіркелген ипотекалардың күші бірдей.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасымен қамтамасыз етілген міндеттемелерден туындайтын талаптардың қанағаттандырылу кезектілігі кепілдік беруші мен кепіл иесінің келісімімен өзгертуі мүмкін. Осындай келісім Мемлекеттік кеме тізілімінде, кеме кітабында немесе жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркелуге жатады.

247-бап. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасынан шегіну

1. Кепіл иесі кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасынан басқа тұлғаға тек оның ақшалай қамтылған міндеттемесімен бірге шегінуге құқылы. Бірінен бірінсіз шегіну рұқсат етілмейді.

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасынан шегіну кезінде, ол тіркелген Мемлекеттік кеме тізіліміне, кеме кітабына немесе жасалып жатқан кемелер тізіліміне шегіну күні туралы жазба және оның пайдасына шегіну жасалған тұлғаның аты-жөні мен мекен-жайы енгізіледі.

248-бап. Ипотекамен қамтамасыз етілген кемені
немесе жасалып жатқан кемені сақтау

Кепіл беруші ипотекамен қамтылған кемені немесе жасалып жатқан кемені сақтау және күтіп ұстау жөнінде тиісті шараларды қолдануға міндettі. Егер осындай міндettі орындау жағдайы кеме немесе жасалып жатқан кеменің едәуір құнсыздануына әкеліп соқса, кепіл иесі кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын, міндettемені орындау мерзімі келмегендеге де, мәжбүрлеп жүзеге асыруға құқылышы.

249-бап. Кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығының
өтуі немесе тіркеуді өзгерту

1. Осы Заңның 251 және 252-баптарына сәйкес кеме немесе жасалып жатқан кеменің мәжбүрлеп сатуын қоспағанда, кемені мемлекеттік кеме Тізілімінен немесе кеме кітабынан не жасалып жатқан кемелер тізілімінен не жасалып жатқан кемеден меншік құқығын алып тастауға әкелетін барлық өзге жағдайларда, тіркеу органдының, егер кеме немесе жасалып жатқан кеменің барлық тіркелген ипотекалары алдын ала қанағаттандырылмаса не барлық кепіл иелерінен жазбаша түрде келісім алынбағанда, кемені немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тиісті тізілімдерден алып тастауға құқығы жоқ.

2. Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан не жасалып жатқан кемеге меншік құқығын жасалып жатқан кемелер тізілімінен алып тастау жағдайларында, ерікті сату жағдайын қоспағанда, міндettі болып табылса, тіркеу органды кепіл иелері өз мұдделерін қорғау жөнінде тиісті шараларды қолдану үшін, кепіл иелеріне кеменің немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тиісті тізілімдерден алдағы алып тасталынуы жөнінде хабарлама жолдауға тиіс. Олардың келісімін алмаған кезде, кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы тиісті тізілімдерден жеткілікті кезең өткеннен кейін, бірақ кепіл иелеріне хабарлама бергеннен кейін үш айдан

кем емес мерзімде алынып тасталынады.

250-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлеп сату
үшін негіздер

Кепіл иесі борышты төлеу жөніндегі міндettемені орындағанда, ипотекамен қамтамасыз етілген кеме немесе жасалып жатқан кеме, тұтқындалған кеменің немесе тұтқындалған жасалып жатқан кеменің тұрған орында сот шешімінің негізінде сатылуы мүмкін.

**251-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлеп
сатудың тәртібі**

Кемені мәжбүрлеп сату кепіл затын іске асыру туралы азаматтық заңың
ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**252-бап. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлеп
сатудың салдарлары**

1. Кемені немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлеп сату жағдайында, кеменің
немесе жасалып жатқан кеменің барлық тіркелген ипотекалары, кепіл иелерінің
келісімімен сатып алушы өзіне алғандарын қоспағанда, барлық кепілдер және басқа да
кез келген тұрдегі ауыртпалықтар кемеге немесе жасалып жатқан кемеге қатысты
эрекеттерін тоқтатады.

2. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің тұтқындалуымен және кейінгі
сатылуымен байланысты шығыстар бірінші кезекте олардың сатылуынан алынған
сомалар есебінен төленеді. Осындай шығыстар өзіне, атап айтқанда кемені тұтқындау
сәтінен кемені және кеме экипажының мүшелерін күтіп ұстауға жұмсалған
шығындарды, сондай-ақ осы Заңың 234-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында
аталған жалақыны, басқа сомаларды және шығыстарды қосады. Кеменің немесе
жасалып жатқан кемені сатудан алынған сома қалдыры осы тарауға сәйкес тиісті
талаптарды қанағаттандыруға қажетті дәрежеде таратылады. Оларды ұсынған барлық
тұлғалардың талаптарын қанағаттандырудан кейін кемені немесе жасалып жатқан
кемені сатудан алынған сома, егер ол қалса, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің
иесіне қайтарылады және еркін аударылуы мүмкін.

3. Суға батқан кемені мәжбүрлеп сату жағдайында, теңізде жүзу қауіпсіздігін
қамтамасыз ету немесе теңіз арнасын ластанудан қорғау мақсатында, оның судан
шығарылуын порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады, суға батқан кемені судан
шығаруға жұмсалатын шығыстар, кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген кез
келген талаптарды қанағаттандыруға дейін, оның сатылуынан алынған сома есебінен
төлеңеді.

4. Кеме немесе жасалып жатқан кеме мәжбүрлеп сату кезінде, оны ұстап қалу
құқығы бар, кеме жасау немесе кеме жөндеу ұйымының меншігінде болған жағдайда,
осындай ұйым кемені немесе жасалып жатқан кемені сатып алушының пайдасына
иеленуден бас тартуы тиіс; сонымен оның кемені немесе жасалып жатқан кемені
сатудан алынған сома есебінен өзінің талабын қанағаттандыруға құқығы бар. Осы

Заңның 234-бабының 1-тармағына сәйкес, кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген талаптардың болуы кезінде, кеме жөндеу ұйымының осындай құқығы аталған талаптарды қанағаттандырудан кейін туындаиды.

5. Кеменің немесе жасалып жатқан кемені мәжбүрлеп сату жағдайында, құзыретті орган сатып алушының өтініші бойынша кеме немесе жасалып жатқан кеме ешқандай ипотекалармен, кепіл иесінің келісімімен сатып алушының өзіне алғандарды қоспағанда, қамтамасыз етілмеген деген құжатты береді.

Осындай құжатты ұсынған кезде, кеме немесе жасалып жатқан кемеге ипотекасының тіркеуін жүзеге асырған органдар кеме немесе жасалып жатқан кемеге тіркелген барлық ипотекаларды, сатып алушы өзіне алғандарды қоспағанда, кемелердің тиісті тізілімінен немесе жасалып жатқан кемелердің тізілімінен алып тастауга міндетті

6. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің сатып алушысы Қазақстан Республикасының азаматы немесе занды тұлғасы болған жағдайда кемеге немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінде осындай сатып алушының атына тіркелуге тиіс. Кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінде тіркелген және осындай кеменің немесе жасалып жатқан кеменің сатып алушысы шетел азаматы не шетел занды тұлғасы болған жағдайда, кемені тіркеу органдары немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тіркеу органдары осындай сатып алушыға кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен, кеме кітабынан

алып тастау жөнінде немесе кемені немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығын шетел мемлекеттерінің тиісті тізілімінде тіркеу мақсатында, жасалып жатқан кемеге меншік құқығын жасалып жатқан кемелер тізілімінен алып тастау жөнінде қуәлік беруге міндетті.

253-бап. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тоқтату

1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы мынадай жағдайларда:

- 1) ақшалай қарызын өтегендегі;
- 2) ақшалай міндеттемені қарызды өтеуден өзге де әдістермен (мәжбүрлеп сату және басқалары) тоқтатқанда;

3) егер кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасының кепіл иесі теңіздегі сақтандыру шартына сәйкес, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің жойылуымен

байланысты тиесілі сақтандыру өтеуіне өз талабын жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің

жойылуы кезінде тоқтатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда, кеме немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тоқтату туралы дәлелдемелер ұсынылғанда, тіркеу органы кемелердің тиісті тізіліміне немесе жасалып жатқан кемелердің тізіліміне кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тоқтату туралы жазбаны енгізеді.

22-тарау. Кемені тұтқындау

254-бап. Кемені тұтқындаудың негіздері

1. Осы тараудың мақсатындағы кемені тұтқындау теңіздегі талапты қамтамасыз ету үшін кемені ұстая немесе оның жүріп-тұруына тыйым салу болып табылады.

2. Кеме, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кемені кепілмен қамтамасыз еткен, теңіздегі талап бойынша ғана тұтқындалуы мүмкін.

3. Теңіздегі талапты қамтамасыз ету мақсатында, басқа мемлекеттің

сотында қаралуға тиіс теңіздегі талап туралы тиісті шарттың талаптарына қарамастан, кеменің тұтқындалуы мүмкін.

4. Кеме теңіздегі талаптарға қатыссыз талаптар бойынша:

1) кеме иесінің банкротқа ұшырауы немесе занды тұлға - кеме иесінің жойылуы;

2) қылмыстық іс бойынша тәркілеудің қамтамасыз етілуі жағдайларында ғана тұтқындалуы мүмкін.

5. Осы тарау, осы занда көзделген теңіз порты капитанының кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруден бас тарту, кеме мен жүкті ұстап тұру құқықтарын білдірмейді.

6. Осы тарауда реттелмеген, кемені тұтқындаудан туындайтын құқық қатынастары бөлімінде зандардың жалпы нормалары қолданылады.

255-бап. Теңіздегі талап

Теңіздегі талап:

1) кемені пайдалану кезінде келтірілген залалмен;

- 2) кемені пайдаланумен тікелей байланыста құрлықта немесе суда азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянмен;
- 3) құтқару операциясын немесе құтқару туралы шартты жузеге асырумен;
- 4) егер мұндай талап Қазақстан Республикасының халықаралық шартынан, заңынан немесе шартынан туындаитын болса, залалдың алдын алу немесе азайту шараларын қолдануға жұмсалған шығыстар, соның ішінде айналадағы ортаға келтірілген залал, сондай-ақ осындай шаралардың әсерінен келтірілген немесе келтіруі мүмкін залалмен;
- 5) суға батқан кеткен кемені немесе оның жүгін көтеру судан шығару немесе жоюға жұмсалған шығыстармен;
- 6) кемені пайдалану туралы шартпен;
- 7) жүкті теңізде тасымалдау шартымен немесе жолаушыларды теңізге тасымалдау шартымен;
- 8) кемедегі жүктің және теңдеме жүктің жогалуы немесе бүлінуімен;
- 9) ортақ апатпен;
- 10) лоцмандық жүргізумен;
- 11) сұйретумен;
- 12) азық-түлік өнімдерін, материалдарды, отынды, запастарды, құрал-жабдықтарды, соның ішінде кемені пайдалануға немесе оны күтіп ұсташа қажет контейнерлермен;
- 13) кеменің құрылышымен, жөндеумен, жаңғыртумен немесе қайта жабдықтаумен;
- 14) порттағы теңіз әкімшілігіне төленетін алымдармен, сондай-ақ теңіз портында төленетін төлемдермен;
- 15) кеме капитанына және кеме экипажының басқа мүшелеріне тиесілі жалақымен және басқа сомалармен;
- 16) кемеге қатысты жұмсалатын шығындармен;
- 17) сақтандыру сыйлығымен;
- 18) теңіз агентіне, теңіз брокеріне сыйақы берумен;
- 19) кемені иелену құқығы туралы немесе меншік құқығы туралы дауға салумен;
- 20) кеме иеленушілерінің арасындағы кемені пайдалану мен пайданы бөлуді дауға салумен;
- 21) кемені сатып алу-сату шартынан туындаитын дауға салумен байланысты мәлімделген кез келген талап болып табылады.

256-бап. Тұтқындауға болмайтын кеме

1. Теніздегі талаптарға қатысты талаптар бойынша, егер:
 - 1) кемеге меншік құқығы тұтқындау сәтінде үшінші жаққа берілген болса;
 - 2) кеме өзге жалдаушы арқылы жалданған болса тұтқындалмайды.
2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер кеменің меншік құқығына немесе оны иелену құқығына байланысты талапқа қатысты қолданылмайды.

257-бап. Тұтқындалған кеменің иесін қорғау

1. Сот кемені тұтқындау немесе оған бұрын берілген тұтқындаудың ұзартылу шарты ретінде, кемені тұтқындауды талап етуші немесе кемені тұтқындаудың ұзартылуын талап етуші тұлғаға, кемені тұтқындаудың нәтижесінде келтірілуі мүмкін шығындарды сот айқындайтын көлем мен шартта қамтамасыз етілудің берілуін міндеттеу і тиіс.

Осы ереже осы Заңның 255-бабының 15) тармақшасында көзделген талап

бойынша кемені тұтқындауды немесе оның тұтқындаудың ұзартылуын талап етуші тұлғаға қатысты қолданылмайды.

2. Кемені тұтқындауға рұқсат берген немесе кемені тұтқындаудың алдын ала талаптың өзгеше қамтамасыз етілу шараларын қолданған сот, тұтқындалған кеменің иесінің талабы бойынша кеменің тұтқындалуына байланысты келтірілген шығындардың кемені тұтқындауды талап еткен немесе қамтамасыз етілуді ұсынған тұлғаның жауаптылығының ауқымын айқындауға құқылы.

23-тaraу. Теніздегі наразылық

258-бап. Теніздегі наразылық

1. Кеме жүзіп жүрген немесе тоқтап тұрған уақытта кеме иесіне мұліктік талаптарды ұсыну үшін негіз болып табылатын оқиға орын алған жағдайда, кеме капитаны дәлелдемелерін қамтамасыз ету мақсатында теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме жасауы тиіс.

2. Теңізден наразылық оқиғаның мән-жайы мен туу себептеріне байланысты, соның ішінде залал туралы ақпаратты және залалдың алдын алу немесе азайту жөніндегі қолданылған шаралар туралы толық ақпаратты білдіруі тиіс.

259-бап. Теніздегі наразылық туралы мәлімдеме

1. Теніздегі наразылық туралы мәлімдеме:

1) Қазақстан Республикасының портында - нотариатқа;

2) шетел айлағында Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінің лауазымды адамына немесе сол мемлекеттің заңымен белгіленген шетел мемлекетінің құзыретті лауазымды тұлғасына жасалады.

2 . Оқиға :

1) теңіз портында болса, оқиға өткен сәттен бастап 24 сағат ішінде;

2) кеме жүзіп жүрген уақытта болса, кеменің немесе кеме капитанының оқиға өткеннен соң алғашқы теңіз портына келіп тоқтаған сәтінен бастап 24 сағат ішінде теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме жасалады.

Оқиға жүзу уақытында болған жағдайда, оқиғадан болғаннан кейін алғашқы портқа кірумен байланысты кететін уақыт пен жұмсалатын шығындардың елеулі ысырабын болдырмау үшін, теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме кеме немесе кеме капитаны оқиға өткеннен кейінгі алғашқы порт болып табылмайтын портқа келіп тоқтаған сәтте жасалуы мүмкін.

3. Осы баптың 2) тармағында белгіленген мерзімде теңіздегі наразылықты мәлімдеу мүмкін болмаған жағдайда, бұның себептері теңіздегі наразылық туралы мәлімдемеде көрсетілуі тиіс.

4. Мұндай құқық тиісті халықаралық шартта көзделген болса, шетел кемелерінің капитандары кеме жалауын қадап жүзіп жүрген мемлекеттің консулдық мекемелеріне теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме жасауга құқығы бар.

260-бап. Жүкке келтірілген залалға қатысты теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме

Оқиғаның нәтижесінде кемедегі жүкке залал келтірілген деп үйғарылатын негіздемелер болғанда, теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме люктерді ашқанға дейін жасалуы тиіс. Теңіздегі наразылық мәлімдеме жасалғанға дейін кемедегі жүкті түсіру аса қажет жағдайдағанда басталуы мүмкін.

261-бап. Теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме жіберілген тұлғага кеме журналының берілуі

1. Кеменің немесе кеме капитанының теңіз портына келіп тоқтаған сәтінен бастап, сондай-ақ оқиғаның өзі портта орын алған болса, кемінде жеті күн мерзімде, кеме капитаны теңіздегі наразылық туралы мәлімдеме жіберілген тұлғаға танысу үшін кеме журналын және кеме журналының көшірмесін беруге міндettі. Кеме журналының көшірмесін кеменің капитаны куәландыруы тиіс.

2. Кеме журналы жойылған жағдайда, кеме журналының жойылуының мән-жайы мен себептері теңіздегі наразылық туралы мәлімдемеде баяндалуы тиіс.

262-бап. Теңіздегі наразылық туралы акт жасау

Теңіздегі наразылық туралы мәлімдемені қабылдауға уәкілетті тұлғалар кеме капитанының мәлімдемесі, кеме журналының деректері, кеме капитанын сұрастыру және қажет болған жағдайда кеме экипажының басқа мүшелерін сұрастыру негізінде теңіздегі наразылық туралы акт жасайды.

24-тарау. Актілер, талап етулер мен қуыннымдар.

Қуынным мерзімі

263-бап. Жүкті теңізде тасымалдауға қатысушылардың жауаптылығы үшін негіз болып табылатын мән-жайдың куәлігі

1. Жүк тасымалдаушының, жіберушінің, алушының және жолаушының жауаптылығы үшін негіз болып табылатын мән-жайды коммерциялық актілер немесе жалпы нысандағы актілер арқылы куәландырады. Шетел порттарында, аталған мән-жайды, сол портта қолданылатын ережелермен сәйкестікте куәландырады.

2 . К о м м е р ц и я л ы қ а к т :

1) Жүктің немесе нақты тенденме жүктің атауы, көлемі немесе

орындарының саны арасында және тасымалдау құжатында көрсетілген деректерде сәйкесіздіктер болғанда;

2) жүк немесе тенденме жүк бұлінгенде;

3) құжатсыз жүк немесе тенденме жүк, сондай-ақ жүксіз немесе тенденме жүксіз құжаттар табылғанда;

4) тасымалдаушыға ұрланған жүкті немесе тенденме жүкті қайтарғанда

куәландыру үшін жасалады.

3. Актілердің нысандары, оларды жасау тәртібі және мән-жайды куәландыру тәртібі көліктік уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелермен белгіленеді.

264-бап. Талап етулер

Осы Заңмен реттелетін құқықтық қатынастардан туындайтын қуынымды ұсынғанға дейін талап етуді ұсыну міндетті болып табылады.

265-бап. Талап етулер мен қуынымдарды ұсыну құқығын беру

1. Талап етулер мен қуынымдарды ұсыну құқығын, мұндай құқықты жіберушінің алушыға беруі немесе керінше жағдайларды, сондай-ақ жіберуші немесе алушының экспедиторға немесе сақтандырушиға беретін жағдайларын қоспағанда, басқа ұйымдарға немесе азаматтарға беруге рұқсат етілмейді.

2. Талап ету мен қуынымды ұсыну құқығының берілуін коносаменттегі немесе өзге тасымалдау құжатындағы сатылы түрдегі жазбамен куәландырады.

266-бап. Талап етуді ұсыну мен қараудың мерзімдері

1. Осы Заңмен реттелетін құқықтық қатынастардан туындайтын талап етулер қуыним мерзімі уақытының ішінде ұсынылуы мүмкін.

2. Теңізде жүк тасымалдау шартынан туындайтын талап етулерді қоспағандағы талап етулер азаматтық іс жүргізу зандары белгіленген тәртіпте ұсынылады және қаралады.

3. Талап ету ұсынылған күннен бастап, талап етуге жауап алғанға дейін немесе жауап берудің белгіленген мерзімінің өтуімен байланысты қуыним мерзімі уақытында тоқтатылады.

4. Қуыним мерзімінің уақыты талап етуге жауап алғаннан кейін немесе жауап алудың белгіленген мерзімінің өтуіне байланысты жаңартылады. Егер бұл жағдайда қуыним мерзімінің уақыты отыз күннен аз болса, онда қуыним мерзімінің уақыты отыз күнге дейін ұзынлады.

267-бап. Теңізде жүк тасымалдау шартынан туындайтын талап етулерді ұсыну мен қарау

1. Талап ету жүк тасымалдаған тасымалдаушыға, егер жүк тасымалданбаған болса, теңіздегі жүк тасымалдау шартына сәйкес оны жүзеге асыруға міндетті тасымалдаушыға ұсынылады. Аралық қатынастағы жүк тасымалынан туындейтын талап ету жүкті тасымалдаудың соңғы пунктіне жеткізген тасымалдаушыға ұсынылады

2. Жүктің жоғалуы немесе бұлінуі туралы талап етуге тасымалдау құжаттарынан басқа, талап етуге құқық беретін құжаттар, жіберілген жүктің мөлшері мен құнын куәландыратын құжаттар қоса тіркелуі тиіс. Тасымалдау құжаттарының түпнұсқасы көрсетіледі.

3. Тасымалдаушы талап етуді алғаннан кейін екі апта мерзімде, осы баптың 1-тармағында көзделген құжаттар талап етуге қоса тіркелмеген болса, оны қарамай қайтаруға құқығы бар. Тасымалдаушы көрсетілген мерзімде мәлімдеушіге тиісінше ресімделмеген құжатты қайтармаған жағдайда, ол қарауға қабылданған болып есептеледі.

4. Теңіздегі жүк тасымалдау шартынан туындейтын талап ету оны алған күннен бастап отыз күн ішінде қаралуы тиіс. Мәлімдеуші талаптың қанағаттандырылғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабардар етілуі тиіс.

268-бап. Теңіздегі жүк тасымалдау шартынан туындейтын талаптар бойынша қуыным мерзімінің уақыты

1. Теңізде жүк тасымалдау шартынан туындейтын талаптарға қуыным мерзімінің жылдық мерзімі қолданылады.

2. Аталған мерзім:

1) жүктің жоғалуынан келген залалдың орнын толтыру, жүк берілуі тиіс күннен бастап отыз күн ішінде, аралас қатынастағы жүк тасымалы кезінде тасымалдау үшін жүкті қабылдаған күннен бастап төрт ай өткенде орнын толтыру;

2) жүктің бұлінуі, жүктің жеткізілу мерзімінің өтуі, жүк тасымалдау ақысының қайтарылуы немесе өндіріліп алынуы жүк берілген күннен бастап, егер жүк берілмесе, ол берілуге тиіс күннен бастап залалдың орнын толтыру;

3) кеменің берілуі немесе оның кешіктіріп берілуінің шығындардың орнын толтыру, бос тұрып қалуына төленген ақылар, жүкті мерзімінен бұрын тиеу немесе түсіруге берілетін сыйлықтар жүк тасымалдау басталатын немесе басталуға тиіс айдың аяқталған күнінен бастап келесі айда берілу;

4) басқа барлық жағдайларда талапты ұсынуға негіз болып табылатын оқиға басталған күннен бастапқы талаптар бойынша есептеледі.

269-бап. Өзге талаптар бойынша қуыным мерзімі

1. Жетекке алу шартынан, теңіз агентін белгілеу шартынан, теңіз делдалдығы шартынан, тайм-чартерден, бербоут-чартерден және ортақ апаттан туындастын талаптар бойынша:

1) Жетекке алу шартынан, теңіз агентін белгілеу шартынан, теңіз делдалдығы шартынан, тайм-чартерден және бербоут-чартерден туындастын талаптар бойынша қуынымға құқық пайда болған күннен бастап;

2) ортақ апаттан туындастын талаптар бойынша диспаша жасалған күннен бастап қуыным мерзімінің уақыты есептеледі.

2. Осы Заның 199-бабында көзделген кері талаптарға тиісті соманы төлеген күннен бастап есептелеетін қуыным мерзімі уақытының жылдық мерзімі қолданылады.

270-бап. Кемелерден аққан мұнайдан келген залал мен қауіпті жүктөрді теңізде тасымалдауға байланысты келген залалды өтеу туралы қуынымдар жәбірленуші мұндай залалдың келтірілгені туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап үш жыл ішінде өтеледі. Алайда кемелерден аққан мұнайдан келген залалды өтеу туралы қуынымдарды кемелерден мұнай ағуды тұғызуши оқыс оқиға болған күннен бастап алты жыл өткеннен кейін; қауіпті жүктөрді теңізде

тасымалдауға байланысты келтірілген залалды өтеу туралы қуынымдар мұндай залалды тұғызуши оқыс оқиға болған күннен бастап он жыл өткеннен кейін ұсынуға болмайды.

271-бап. Жалпы мерзімнің қолданылуы

Осы Занда қуыным мерзімінің уақыты көзделмеген талаптарға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген қуыным мерзімінің жалпы мерзімі қолданылады.

272-бап. Ортақ апат болғанда қуыным мерзімі уақытының тоқтатылуы

Егер талапта есептелген сома ортақ апат жөніндегі есептеулермен байланысты болған жағдайда, қуыным мерзімі уақытының өтуі диспашердің ортақ апattyң болғандығы туралы қаулыны шығарған күнінен бастап және мүдделі жақтың диспашаны алған күніне дейінгі уақытқа тоқтатылады.

25-тарау. Қолданылатын құқық

273-бап. Қолданылуға тиіс құқықтың айқындалуы

1. Шетел азаматтары немесе шетел занды тұлғалары не күрделенген шетел элементі қатысқан теңізде сауда жасау мақсатында жүзуден туындайтын қатынастардың құқығы, соның ішінде егер азаматтық құқықтар объектісі Қазақстан Республикасынан тыс жүрген болса, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, осы Занға, Қазақстан Республикасы таныған басқа зандарға және теңізде сауда жасау мақсатында жүзу дәстүрлеріне сәйкес қолданылуы тиіс.

2. Осы Занда көзделген шарттың тараптары шарт бойынша қолданылуға тиіс құқықты шарт жасасуда немесе одан кейін таңдай алады. Қолданылуға тиіс құқық туралы тараптардың келісімі болмағанда, осы Заңның нормалары қолданылады; мұндай келісімнің болуы осы Занда белгіленген, жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян, жүк пен тенденце жүктің жогалуы немесе бүлінуі не олардың жеткізілуінің мерзімінің өтуіне жүк тасымалдаушының жауаптылығының алынып тасталуын немесе азайтылуын білдірмейді.

274-бап. Кемеге меншік құқығы мен басқа да заттық құқықтар

1. Кемеге меншік құқығы мен басқа да заттық құқықтар, сондай-ақ мұндай құқықтардың пайда болуы, ауысуы мен тоқтатылуы кемеге жалауында белгіленген мемлекеті заңымен айқындалады.

2. Басқа мемлекеттің жалауын қадап жүзуге уақытша құқық берілген кеменің заттық құқықтарына, кеме жалауын өзгерткенге дейін тікелей тіркелиген мемлекеттің заңы қолданылады.

3. Егер кеме құрылышы туралы шартта өзгеше көзделмесе жасалып жатқан кемеге құқық кемені жасауға қабылдаған немесе кемені жасап жатқан мемлекеттің заңымен айқындалады.

275-бап. Кеме экипажы мүшелерінің құқықтық жағдайы

1. Кеме экипажы мүшелерінің құқықтық жағдайы мен кемені пайдалануға байланысты кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастар кеме жалауында белгіленген мемлекет заңымен айқындалады.

2. Егер шетел азаматтары болып табылатын кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастарды реттейтін шартта өзгеше көзделмеген болса,

кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастар кеме жалауында белгіленген мемлекет заңымен реттеледі.

Кеме иесі мен кеме экипажы мүшелерінің арасындағы қатынастарға қатысты қолданылуға тиіс құқықты еңбек шарты тараптарының таңдауы құқықтың тиісті қолданылуы туралы тараптардың келісімі болмағанда, осы қатынастарды реттейтін сол мемлекеттің құқықтық нормаларымен салыстырғанда, кеме экипажы мүшелерінің еңбек ету жағдайларының төмендеуіне әкелмеуі тиіс.

276-бап. Суға батқан мұлікке құқық

1. Ішкі теңіз суларында немесе аумақтық теңізде суға батқан мұлікке құқық, сондай-ақ суға батқан мұлікке байланысты туындаған қатынастар мұлік суға батқан мемлекеттің заңымен айқындалады.

2. Ашық теңізде суға батқан кемелерге, олардың жүктепері мен өзге мұліктеріне кеме жалауында белгіленген мемлекет заңы қолданылады.

277-бап. Теңізде сауда жасау мақсатында жүзу саласында жасасқан шарттардан туындайтын қатынастар

1. Теңізде жүк тасымалдау шартынан, жетекке алу шартынан, теңізде агент белгілеу шартынан, теңіз делдалдығы шартынан, теңізде сақтандыру шартынан, тайм-чартерден, бербоут-чартерден туындайтын қатынастар тараптардың келісімінде көзделген мемлекеттің заңымен реттеледі, жолаушыны теңізде тасымалдау шартынан туындайтын қатынастар жолаушының билетінде көрсетілген мемлекеттің заңымен р е т т е л е д і .

2. Тараптардың қолданылуға тиіс құқық туралы келісімі болмағанда, тараптардың шарттардан туындайтын қатынастары:

- 1) теңізде тасымалдаудың шартында - тасымалдаушы;
- 2) теңізде агент белгілеу шартында, тайм-чартерде және бербоут-чартерде - кеме и е с і ;
- 3) жетекке алу - жетекке алған кеме иесі;
- 4) теңіздегі делдалдық шартында - сенім білдіруші;
- 5) теңізде сақтандыру шартында сақтандыруши болып табылатын тарап құрылған немесе негізгі қызмет орны не мекен-жайы орналасқан мемлекеттің заңымен реттеледі.

278 - бап . Ортақ апат

1. Ортақ апеннин түрінде қатынастар тараптардың қолданылуға тиіс құқық туралы келісімі болмағанда, ортақ апат оқиғасынан соң кеме рейсі аяқталған порттың

мемлекетінің заңымен реттеледі.

Ортақ апатқа байланысты мұдделері қозғалатын барлық адамдар бір мемлекеттікі болған жағдайларда, сол мемлекеттің заңы қолданылады.

2. Ортақ апatty бөлудің тәртібі, егер ол Қазақстан Республикасында бөлінетін болса, осы Заңың 16-тарауына сәйкес реттеледі.

279-бап. Кемелердің соқтығысунан туындаған қатынастар

1. Кемелердің ішкі теңіз суларында және аумақтық теңізде соқтығысунан туындаған қатынастар соқтығысу өткен аумақтағы мемлекеттің заңымен реттеледі.

2. Егер кемелердің соқтығысуы ашық теңізде болған және дауға салулар Қазақстан Республикасында қаралған жағдайда, осы Заңың 17-тарауының нормалары қолданылады.

3. Бір мемлекеттің жалауын қадап жүзіп журген кемелердің соқтығысунан туындайтын қатынастарға, кемелердің соқтығысу орындарына қарамастан, сол мемлекеттің заңы қолданылады.

280-бап. Кемелерден мұнай ағудан келген залалдан туындайтын қатынастар

Кемелерден мұнай ағудан келген залал:

1) Қазақстан Республикасының аумағында кемелерден мұнай ағудан келген залалға;

2) олар қай жерде қолданылса да, мұндай залалды болдырмаудың немесе азайтудың сақтандыратын шараларына қатысты осы Заңың 18-тарауының нормалары қолданылады.

281-бап. Қауіпті жүктерді теңізде тасымалдауға байланысты келген залалдан туындайтын қатынастар

Қауіпті жүктерді теңізде тасымалдауға байланысты келтірілген:

1) Қазақстан Республикасының аумағында, соның ішінде аумақтық теңізде келтірілген кез келген залалға;

2) Егер мұндай залал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзетін кеменің бортында тасымалданатын қауіпті және зиянды заттардан келген залалдан өзге, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде айналадағы ортаның, соның ішінде аумақтық теңіздің ластануынан

келген залалға;

3) олар қай жерде қолданылса да, залалды болдырмаудың немесе азайтудың сактандыратын шараларына осы Заңның 18-тарауының нормалары қолданылады.

282-бап. Кеме мен өзге мұлікті құтқарудан туындастын қатынастар

1. Кеме мен өзге мұлікті ішкі суларда және аумактық тенізді құтқарудан туындастын қатынастарға қолданылуға тиіс құқық туралы тараптардың келісімі болмағанда, құтқаруды ұйымдастырған мемлекеттік заңы қолданылады, егер құтқару ашиқ тенізде жүзеге асырылса және дауға салу Қазақстан Республикасында қаралса, осы Заңның 19-тарауының нормалары қолданылады.

2. Егер құтқарушы және құтқарылған кемелер бір мемлекеттің жалауын қадап жүзетін жағдайда, құтқару орнына қарамастан, кеме жалауында белгіленген мемлекет

заңы **қ о л д а н ы л а д ы .**

3. Кемені құтқарушы кеменің иесінің, оның капитанының және кеме

экипажының басқа мүшелерінің арасында сыйақыны бөлуде кеме жалауында белгіленген мемлекет заңы қолданылады, егер құтқару кемеде жүзеге асырылмаған болса, құтқарушы мен оның қызметкерлері арасындағы қатынастарды реттейтін шартқа әсерін тигізетін заң қолданылады.

283-бап. Кемеге теніздегі кепіл

Кемеге теніздегі кепілдің пайда болуы мен кемеге теніздегі кепіл қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандырудың кезектілігіне дауға салып қарайтын сот мемлекетінің заңы қолданылады.

284-бап. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын белгілеу мен кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасының тіркелуін қамтамасыз еткен міндеттемелерден туындастын талаптарда қанағаттандырудың кезектілігі ипотеканы тіркеген мемлекеттің заымен реттеледі.

285-бап. Кеме иесінің жауаптылығының шегі

Кеме иесінің жауаптылығының шегі кеме жалауында белгіленген мемлекет заңымен айқындалады.

26-тарау. Қорытынды ережелер

286-бап. Осы Заңың қолданысқа енгізілуінің тәртібі

Осы Заң жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК